

Алтынарай Темірханқызы ТЕБЕГЕНОВА

ЖАМБЫЛТАНУ

«Жамбылтану» пәні бойынша оқу құралы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Алтынарай Темірханқызы Тебегенова

ЖАМБЫЛТАНУ

«Жамбылтану» пәні бойынша оқу құралы

Қарағанды 2016

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

ББК 83.3 (5 қаз) я 73

Т 32

*Сүлейман Демирел университеті филология және педагогика факультеті
ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған
Хаттама №7, 16.03.2016 ж.*

Пікір жазғандар:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев;

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Г.Ж. Орда;

Қазақтың Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Р. Зайкенова

Т 32 А.Т. Тебегенова / Жамбылтану: Оқу құралы. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. – 2016. – 226 бет.

ISBN 978-601-7879-26-6

Оқу құралында казак әдебиеті тарихындағы (XIX ғ. екінші және XX ғ. бірінші жартысындағы) поэзия алыбы Жамбыл Жабаевтың лирикалық-дидактикалық өлендері, айтыстары және дастандары ұлттық сипат және дәстүр жалғастығы, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан талданған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға, оқытушыларға арналған. Сонымен бірге, дәстүрлі акын-жыраулар поэзиясы мұраларын және оның бүгінгі әдеби үдеріске жалғастығын қарастырып жүрген ізденушілерге де пайдасын тигізе алады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

ББК 83.3 (5 қаз) я 73

ISBN 978-601-7879-26-6

© А.Т. Тебегенова, 2016

© «Medet Group» ЖШС, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ СӨЗ ӨНЕРІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	6
1.1. Жамбыл шығармашылығының казак әдебиеті тарихы кезеңдерімен сабақтастығы.....	6
1.2. Туысқан түркі халықтары поэзиясымен үндестік.....	21
II ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ-ОТАНШЫЛДЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ АУЫЗША ЖЫРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	72
2.1. Сыншылдық тұрғы және әлеуметтік-эстетикалық мұрат.....	72
2.2. Суырып салмалық (импровизация) өнерінің психологиялық-поэтикалық табиғаты.....	99
III ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРАЛЫҚ.....	109
3.1. Ұлттық – этнографиялық болмыс және көркемдік.....	109
3.2. Жыршылық өнер және ақындық шеберлік.....	164
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	199
ҚОСЫМШАЛАР.....	209
Қосымша 1. Емтиханға дайындық сұрақтары.....	209
Қосымша 2. Бакылау тапсырмалары.....	211
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	215

Kіріспе

Жамбылтану қазіргі Тәуелсіз Қазақстан республикасы жоғары оқу орындары филология факультеттеріндегі 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В020500 – «Филология», 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында білім алып жатқан студенттер үшін маңызды оқу пәндерінің бірі болып есептеледі. Оны бағдарламаға кіргізу қазіргі заманғы филологиялық ғылымның даму ықпалына сәйкес болып отыр. Біріншіден, Тәуелсіздік талаптарына сәйкес ұлттық сөз өнерін азаматтық-отаншылдық көзқараспен жаңаша оқыту талабы, екіншіден, әдебиет тарихындағы көрнекті тұлғалар шығармашылық дәстүрінің қазіргі заманға жалғастығын таныту міндеттері пәннің енгізілуіне негіз болды.

Жамбылтануды оқып-үйрену, оның қалыптасу тарихын, Жамбылдың жеке шығармашылық мұрасын ғылыми-теориялық талаптар аясында меңгеру, оның дәстүріндегі ауызша-жазбаша дәстүрлі тұлғалар ерекшелігін байыптау, тәуелсіздік дәуіріндегі дәстүрлі және жаңаша ақындық өнердің жалғасуы мәселелерін оқу-әдістемелік тұрғыда таныту оқыту үдерісінің талабы болып отыр.

«Жамбылтану» – әдеби шығармашылықтың жаңаша бағалануын анықтауға негізделген пән. Ол филологиялық ғылым дамуының өзекті мәселелері мен болашақ бағыттарына, жеке шығармашылық тұлға мен әдеби үдеріс сабақтастығын айқындауға арналған.

Пәннің негізгі мақсаты – Жамбыл Жабаевтың қазақ поэзиясындағы ақындық шығармашылық тұлғасына тән қасиеттерді жан-жақты жинақтау, талдаулар жасау, филологиялық пәндер жүйесіндегі манызын, орнын таныту.

Пәнді оқытудың міндеттері:

1. Жамбыл Жабаевтың түркі өркениеті мәдени мұралары мен қазақ әдебиетіндегі жыраулық-ақындық өнермен сабақтастығын саралау.

2. Суырыпсалмалық (импровизация), жыршылық орындаушылық өнерінің поэтикалық-психологиялық табиғатын, этностық-

этнографиялық тіршілік мазмұнындағы тұрмыстық-салттық, әдет-ғұрыптық дәстүрлердің жырлануын жанаша түсіндіру.

3. Ақынның зар заман поэзиясы ағымымен үндес азаматтық әуендерін, сатиралық өлеңдерінің әлеуметтік-эстетикалық мәнін, маңызын анықтау

4. Жамбыл шығармашылығын түркі халықтары ақындары поэзиясымен үндестік, айырмашылық тұрғысында салыстырулар.

5. Жамбылтану ғылымының қалыптасуы, дамуы тарихын қазіргі заманғы Тәуелсіз Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясындағы жаңа мақсат-міндеттерімен сабақтастыру.



ҰЛТТЫҚ СӨЗ ӨНЕРІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1.1. Жамбыл шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихы кезеңдерімен сабақтастығы

1. *Жамбыл шығармашылығының кезеңдері.*
2. *Жамбылдың жыраулық-ақындық поэзиясы дәстүріндегі толғау-термелері.*

1. Жамбыл шығармашылығының кезеңдері

Жамбыл шығармасына жана көзқарас мәселесінде арнайы айтуды керек ететін мәселе – ұлттық әдебиет тарихындағы тұлғалар мен оның шығармашылығының сабақтастығын саралау. Бұл орайда Жамбылдың шығармашылығын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруымыз керек: біріншісі – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті тарихының мазмұнында қарастыру (1855-1899 жж.); екіншісі – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихы құрамында бағалау (1900-1929 жж.); үшіншісі – 30-40-жылдардағы қазақ әдебиеті дамуымен бірге қарастыру. Бұл қазақ әдебиетінің тарихына арналған еңбектерде [1-94] үнемі басты назарда келе жатқан өзекті мәселе.

Ұлттық әдебиет тарихы Жамбыл сынды көрнекті тұлғалардан құралады. Жамбыл шығармашылығын жаңаша пайымдау аясында қарастырғанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ сөз өнерінің негізгі желісімен сабақтастыра бағалаймыз.

Жамбыл қазақтың ақындық-жыраулық поэзиясының алғашқы бастауларындағы тұлғалардың дәстүрін жалғастырушы шығармашылық тұлға ретінде де таныла алады. Жамбылдың халықтың тағдырына байланысты қоғамдық-әлеуметтік негізгі

оқиғалардың ортасында болғаны, жұртшылықтың айрықша құрметтеп өмір бойы әуелі ауызға алынғаны, үнемі төрде отырғаны, бұқараның назарында жүргені, ел басқарушылардың бәрінің де бас иіп құрметтегенін (шынымен де немесе қорыққандықтан да) иеленгендігі – бәрі де Қазақ тарихындағы көрнекті ақын-жыраулар дәстүрінің жалғасты көрінісі. Қазақтың ақын-жырауларының барлығы дерлік осындай қоғамдық-мемлекеттік қайраткер деңгейінде өмір сүрген. Академик С.А.Қасқабасов Қазақстан тарихының жаңаша жазылған кітабындағы «Қазақстанның XIII–XV ғасырлардағы рухани мәдениеті» деген төртінші тарауда «Бізге дейін жеткен авторы мәлім поэзияның ең ертедегі үлгісінің мерзімі XIII-XV ғасырлар деп белгіленеді. Бұлар – деректемелерде Ұлы жыршы деп аталатын Кетбұға (XIII ғ.), Қотан (XIV ғ.) ақындар мен Сыпыра жырау (XIV-XV ғғ.) [95, 236-б.] екенін айта келіп, Жамбыл тектес ақын-жырауларға дәстүр боп әуелде қалыптасқан шығармашылық табиғатына ғылыми анықтама береді: «Бұл шығарушылардың ең ежелгісі – отбасындағы өлеңші мен рудағы жыршы-сарбаздардың отбасылық-тұрмыстық тақырыпта да, қоғамдық маңызы бар тақырыпта да суырып салып айтатын жалпы жұрт таныған шеберлікке дейінгі жолдан өткен ақындар. Олар ақын атағын бірнеше поэтикалық сөз жарыстарына – айтыстарға қатысып, атақты ақындардың бірін жеңгеннен кейін ғана алған. Сонымен бірге ақындар соғыс жорықтарына да, қоғамдық істерге де қатысып отырған, сондай-ақ жол-жора мен дәстүрлердің білгірлері ретінде олардың өздері де басшылық етіп, адам өмірінің кезеңдеріне байланысты әр түрлі жол-жоралар жасаған, маңызды оқиғалар мен кезеңдер туралы, атақты адамдар және т.б. туралы жырлар шығарған. Мұндай суырып салма жырлар арасында мақтаған арнаулар да, әскери ұрандар да, жерлеу жоктаулары да, жеке толғаулар мен тағы басқалар да болған» [95, 236-б.]

Жамбылдың ақындық шығармашылығының түп негізі осы айтылған ғылыми анықтамалық аясындағы дәстүрдің жалғасқан үлгісі болып саналады. Аталған ақын-жыраулардың ізімен XV- XVIII ғғ. Қазақ хандығы дәуірінің ұлы қайраткерлері болған ақын-жыраулар Асан Қайғының (Асан Сәбитұлының), Қазтуған Сүйіншіұлының,

Доспамбеттің, Шалкиіз Тіленшіұлының, Жиёмбет Бортоғашұлының, Марғасканың, Ақтамберді Сарыұлының, Тәтіқараның, Үмбетей Тілеуұлының, Бұқар Қалқаманұлының, Көтештің, Шал (Тілеуке) Құлекеұлының шығармашылық дәстүрі де Жамбылдың ақындығына көркемдік негіз болды. Шығармашылық шабытының арқауында туған халқының бұрынғысы мен қазіргісін, болашағын желі ете жырлаған жыраулардың толғауларындағы азаматтық философиялық-гуманистік сарындарды Жамбыл жалғастырды.

Жамбыл шығармашылығының бірінші кезеңі (1855-1899 жж.) XIX ғасырдағы қазақтың дәстүрлі ақындық поэзиясындағы ортақ ерекшеліктер арнасында танылады. Дулат Бабатайұлы (1802-1874), Махамбет Өтемісұлы (1803-1846), Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Сүйінбай Аронұлы (1822-1895), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898), Базар Ондасұлы (1839-1911), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906), Әбубәкір (Керлері) Боранқұлұлы (1869-1905), Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895), Орынбай Бертағыұлы (1813-1895), Мәделі Жұсіпқожаұлы (1816-1888), Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908) және т.б. ақындық поэзия өкілдерінен құралатын ұлттық әдебиет тарихының осы кезеңіне Жамбыл Жабаев та кіреді. Жамбыл шығармашылығының XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби даму кезеңінде қарастырылуының мынадай дәйекті себептері бар: біріншісі – шығармашылық өмірбаянының қырық төрт жылының осы кезеңмен тұтастығы; екіншісі – шығармаларының XIX ғасырдағы дәстүрлі ақындық поэзиядағы тақырыптық-идеялық, жанрлық, стильдік-көркемдік ерекшеліктермен тектестігі; үшіншісі ақынның XIX ғасырдағы дәстүрлі ақындық поэзияның көрнекті өкілдерінің біразымен шығармашылық қарым-қатынаста болғандығы. Мысалы, Жамбылдың Сүйінбаймен, Құлмамбетпен, Сарыбаспен, Майкөтпен, Бактыбаймен, Базармен, Белтірікпен, Майлықожамен, Құлыншақпен шынайы шығармашылық қарым-қатынаста болғаны мәлім. Әрине, аталған көрнекті тұлғалармен Жамбылдың шығармашылық байланыста болғандығын ақынның жекелеген лирикалық толғау, арнау өлеңдерінен, айтыстарынан көреміз. Жамбылдың

шығармашылығын XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби дамумен біртұтас қарастыруға негіз болатын басты себептердің бірі – ақынның ұлы Абай, Махамбет және жоғарыдағы есімдері аталған ақындардың дарынына, шығармашылық талантына бас ие, үлкен құрметпен жырлағандығы. Мысалы, хакім Абайдың ақындығын естіген, оның шығармашылық, азаматтық орнын бағалаған Жамбылдың «Жалғызбын деп жүрмесін» (Абайдың ұлы Әбдірахман өлгенде айтқан жұбатыуы) атты өлеңі ұлттық әдебиет алыптарының бір-біріне деген биік бағалауын танытады. Әбдірахманның өлімінің ауыр қаза екендігін, оған сезімтал Абай ақынның қабырғасы қайыса қайғыратынын сезінген Жамбылдың бұл жұбату өлеңіндегі бейнелеулердің көркемдік-эстетикалық маңыздылығы айқын байқалады. Ұлы Абайдың тұлғасын «Кеңесі кеткен талайға», «Жапанға біткен бәйтерек», «Кемелге келген асыл-ай!» сынды ауыстыру тіркестерімен бейнелейді:

Ауырды жеңген кара жер,
Сабырлы болсын қалайда.
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін...
Тасқынды Тәңірі басуы-ай!
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай! [96, 39-б.].

Жамбылдың XIX ғасырдағы өзі тікелей араласқан, көпшілігін ұстаз тұтқан ақындық мектеп өкілдеріне деген лебіздері – дәстүрлі поэзиядағы эстетикалық танымның, сыншыл ойдың бағалануы.

Мысалы:

1. Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы.
Жыр тұлпары Сүйінбай...
...Қиядан шауып, қырды алған,
Қиынға шауып, жол салған.
Бөрі басқан бүркіттей,

Қансыратып жауды алған.
Батырдың жыры сүйікті.
Қатықтай ұйып тындалған.
Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай!
Айтқанда маған ақылды
«Жырла – деген – батырды» [96,196-б.].

Ал Бактыбай акынға да шәкірттік ықыласын ашық бетпе-бет кездесуде білдіреді:

...Абақ-Тарак арасын,
Аралаған серімің.
Алыс-жақын бәрін де.
Саралаған ерімсің.
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілісін,
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірісін... [96, 135-б.]

Ақын-жыраулар – қазақ тарихының барлық кезеңдерінде де әділеттің ақ туын көтерген тұлғалар. Олар – ел басқарған хандардан және басқа да билеушілерден тайсалмай әшкерелеген от ауызды, орақ тілді қайраткерлер. Асан Қайғының, Шалкиіздің, Қазтуғанның, Доспамбеттің, Марғасканың, Жиёмбеттің, Үмбетейдің, Ақтамбердінің, Бұқардың, Көтештің, Шалдың, Жанақтың, Махамбеттің, Жамбылдың осындай өлеңдері дәстүрлі – ақындық-жыраулық поэзиядағы классикалық шығармалар. Махамбеттің «Жәңгірге айтқаны», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», Жамбылдың «Мәмбетке», «Сәт сайланарда», «Шалтабайға», «Қалиға», «Көкімге» және т.б. өлеңдерінде байлық пен билікті озбырлық құралы еткен әділетсіз жуандар сыналады. Жамбылдың замандарға арналған толғауларында шапқыншы Шынғыс хан, отаршыл Николай, басқыншы фашист Гитлер айыпалады. Жамбыл халқының бостандығы, тәуелсіздігі жолында күрескен Кенесары

ханның, Сыздық сұлтанның және т.б. қазақ пен қырғыздың көрнекті қайраткер тұлғаларын жылы сезіммен жырлайды.

Хандарға, ел билеушілеріне теңдес деңгеймен, кейде асқақ, сыншыл көзқараспен қарап, халықты басқару мәселелеріне байланысты еркін ой айту – қазақтың ақын-жыраулары поэзиясында желісі үзілмеген дәстүр. Бұның біз Махамбет, Сүйінбай, Жамбыл және т.б. ақын-жыраулар арқылы ХІХ-ХХ ғғ. поэзиясында жалғасқанын көреміз. Мысалы, Жамбылдың «Туған елім» атты толғауындағы:

Қазақ-қазақ болғалы
Көрдiк қой талай хандарды,
Өткіздік қой біз бастан,
Азапты ауыр хандарды [97, 334-б.] –

деуі – тарихтың шындығы. Ақынның бұл толғауындағы Ресей патшасына, оған итаршы болған қазақ билеушілеріне, елімізге мәңгі тыныштық бермеген Қоқан, Хиуа хандарына байланысты тарихи шындықтың жырлануы ақын жырының халықтығын дәлелдейді.

Ақын – халық тағдырының сақшысы. Отаршыл мемлекеттердің билеушілері мен солардың өз жеріміздегі итаршыларының (болыс, старшын, ауылнай) мінез-құлық, әрекеттері ақындардың сыншыл жырлары арқылы ел тарихына өшпестей болып жазылды.

Ақын-жыраулар даналықпен, батырлықпен халықтың құрметіне бөленген ел басқарушыларын мақтанышпен жырлайды. Бұқардың, Үмбетейдің Абылай ханға, Нысанбайдың, Досқожаның Кенесары ханға арналған өлең-толғаулары – осы дәстүрдің көрінісі. Жамбылдың «Сыздық сұлтанға», «Шәбденге» деген өлеңдерін де осы тұрғыда бағалаймыз. Сыздық сұлтанға арналған өлеңде Кенесары ханға, оның күресін жалғастырған Сыздық сұлтанға деген халық көңілінің құрметі реалистік, романтикалық әуендер тұтасқан сарынмен жырланады:

Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан...
Сыздық атын жайылды,

Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқынды естіп жүруші ем,
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзінді көрген соң,
Енді мауқым басылған... [96, 54-б.].

Қорыта келгенде, ақын-жыраулар халық тағдырына қатысы бар тарихи тұлғаларды жырлау арқылы әдебиеттің демократиялық мазмұнын қалыптастырды.

2. Жамбылдың жыраулық-ақындық поэзиясы дәстүріндегі толғау-термелері.

Қазақтың ақындық-жыраулық поэзиясының поэтикалық үндестігі – әдеби дамудағы дәстүр жалғастығының көрінісі. Ақындар қоршаған қоғамдық-әлеуметтік тұрмыс қозғалыстарына белсене араласады. Қоғамдағы карама-қайшылықты құбылыстардың барлығын да өзіндік дүниетаным сарабымен қабылдайды. Адамзат қауымының ғарыштық тіршілік қозғалыстары аясындағы қарым-қатынастарының ғарыштық кеңістік жүйесі аясындағы қарым-қатынастарының сан салалы мазмұны ақындардың айрықша жаратылған көңіл-күй әлемін, жүрегін ешқашан бей-жай қалдырмайды. Адамдардың өзара қарым-қатынастар жасауы – саналы тіршілік иелеріне тән басты өлшем. Күнделікті тұрмыстық қарым-қатынастардың ағымында адамдардың барлығы да өздерінің ұстаған бағытын, дүниетаным көзқарастарын, іс-әрекеттерін дұрыс санайды. Әсіресе, халықтың тұрмысында көрнекті орын алатын тарихи тұлғалардың мінез-құлықтарына тән іс-әрекеттері ақындардың шығармашылығында көрініс табады. Уақыт пен кеңістік – ақындар шығармашылығындағы мазмұн пен пішінге желі болатын негізгі арқау. Қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындар Махамбет пен Жамбыл

өлеңдерінің поэтикалық үндестігіне арқау болған ең басты мәселе – өздерін қоршаған әлеуметтік ортанын осындай қасиеті.

Жамбылдың көптеген өлеңдері – қазақтың жыраулық- ақындық поэзиясы дәстүріндегі толғау-термелер сипатында болып келеді. Толғау-термелерде адамдардың рухани әлеміндегі сан алуан қасиеттер қатарластырыла, жарыстырыла егіздей жырланады. Жалпы сарыны адамдардың мінез-құлық сипатына тән қасиеттерді саралап бағалау болғандықтан бұндай өлеңдермен ақындардың ойшылдығы, сыршылдығы, толғаныс, тебіреніс тереңдіктері танылады. Мысалы, Жамбылдың «Айрықша туған азамат», «Өсиет», «Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға», «Түн қараңғы дүниенің», «Жаратылыс сыры» атты толғау-термелерінен осындай тағылымды көреміз.

«Артықша туған азамат» өлеңіндегі ақын жырлаған бейне – нағыз ел перзенті. Ақынның бағалауынша, жігерлі, бір сөзді, майданда қажырлы, кең мінезді, сабырлы, бірлікшіл, білімді, халыққа сүйеу болуы – нағыз жігіттіктің сипаты:

Жігіттіктің кезінде
Жігерлі болса ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда,
Халыққа сөзі ем болар,
Ел үшін туған ерлердің.
Алды-арты дария – кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын,
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасың,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар [96, 43-б.].

Жамбылдың осы өлеңіне арқау болған тарихи тұлғалар – Қараш, Саурық, Шапырашты, Өтеген батырлар. Ал Махамбеттің осы тектес өлеңдеріндегі көркемдік жинақтаумен тұлғаланғандар – Исатай және

онын төңірегіндегі батырлар. Махамбеттің «Мінкен ер» өлеңіндегі поэтикалық жинақтау, бейнелілік қуаты көркем жолдарынан Жамбыл жырындағы әдеби тұлғалаумен үндестігі анық көрінеді:

...Көлденең жатқан Жайықтан,
Құралайдың күнінде
Еркек қойдай бөлініп,
Қырқарланып өткен ер.
Күншығыстың астында,
Күнбатыстың тұсында.
«Қарындасым бар-ды», - деп.
«Қабырғасын сөксе де,
Қанын судай төксе де,
«Қайыспас қара нар-ды» - деп,
Маңдайынан күн өтіп,
Жауырынынан жел өтіп,
Күн астымен жеткен ер [98, 48-б.].

Ақындар – жаратылыстың тылсым құбылыстары арқылы алуан түрлі сырлы түйіндер жасайтын ойшылдар. Адам мен оны қоршаған мың сан қозғалыстағы тіршілік тынысына тән ерекшеліктерді саралай отырып, өмірдегі артықшылықтар мен кемшіліктер сырларын таразылайды. Бұл – ақындық ойлаудағы дүниетаным кеңістігінің көрінісі. Осы орайда біз Асан Қайғының «Бұл заманда не ғаріп?», Жамбылдың «Жаратылыс сыры» толғау өлеңдеріндегі үндестік сырын аңғарамыз. Асан Қайғының да, Жамбылдың да толғауларында «Ғаріп кім?» деген философиялық мәні салмақты сұраққа үндес, сарындас жауаптарды естиміз. Асан Қайғының толғауында «Ақ қалалы боз ғаріп» боп басталған, лайықты адамына айтылмаған «асыл шырын сөз», өз тұтастары бақиға кетіп қалған қариялар, жеңгесі қадірін білмеген «Бойға жеткен қыз», жағалай-жапатармағай ел қонып жайламаған «бетегелі бел» сынды ғаріптік түрлерін тізбелей жырлайды:

...Қаз-үйрегі болмаса,

Айдын-шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да
Қайратты туған ер ғаріп [99, 25-б.]

Ал, Жамбылдың толғауында «айдынды көлі» жоқ асқар таудың, «белгілі елі» жоқ ер жігіттің, белгілі жерге қонбаған, мәуесі өспеген ағаштың, ерден бағы жанбаған әйелдің, құрғақшылық торлаған жаздың, темірдің суын таппаған ұстанын, байды өтірік мактаған акынның, әділеттен аттаған заманның, айтқаны іске аспаған халықтың ғаріптігін жүйелей келе, осы ойларын онан сайын өткірлей, тереңдете түседі:

...Жігіт ғаріп емес пе,
Енбегі алға баспаса.
Арғымақ ғаріп емес пе,
Арамтер болып ақсаса.
Малшы ғаріп емес пе,
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе,
Өтірік айтып ақтаса.
Көл де ғаріп емес пе,
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе,
Ағашты дұрыс жонбаса?! [96,55-б.]

Акын-жыраулар поэзиясындағы осындай сарындастыққа негізделген мазмұн мен пішінге сәйкес өлеңдер Махамбет шығармаларында да кездеседі.

Асан Қайғы, Жамбыл толғауларындағы адамның сыртқы ортасы, ішкі жан дүниесі әлеміне қатысты олқылық мәселесіне үндес ойлар Махамбет өлеңдерінде кездеседі. Мысалы, акынның

«Жалғыздық» атты өлеңіндегі адам мен оны қоршаған тіршілік қозғалыстарына тән өзгермелі өмір тынысы реалистік-романтикалық бояулармен өріледі:

Бұ дүниенің жүзінде,
Айдан ару нәрсе жоқ.
Ол түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ
Ол күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ,
Тілде бар да, дінде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ,
Бірде бар да, бірде жоқ.
Азамат ерлер кімде жоқ,
Еріккен күні қолда жоқ.
Заманым менің тар болды,
Тура билік биде жоқ [98,106-б.].

Жамбыл өзіне дейінгі акын-жыраулар дәстүрін дамыта, кеңейте жырлаған суреткер акын. Асан Қайғы, Махамбет толғауларындағыдай өмір құбылысын карама-қайшылықты қалпымен бейнелей жырлады Жамбыл дамыта өрістетті. Мысалы, «Туған елім» толғауында өзі елестеткен тұлғаны нағыз романтикалық бейнелеудің биік үлгісіне көтере жырлады. Акын-жыраулар поэзиясына тән романтикалық тұрғыда шендестірілген карама-қарсылықты құбылыстардың тектестіріле жырлануының үздік бейнелеуімен кездесеміз:

Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр төбесі.
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның
Қайырайды кемесі.
Шайқалған жорға дер едім,
Ат та шаршап болдырар,

Кездессе жердін белесі... [97, 336-б.]

Толғау өлеңнің нысанасына алынған тұлға поэтикалық-көркемдік жинақтаудың аса жетілген қалпымен өте ұлғайған романтикалық бейнелеумен өрнектеледі. Ақынның шарықтаған қиялымен сомдалған поэтикалық бейне фольклорлық-мифологиялық бейнелеу әуенімен өрнектеледі:

...Туған айдай дер едім,
Түнде бар да күндіз жоқ.
Жанған күндей дер едім,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Темір қазық дер едім.
Тек тұрғаны болмаса,
Онда тіл де, үн де жоқ!
Түнде де бар, күндіз бар,
Жанып тұрған жалынды от... [97, 337-б.].

Ақын-жыраулар поэзиясында жақсы және жаман адам ұғымдарын салыстыру жиі қолданылады. Сол ұғымды кеңейте, тереңдете қарастыруда ақын-жыраулар адамның мінез-құлқына барабар өзге тіршілік иелерін үнемі қатарластыра егіздей қолданады. Мысалы, Махамбеттің «Атадан туған аруақты ер» өлеңінде:

Атадан туған аруақты ер,
Жауды көрсе жапырар.
Үдей соққан дауылдай.
Жамандарға қарасаң,
Малын көрер жанындай.
Жүйрік аттың белгісі,
Тұрады құйрық – жалында-ай [98, 26-б.], – дейді.

Ал, «Азамат ердің баласы» атты өлеңінде де асыл қасиеттері бар тіршілік иелері поэтикалық егіздеумен өрнектеледі:

Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар.

Талаудан татқан дәні бар.
Азамат ердің баласы,
Аз ұйықтар да, көп жортар...
Дұшпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар... [98, 27-б.].

Махамбеттің «Арғымақтың баласы» деген өлеңі де осы аталған өлеңдерімен үндес жырланған. Өлеңдегі астарлы түпкі ой түйіні – асыл сапалы тіршілік иелеріне тән көңіл-күй ірілігін айқындау. Көңілдің кеңдігі, ірілігі дегеніміз тіршіліктегі барлық құбылыстардың, оқиғалардың барысында шын асыл қасиет иесінің өзін-өзі ешқашан ұсақтыққа, майдалыққа бой алдырмауы. Махамбет акын арғымақтың баласының «Арқамнан қосым қалар деп» арығанын білдірмейтінін, балығының еркінсімеуін ойлаған «ағыны құшті ак дарияның қаһарланып толқитынын», «сұңқарлар үлгі алар деп» «балағы түкті қоңыр қаздың» баттауыққа тоя аттамайтынын айта отырып, адам мен табиғатқа ортақ асылдық сынын егіздей толғайды:

... Хас жақсының баласы,
Арада тұрып сөйлемес,
«Жауым таба қылар» деп.
Хас патшаның баласы,
Жапанда жалғыз тұрмайды,
«Дұшпандар көзін салар» деп.
Қарқыны күшті көк семсер,
Шапқан сайын дем тартар,
«Сусыным қанға қанар» деп.
Қарақұс қонбас көк сеңгір.
Басына құсты қондырмас.
«Қарауыл қарап тұрар» деп,
«Қараса көзі шалар» деп [98, 24-б.].

Акын-жыраулардың шығармаларында адамның қасиеттерін даралай таныту үшін тіршіліктегі тектес құбылыстар, заттар

қатарластырыла жырланады. Бұлайша егіздей өру арқылы ақындар жалпы тіршілік қозғалыстарына тән мәндес, үндес қасиеттердің сапалық төркіндігін мегзейді.

Жамбыл да ақын-жыраулар поэзиясындағы осындай астарлы мәнерлі жарыспалы егіздей бейнелеумен өрілетін жақсылық пен жамандықты айқындай жырлауды қолданады.

Мысалы,

Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашан да жөні бөлек,
Жаман адам жарамас бір қымтарға [96, 45-б.].

Ақын-жыраулар поэзиясында адамның тікелей басына тура келген қиындықтан қайыспауы хақында жігер бере жырлау дәстүрі қалыптасқан. Ақын-жыраулар сол арқылы, бәлкім, өзімен тұстас және кейінгі толқын адамдар ұрпақтарына мінез қайсарлығын, жігерлілік қуатын егетін секілді. Мысалы, Махамбеттің «Еңіреу ұлы емшек боз» атты толғауында адамдардың қауіп-қатермен, қиыншылықпен бетпе-бет келгендегі психологиялық қалпының қалай болуы бағдарланады:

Еңіреу ұлы емшек боз
Ер мінген күні берік болсын.
Еменнің түбі – сары бал,
Ер ішкен күні көп болсын.
Түзге аттанып шыққанда,
Дұшпаның қарсы келгенде,
Ер дініне берік болсын [98,32-б.].

Махамбеттің осы өлеңіндегідей адамға қайрат беретіндей жұбату – жігерлендіру қуаты айқын ойды Жамбыл «Жалғызбын деп жүрмесін» деп Әбдірахман қайтыс болып, қайғырып жатқан ұлы Абайға арнаған сәлемдеме жырында айтады. Бұл – ақындық дәстүр жолындағы азаматтық-қайраткерлік тұлғаға тән парасат үні.

Қорыта келгенде айтарымыз, Жамбыл шығармаларының өзіне дейінгі ақын-жыраулар мұраларымен поэтикалық үндестігі – ұлттық

әдебиетіміздегі көркемдік жалғастықтың көрсеткіші. Қазақ әдебиеті тарихының негізгі өзегін құрайтын ақын-жыраулар мұрасын біртұтас әдеби даму сабақтастығы заңдылығымен жаңаша қарастыру арқылы ұлттық сөз өнерінің біртұтас эстетикалық- көркемдік жүйесін айқындаймыз.

Практикалық сабақтың тақырыбы:

- *Жамбыл Жабаев шығармашылығының кезеңдері және жырлаулық дәстүрдегі толғау-термелері.*

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Жамбыл шығармашылығын қай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады?*
2. *Жамбылдың ақындығына көркемдік негіз болған ақын-жыраулар.*
3. *Жамбыл шығармашылығының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби даму кезеңінде қарастырылуының дәйекті себептерін ата?*
4. *Жамбылдың жырлаулық-ақындық поэзиясы дәстүріндегі толғау-термелері және оның сипаты.*
5. *Жамбылдың «Артықша туған азамат» өлеңіне арқау болған тарихи тұлғаларды ата.*
6. *Жамбылдың «Жаратылыс сыры» толғау өлеңі мен Асан Қайғының «Бұл заманда не гәріп?» толғау өлеңіндегі үндестік сыр.*
7. *Жамбыл мен Махамбет өлеңдеріндегі жақсы және жаман адамдар ұғымдарының үндес жырлануы.*

СӨЖ үшін тапсырма:

- *Жамбыл Жабаев мұрасының әдебиет тарихындағы орны. Реферат.*



1.2. Туысқан түркі халықтары поэзиясымен үндестік

- 1. Жамбыл шығармаларының түрік халықтары тарихы дәуірлеріндегі ақындық поэзия өкілдерімен поэтикалық үндестіктері.*
- 2. Жамбылтану – қазақ әдебиетінің рухани мұрасы.*
- 3. Жамбылтануда оның әдеби хатшылары еңбектерінің маңыздылығы.*
- 4. Жамбыл бейнесінің жаңа тұрғыда жырлануы.*
- 5. Жамбылдың әлем халықтарының ақындық өнер иелерімен үндестігі.*

1. Жамбыл шығармаларының түрік халықтары тарихы дәуірлеріндегі ақындық поэзия өкілдерімен поэтикалық үндестіктері

Жамбыл шығармаларынан байырғы түркі өркениеті, түрік халықтары (түрік, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ) тарихы дәуірлеріндегі ақындық поэзия өкілдерімен де поэтикалық үндестіктерді байқаймыз. Ауызша ақындық импровизациясы мен әуездік сөз аспаптарының сүйемелін тұтастырған Түркия ашықтарының (ақындарының) өнері ата-жұрт қазақтың халықтық мәдениетінен бастау алады. Бұл орайда, түрік ашықтарының (ақындарының) да Жамбыл шығармашылығымен тектес тұлғаларын атай аламыз. Түрік әдебиетінің халықтық сипатын танытатын ашықтар (ақындар) – әдебиет пен фольклор дәстүрлерін тұтастырған Жамбыл типіндегі өнер иелері. Мысалы, Юнус Емре (1240-1320), Қайғусыз Абдал (XIV ғ.), Пир Сұлтан Абдал (XV ғ.), Қараджаоғлан (1607-1679), Ашық Омер (XVII ғ.), Гевһери (XVIII ғ.), Дертли (1772-1845), Ерзурумлы Емрах (1775-1860), Рухсати Мұстафа (1835-1909), Сейрани (1807-1866), Ашық Вейсель (1894-1974) және т.б. түрік ақындарының (ашықтарының) шығармалары [100, 101, 102, 103, 104] тектестік, үндестік тұрғысында бағаланады. Түрік және қазақ әдеби тілдері де ортақ тарих бастауларынан өрбігені анық [105]. VIII ғасырда Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы жағалау

алқаптарындағы оғыздар, кыпшақтар заманындағы Қорқыт Ата мен Жамбыл шығармашылығының дәстүр жалғастығы тұрғысындағы табиғи үндестігін аңғартады. Қорқыт Ата – күйші-сазгер, жырау-жыршы, адамзат үшін мәңгілік өмір іздеуші. Осы қасиеттерді біз Жамбыл атаның тарихи қайраткерлігі мен әдеби шығармашылығынан танимыз. Жамбыл өлеңдерінің, айтыстарының, дастандарының алтын арқауы сол Қорқыт Атаның тарихи әлеуметтік қызметі мен шығармашылығы сипатымен үндестігі бар қалпымен аңғарылады.

Ислам діні VIII ғасырдан бастап қазақ даласына тарала бастады. Исламдық суфизм поэзиясының алыптары Қожа Ахмет Иасауидың, Ахмет Иүгінекидің, Сүлеймен Бақырғанидың, Жүсіп Баласағұнның дидактикалық-философиялық шығармаларында Алланы жүрекпен қабылдау, Жаратушыға деген ғашықтық шыншылдықпен жырланды. Әсіресе, Қожа Ахмет Иасауидың «Ақыл кітабы» («Диуани хикмет») шығармасында Исламды перде еткен жалған діндарлар, жалған молдалар өткір тілмен сыналған еді. Мысалы, 1-хикметінде: «Құран оқып бойұсынбас жалған ғалым» [106, 18-б.], – дейді.

Халықты алдап, жалған оқымысты, діндар-тақуа болып жүргендер де Иасауи сынымен әшкереленеді:

Ақырзаман шайхысы түзетер суреттерін,
Тақуалыққа түспей бұзар сырт пішінін.
Керемет деп қауіп-қатер көргендерін,
Халыққа өзін арсыздықпен сатар, достар [106, 77-б.].

Қожа Ахмет Иасауи ұғымындағы ғалым имандылық тағылымын Ислам ілімімен ұштастырушы. Сондықтан ақын бұл жолдағы жақсылық пен жамандық таразысын айыра көрсетеді:

Ақырзаман ғалымы залым болды,
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды [106, 62-б.].

Ал тіршілікті тек дүниемен, мүлікпен ғана өлшеуші жалған діндар оқымыстылардың хақ жолынан алыс босқа өткен өміріне Иасауи әділ баға берді:

Ессіз ғалым бойсұнбай жолда қалар,
Оқып ұқпай дүние малын қолға алар.
Менмендіктен есіл өмірін зая қылар,
Жан мен ділде хақ зікірін айтқын, достар [106, 69-б.].

Ал, түріктің XVII ғасырдағы халық ақыны Гевһери (Gevheri) де адамдардың ортасындағы жағымсыз мінез-құлық иелеріне, ұнамсыз құбылыстарға, заман келбетіне сыншылдық тұрғысынан аллегориялық-символдық бейнелеулер арқылы баға береді:

Heу aғalar, zaman azdı	Әй, ағалар, заман азды,
Düş müşe il üşer oldu	Жығылғанға жұрт жиылар болды.
Küllükte sürünen eşek.	Күлге аунаған есек,
Cins atta yarişir oldu	Асыл атпен жарысар болды.

Palas üstünde yatmayan,	Кілем үстіне жатпаған,
Biyig na pala batmayan.	Мұртына шыбық батпаған.
Porsuk ardından yetmeyen,	Борсықтың артынан жетпеген,
Ceylana ulaşir oldu.	Маралға ілесер болды.
Evlerinin önü yazi	Үйлерінің алдына жазда,
Yayılr turnasi kazi.	Жайылар тырнасы, қазы.
Yaşına yetmedik kuzu.	Жасына жетпеген қозы,
Köcile vuruşur oldi.	Қошқарлармен төбелесер болды

[100, 534-б.]

Жамбылдың шығармаларынан осы Иасауи хикметтеріндегі, Гевһери өлеңдеріндегі ойлармен үндес әуендерді аңғарамыз. Жамбыл да Ислам дінінің қасиетті қағидаларын қазақ ауылдарына таратуда, ағартушылық мұратты емес, жеке бастарының қамына, күнкөрістік ұсақ-түйек пендешілікке бой ұратын жалған

діндарларды өткір тілмен сынады. «Әкеме» атты өлеңінде сауаты әлсіз, алдындағы шәкірттеріне айтқан дәрістері түсініксіз молданың тұлғасы шынайы бейнеленді. Шәкірттерінен тек қана бас пайдасына қажет ақы іздеген сауаты әлсіз, мінезі озбыр адамдардың сонау Иасауи, Жамбыл замандарынан асып бүгінге дейін ұласқаны – уақыт пен кеңістіктің шындығы. Жамбыл жырындағы молда туралы бейнелеулер – Иасауи дәстүріндегі суфизм поэзиясының заңды жалғасы:

Оқымаймын молдадан,
Екі иығын қомдаған.
Бала келсе сабаққа,
Жем андыған дорбадан.
Ақ сәлдесі басында,
Боз інгендей боздаған.
Қайтіп сабак береді,
Айтқаны ішке қонбаған [96, 22-б.].

Ал, Иасауи хикметтерінде бейнеленген залым діндарлардың Исламды жеке адамдардың әкімдік билігін нығайтута, фәнилік дүние-мүлік жинауға пайдаланған сұрқиялығын әшкерелейтін жырлары Жамбылдың сыншыл ойлары арқылы жалғасты. Әрине, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі, Мұхтар Әуезов зерттеуіне арқау болған зар заман ақындарының көрнекті тұлғасы, Ислам дінінің нағыз насихатшы ақыны Шортанбай ақын да жалған діндарларды өткір сынаған. Мысалы, «Қожа, молда» деген өлеңінде адамдар арасында Исламның қасиетті қағидаларын уағыздайтын, барлық жастағы адамдардың ұстазы, тәлімгері-тәрбиешісі болуы тиісті кожалардың, молдалардың арасында кездесетін азғындарының шынайы бейнелерін суреттейді. Мұхтар Әуезов Шортанбай шығармашылығы мен Ислам өркениеті дамуындағы дәстүрлі жалғастықты атап көрсеткен еді: «Қазақ әдебиетіндегі дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты Исламның дін кітаптарынан алған

адам болады. Ен алғаш жазып жырлаған, оқыған ақында осы болуға лайық. Бірақ сонын кітап жолындағы ұстазы, үлгісі - Орта Азия мен Иран, араб сопылары. Орта Азия топырағында XII-XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға желісін тартып келген «тас жауып» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мүриті қып алған сияқты. Әрине, бұның себебі құр ғана еліктеу емес. Бір кезде «сопылық» ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай – Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек. Ол жағдай жоғарыда айтылған, Шортанбай шығармаларын тудырған, Шортанбайдың салт-сана бағытын тудырған жағдай болады.

Осы жағынан қарағанда Шортанбайдың зар замандарының көп үлгі, көп сарыны Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикметіне» ұқсайды» [21, 283-б.]. Сондағы сияқты Шортанбай да Ислам дінін бетперде етіп, қарапайым халықты алдап жүрген эззіл, жалған «молдалардың» қаптап бара жатқанын, олардың шынайы бейнелерін әшкерелей жырлайды. Мысалы, Шортанбайдың «Қожа, молда» атты өлеңінде сыншыл реализм тілімен бейнеленген жалған діндарлар қазақ даласындағы қасиетті Ислам дінінің атына кір келтірді. Осындай арамзалардың кесірінен қазақ ортасында «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе», «Аңқау елге арамза молда», «Дүмше молда дін бұзар» және т.б. көптеген сыншыл канатты сөздер айтылып келді.

Шортанбайдың «Қожа, молда» атты өлеңінде зар заманның кеселді көріністерінің бірі, дінді аяқ асты еткен, қасиетті қағидаларды күнделікті пенделік ұсақ-түйек, күнкөріс, бас пайдасы үшін қорлап жүрген сұркия молдасымақтар бейнеленеді. Шортанбайдың бұл өлеңіндегі объективті кейіпкерлердің келбеттерінен қазақ халқының рухани дүниетанымында Ислам дініне деген түсінбестік көзқарастарын қалыптастыру үшін жасалған зұлымдықты да айқын танымыз:

Бұл асылық асқан заманда,
Қожа, молда көбейіп.

Отырар төрде шөмейіп,
Сәлдесін үлкен орасып,
Жауған қардай борасып,
Жамандары ішінде,
Жан-жағына карасып.
«Үлкен молда!» десін деп,
Мәселеге таласып,
Қыстың айы өткен соң,
Жаздың айы жеткен соң,
Жауырларын желдіктеп,
«Туғансырап келдік!» - деп,
Зекет, нияз сұрасып,
Бірінің айтқан сөзіне
Бірі тұрар ұнасып,
«Ең мүсәпір қорықсын!» - деп,
Мұңайған болар жыласып.
Өздері жылай-жылай жүргенсіп,
Намазды бүгін білгенсіп,
«Ұрлық қылсаң неттің!» - деп,
«Су түбіне кеттің!» - деп,
«Ойнас қылсаң жаздың!» - деп,
«Шайтан келсе аздың!» - деп.
Тәжі алғансып қолына,
Тұмар тағып мойнына,
Бойын жуып пәктелмей,
Нәпсісін тыйып тек демей,
Намаз оқыр дәретсіз.
Ендігінің молдасы,
Залымның боп жолдасы.
«Мені молда десін» - деп,
Құдайды алдар әдепсіз [107, 74-75-б.б.].

Исламды өздерінің пендешілік ұсақ-түйекті кармаған тіршілігіне құрал еткен осындай залымдар зар заман поэзиясында, Қожа Ахмет

Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн шығармашылығында осылайша маңызды әлеуметтік мәселе болып жалғаса жырланып келеді.

Жамбыл да сол ежелгі түркі өркениеті және Ислам діні мәдениеті ұштасқан, тоғысқан замандардан бері желісі үзілмеген бұл тақырыпты жалғастыра жырлады. Досмағамбет молдамен болған айтысында қазақ поэзиясының тарихындағы түркі дәуірінен басталып, кейінгі ғасырларға жалғасқан ұласпалы зар замандық поэзия сарынын танимыз. Бұл ұлы Мұхтар Әуезов бағалаған зар замандық поэзияның Қожа Ахмет Иасауидың көзқарастарындағы софьлық жалған діндарлықты сынау пікірінің жалғасты сарыны.

Жамбыл бейнелеген жалған бейнелі алдаушы діндарлар типіндегілер бүгінгі заманда да кездеседі. Яғни, поэзиядағы көркемдік жинақтау аясындағы бейнелеулер жекеліктен құралатын жалпылық ұғымының уақыт пен кеңістіктегі табиғи заңдылықтарын байқатады.

Жамбыл жырындағы «молда» бейнесі Исламның қасиетті қағидаларын қалпына келтіруде имандылық жолындағы күрескерлерге зор пайдасын тигізеді. Көркем әдебиеттің адамтануға арналған поэтикалық-эстетикалық, гуманистік мұраттары осындай сыншыл шығармалар арқылы ғана жүзеге асады. Адамдар осындай шығармалар арқылы сөзі мен ісі мүлде алшақ, әзәзіл, алаяқ жандардың барлық деңгейлердегі ортада да болатындығын осындай туындылар арқылы сезіне алады:

...Молда емессің, сикырсың,
Зікір айтып зарлаған.
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаған.
«Шариғат жолы мынау!» деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе үйіне
Күніреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,

Қирағаттап Құранды,
Күні, түні сарнаған
«Қайыр-зекет бермесең,
Сөзіме менің көнбесең
Дозақ бар», - деп қорқытып,
Қылмаған пәлең қалмаған.
Оңбайтын молда жері осы,
Жаксы көрсе молданы,
«Көзбояушы зұлым» деп,
Көпшілік неге қарғаған?
Өзің де бір күн «Шу!» дейсің,
Өлмей қалмас жанды адам.
Жарым түнде шабасын,
Өліп кетсе малды адам.
Елде көп әлім молда, залым молда,
Халыққа залымдығын мәлім молда.
Сыбырлап азғырасың эзәзілді,
Қосылмас бізге сенің қаның, молда...
Жол сызған келешекке ешнәрсен жоқ,
Мұнымен қайтіп жұртты мәз қыласың [96, 92-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде Ислам дінінің қарапайым халықтың ортасында шынайы калпымен насихатталуында ақындардың барлығы да ат салысты. Дәстүрлі ақындық поэзиядағы Жамбыл ұстаз тұтқан Сүйінбайдың, Майлықожаның, Құлыншақтың, Базардың және т.б. ақындардың шығармаларындағы бұл тақырып тұрақты орын алды.

Ал, ағартушылық-демократтық мазмұндағы реалистік жаңа жазба әдебиеттің ұлы тұлғалары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының туындыларында да Ислам діні қағидаларын аяқ асты еткісі келген жалған діндарлардың, алаяқтардың алдамшы бейнелері тұрақты жырланды. Сөз арқауындағы Иасауидың, Шортанбайдың, Жамбылдың жырларында бейнеленген жалған кейіппен жүргендердің халық ортасындағы

имандылық тағылымын бүлдіруші іс-әрекеттері ағартушыларымыздың өлеңдерінде жалғаса жырланды.

Қазақ мәдениетінің тарихында ағартушылық жұмыстарына қазақтың ұлттық мәдениеті мен озық өркениеттер жетістіктерін арқау еткен, «Бір Құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп үндеу-өлең арнаған, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты оқу құралының авторы ұлы ағартушы Ыбырай да осы сарындағы сыншыл өлеңдер жазды. Зар заман поэзиясының Ислам діні тазалығы жолындағы сыншыл ойларын құрайтын Ыбырайдың мына өлеңдері де сөз арқауындағы пікір арнасын толықтыра түседі:

Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке.
«Бұл үйде кім бар екен?» деп
Көзін салар тесікке,
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,
Төрге қарай ұмтылып,
Тамақ үшін қылқынып,
Дуа қылса керек-ті [108, 84-б.].

Исламның атын жамылған сауатсыз, дүмше, надан молдасымақтарды да Ыбырай өткір тілмен сынады:

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылманыз,
Оның рас емес алдасы.
Көрмей, білмей біреуге
Куәлік берсе керек-ті [108, 84-83-б.б.]

Иасауи, Шортанбай, Ыбырай, Жамбыл жырлап келген бұл бағдардағы дәстүрлі тақырыпта хакім Абайдың да зор үлесі бар. Қазақ поэзиясының тарихында «Патша, Құдай сиындым», «Алланың өзі де

рас, сөзі де рас» деп Исламның күдіретін дәріптеп арнаулы өлендер жазған Абай «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» атты туындысында:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтты пайғамбар мен оны Алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы [109, 31-б.], –

деп жырлады. Бүкіл туындыларында (лирикалық өлендерінде, поэмаларында, қара сөздерінде) Ислам діні қағидаларын ардақтаған хакім Абай жалған молда болып жүрген дінбұзар алдамшыларды аяусыз сынады. «Көзінен басқа ойы жоқ» деген өлеңіндегі «молданың» бейнесі – өмір шындығының нақты деректі көрінісі:

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі? [109, 130-б.]

Ал, «Абралыға» деген өлеңінде ұлы Абай намаз оқудағы зандылықтарды игерместен өзін-өзі және жұрттың көзін алдап жүрген көлгірсіген пендені бейнелейді. Намаз үстінде орындалатын, айтылатын іс-қимылдарды, аяттарды дұрыс орындаудың ғана сауап болатындығын ақын оқырмандарына, ұрпақтарға ескертеді:

Еннатайына кәлкәусар,
Пошал дереу күнәкар.
Аяғын ойлап айтқаны,
«Әні-шаны күлаптар!»
Осы оқумен намаздың

Қай жерінде сауап бар?
Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар [109, 14-б.]

Иасауи, Шортанбай, Жамбыл, Ыбырай, Абай және т.б. ақындардың Ислам тазалығын сақтауды жақтап жырлаған зар замандық поэзияның аясында халықтың ішіндегі мінез-құлқы жалғандыққа бейімделген басқа да адамдардың рухани азғындауы сыналады. Алаяқ, жалған «діндарлар» көбейген кезде қарапайым халықтың ортасынан жалған діншілдердің де пайда болатыны ақиқат. Ұлы Абай сондайлардың шын сиқын дәл бейнелейді:

...Кейбірі пірге қол берген,
Іші-залым, сырты-абыз.
Кейбірі қажыға барып жүр.
Болмаса да қаж парыз,
Мұсылмандық ой ойлап,
Өтеген қашан ол қарыз? [109, 14-б.]

Қазақстанның тәуелсіздік жолына түскен 1991-2011 жылдардың арасында өзінің еңбегінің емес, кездейсоқ табылған көлденең олжаның арқасында ұшаққа мініп қажыға барған, онда барғанда тек саудамен айналысқан, қайтып келгесін бұрынғыша арағын ішіп сайрандап, өздерінше Алланы да, адамдарды да алдап жүргендердің бар екендігі белгілі. Абай, Жамбыл жырлаған зар замандық азғындаудың осы зардабы ешқашанда жойылмай келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде тұрақты орын алған осы тақырыптың жырлануында Абай, Ыбырай, Жамбыл шығармаларының үндестігі әдебиетіміздің сыншыл әлеуметшіл мазмұнын байыта түсті. Ақындарымыздың шығармашылығындағы бұл сыншылдық кенестік дәуірде атеистік көзқарастар тұрғысында қате бағаланды. Ал, шындығында, бұл ақындарымыз имандылықтың, мұсылмандық тазалықтың нағыз насихатшылары еді.

Жамбыл Ислам діні қағидаларына толық мойынсұнған жан болған. Фатима Ғабитова «Жамбыл жайлы есімде қалғандар» деген естелігінде 1923 жылы ақпанда үйіне келіп қонған Жамбылдың ақындығын, жыршылығын айта келіп, былай дейді: «Ертеңіне күн жұма еді. (Ол күндерде жұма демалыс күн болатын). Таңға такалып ұйықтаған қауымды жұма намазына дайындалған Жамбыл оятты» [13, 45-б.]. Демек, мұсылмандықтың Исламдағы парыздарын орындап жүрген ұлы ақынның имандылықтан киыс кеткендерді арнайы жырлай сынауы – ұлттық поэзиядағы дәстүр жалғастығының айқын көрінісі.

Жамбыл шығармашылығының екінші кезені ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихының құрамында қарастырылуы тиіс. Қазақ әдебиеттануы ғылымының тарихында Жамбылдың бұл кезеңдегі шығармалары «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» т.б. тек қана 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісіне арналған әдебиеттің құрамында ғана қарастырылып келеді. Ал, қазіргі жаңаша бағалау талаптары тұрғысынан қарағанымызда, Жамбылдың ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылы кезіндегі шығармаларын әдеби дамудың тұтас мазмұнымен бірге алып бағалаймыз. Әсіресе, дәстүрлі ақындық поэзияның ауызша әрі жазба түрлерін қатарлас ұстанған, Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрлерін қазақ топырағында байытқа, дамыта жырлаған ақындар мен Жамбылдың шығармаларын да уақыт пен кеңістік заңдылықтары тұрғысында өзара бірлікте, байланыста бағалаймыз. Әсіресе, ХХ ғасырдың басындағы Ресей патшалығының отарлық саясатына қарсы сыншыл реализмді, демократиялық көзқарастарды жырлаған қазақ поэзиясының зар замандық әдеби ағымының аясында Жамбыл да басты тұлғалардың бірі ретінде бағаланады. Профессор З.Бисенғали: «Енді алда тұрған міндеттердің бірі ХХ ғасыр басындағы әдеби процесс, әдебиет тарихын жазу. Оның даму заңдылықтары мен ерекшеліктері тексерілуі тиіс», -дейді [110, 265-б.].

Бұл орайда, біз дәстүрлі ақындық поэзияның фольклор мен әдебиет дәстүрлері тоғысқан көп ғасырлық калыптасқан ықпалының ХХ ғасыр басындағы жалпы әдеби дамудағы маңызын басты назарда

ұстай қарастыруды айтамыз. Ұлттық әдебиеттегі әдеби тектер (эпос, лирика, драма) жанрларының көп ғасырлық көркемдік іргетасы, арнасы кең ақындық поэзияның ықпалымен дамуы – заңды ерекшелік. Жамбыл тектес ақындық поэзияның фольклор мен әдебиет дәстүрлері тоғысқан ерекшеліктерін ХХ ғасыр басындағы әдебиет өкілдері жалғастыра отырып, жаңғырта дамытты. Бұл арада профессор З.Бисенғалидың пікірін тағы да назарымызға аламыз: «Қазақ әдебиеті замана, уақыт, өмір, қоғам, адам тіршілігінің пәлсапасын эстетикалық игеру бағытында халық әдебиеті мен мәдениетінің інжу-маржандарын қолданды. Қазақ халқының сөз өнеріне етене жақындығы, ерекше қабілеті белгілі. Оның дүниені эстетикалық қабылдау, бейнелеу әрекетінің аса еркіндігі, өткірлігі, шеберлігі әлемге аян. Осы асыл қазынаның арқасында қазақ қоғамдық санасы романдық ойлауға еркін көтерілді» [110-264-б.]. Демек, біз ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі көрнекті романдардың, повестердің, драматургиялық туындылардың пайда болуының, қалыптасуының көркемдік негізі фольклор мен дәстүрлі ақындар поэзиясы болғандығын тиянақты тұжырымдай аламыз. Әрине, ХІХ ғасырдың екінші жартысында ұлы Шокан, Ыбырай, Абай қалыптастырған жаңа жазба реалистік әдебиеттің ықпалы белгілі. Бірақ, бәрі де фольклор мен ауызша авторлы ақындар поэзиясы дәстүрлерін негізге алады. ХХ ғасыр басындағы Жамбыл және сол тектес ақындар поэзиясы өкілдері осылайша жалпы ұлттық әдебиет тарихының көркемдік-эстетикалық жүйесімен біртұтас бағаланады. Бұл кезеңдегі ұлттық әдебиет алыптары Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев және т.б. бәрі де дәстүрлі ақындық поэзияға айрықша ілтипатпен қарады.

Жамбыл шығармашылығының үшінші кезеңі – ХХ ғасырдың 30-40-жылдарындағы қазақ әдебиеті дамуымен бірге қарастырылып келді. Бұл кезеңдегі Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Доскей Әлімбаев, Омар Шипин, Айманкүл Тәжібаева, Нартай Бекежанов, Шашубай Қошқарбаев, Иса Байзақов, Кенен Әзірбаев, Қалка Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Есдәулет Қандеков, Саяділ

Керімбеков және т.б. дәстүрлі ақындар поэзиясы өкілдері әдебиетіміздің ұлттық дәрежесінің жалпы адамзаттық көркемдік-эстетикалық биіктіктермен деңгейлес екендігін толық дәлелдеді. Сондықтан да, бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің алыптары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин – бәрі де Жамбыл және оның дәстүріндегі ақындар поэзиясының көп ғасырлық көркемдік арнасын, кеңейтуге атсалысты. Жамбыл және оның дәстүріндегі ақындар қазақ поэзиясының XIII-XV ғғ. Алтын Орда, XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы, XIX .. мен XX ғасыр басы кезеңдеріндегі тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік-стильдік мәселелерді толық қамтитын мазмұн мен пішін тұтастығындағы эстетикалық қуатты күшейте түсті. Бұл кезеңде ақындар КСРО көлеміндегі халықтарға, одан кейін шет елдерге де танымал бола бастады. XX ғасырдың 30-40-жылдары Жамбыл және т.б. дәстүрлі ақындар поэзиясы өкілдері орыс және т.б. Еуропа халықтарының тілдеріне аударылды. Нақтылап айтқанда, XX ғасырдың аяғына таман Жамбыл қазақтың ұлттық тарихында тұңғыш рет планетаға қазақ атын танытты. Ғ.Мүсірепов тілімен айтқанда: «Ат үстіндегі Жәкең даусы Алатаумен бірге жаңғырыға шықты. Әлем құлағы жатсырамай тындады. Тоқсанға келген қарт Жәкеңнің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылы осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс құс. Ол адам ой-сезімінің барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мындаған жылдар жасай береді. Өле қалса өртеп, күлін отқа салсаң қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналар болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда, Феникс адамзаттың өзінің есі дер едім» [111, 26-б.].

Жамбыл шығармашылығының байырғы түркі өркениеті жазба ескерткіштеріндегі, одан кейінгі дамудағы ақындық-жыраулық мұралардағы көркемдік арналардан, қазақтың фольклоры мен ақындық-жыраулық поэзиясынан жалғасқан жолды кеңейте, тереңдете, әлемге әйгілі дамытқаны – ұлттық тарихымыздың мәңгі аласармайтын мәртебелі биіктігі. Жамбылдың шығармаларын Ғабит Мүсірепов «...ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың өзінің жыры, өзінің сыры сияқты елестейді» [111, 270-б.].

2. Жамбылтану – қазақ әдебиетінің рухани мұрасы

Жамбылтанудың 30-80-жылдары арасында негізгі тақырыптық-идеялық мақсаты Кеңес мемлекетінің коммунистік идеологиясының мақсатына, мүддесіне қарай бейімделе жазылды. Қоғамдық құрылысты таптық жіктелудің заңдылығына қатаң түрде бағындыра қарайтын партиялық кезең талабына орайластырылған Жамбылтану, негізінен, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухымен бағаланудың дәстүрлі жағдайына көбірек бейімделе қалыптасқан-ды.

90-жылдар – Жамбылтануға жаңа тұрғыдағы серпілістер әкелген кезең. Бұл кезде М.Жолдасбековтің «Жүз жыл жырлаған жүрек» (1993), М.Жолдасбеков пен Н.Төреқұловтың «Тоқсан толғау» (1992) атты монографияларының жариялануы 1996 жылы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойының республикалық, халықаралық мереке болып аталып өтуіне ұласты.

Демек, 90-жылдар – Жамбылтанудың ұлттық және әлемдік өркениеттік, эстетикалық таным әлемінде жаңа тұғырда көтерілген кезі. Жамбылтану – бұл күндері ұлттық әдебиеттану, фольклортану ғылымдарын, сөз өнерінің барлық жанрларын (поэзияны, прозаны, драматургияны), бейнелеу, мүсін, әуез, кино өнері түрлерін қамтитын алып айдын. Ғылыми-зерттеу мақалалар, монографиялар, ал көркем шығармашылық бойынша лирика, поэма, әңгіме, очерк, повесть, роман, пьеса, операның либреттосы, киносценарий түрлерінде мол шоғырлы шығармалар жазылды.

Жамбылтанудағы зерттеулер жеке-жеке мақалалар түрлерінде де көп жазылды. Ал, казактын ауызша дәстүрдегі ақындық өнерін ұлттық әдеби даму мазмұнымен біртұтас қарастыруда Жамбылтану және халық поэзиясы бағдарында ұжымдық авторлықпен де зерттеулер, естеліктер де жинақ кітаптар болып жарияланып келеді. Мысалы, «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973) [4], «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» (1975) [5], «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» (1976) [6], «Жамбыл Жабаев творчествосы» (1989) [91], «Дастан-ата» (1989) [92], «Жамбыл менің жай атым» (1996) [93], «Жамбыл туралы сөз» [8] және т.б. еңбектер бар.

Жамбылдың бейнелеу өнері шығармашылығы саласындағы кескіндемелер де көп шоғырлы шығармаларды құрайды. «Жамбыл бейнелеу өнерінде» (1989) атты кітап [94] та ақын туралы бейнелеу, мүсін өнері туындыларымен таныстырады.

Жамбылтану казак әдебиетінің рухани қазынасы. Ақын тұлғасының кино, бейнелеу, мүсін, қолөнер, декоративті иллюстрация, театр сахнасы өнері түрлері салаларындағы сомдалуы, тұлғалануы, музыкалық мұрасы – бәрі де арнайы әңгімеленіп келеді.

Әдебиет тарихындағы жеке тұлғалар біздің ұлттық-халықтық сөз өнері тарихындағы ежелгі түркі мәдениеті дәстүрлерінен бастау алып, осы күндерге дейінгі қалыптасу, даму жолынан өтіп келеді. Әдебиет болып аталуына негіз болатын авторлығы толық сақталған шығармашылық мұра құрайтын ақын-жырауларды ұлттық тарихымыздың кезеңдерінің шындық мазмұнымен дұрыс орайластыра қарау арқылы ғана рухани қазыналарымызды ұрпақтарға таныта аламыз.

Жамбыл – казак әдебиеті тарихының ұлы тұлғасы. Шығармашылық мұрасында көп ғасырлық мәдениеті бар халқымыздың дәстүріндегі сапалық қасиеттерінің барлығын дерлік жинақтаған оған біз ұлттық сөз өнері тарихындағы тұлғалардың және жұртшылық ортасының қандай ықыласты болғанын арнайы қарастыра отырып айтудың маңыздылығын танимыз. Бұл орайда, біз Жамбыл жырларының казак әдебиеті өкілдерінің қалың

жұртшылықтың және дүниежүзі халықтарының ыстық ықыласына бөленуін айтарда профессор Ж.Дәдебаевтің дәйекті пікірін негізге алғымыз келеді: «Жаңа ғасыр, онымен бірге жаңа дәуір жай келмей, жан-жағына жарық шашып, Жамбылдың өзіне де, оның жүрегінен шығып, халық көңіліне ұялаған, уақыт теңізінің терең түбіне шөккен жырларына да іздеуші, сұраушы бола келді... Ғасыр мен ғасыр беттесіп уақыт теңізінің алып толқындары, жалын желбіретіп аспанға шапшығанда, тереңде қалған жақұт жырлар да жалға жабысып, жаңа дүние жағалауына шыққандай еді. Сонымен бірге, ақынның толып жатқан өлең-жырлары сол шашылған, әр жерден бір жалт-жұлт еткен қалпында телегей-теңіздің терең түбінде қала бергені де рас. Бүгінде сол теңіздің түбіне жету де, ақынның сол теңіз тереңінде шашылып қалған маржан жырларына қол тигізу мүмкін емес. Ал, оның ел қолына тиіп, ел жүрегінің жылуына арналған жырлары әр көңілде әр түрлі сәуле ойнатып, өзі де сан түрлі мән-мағынамен жарық шашады» [75, 3-б.].

Жамбылдың әлемдік дәрежеде танылуы – табиғи құбылыс. Сондықтан қазақ әдебиеті тарихының дүниежүзілік әдеби байланыстар арналарында Жамбыл шығармаларының АҚШ, Англия, Франция, Дания, Болгария, Венгрия, Германия, Чехия, Румыния және т.б. мемлекеттердің тілдеріне аударылуы ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап жүзеге асырылды [91, 241-270-б.б.]; [57, 188-196-б.б.] Жамбылдың асқақ даусы, отты, ойлы, жалынды жырлары 30-40-жылдары республикамыздан асып, туысқан халықтарға танымал, әлем елдеріне де белгілі болды.

Жамбыл – әлемге аян ұлы тұлға. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов 1958 жылы Үндістанға барғанын жазған «Индия очерктері» атты сапарнамалық, публицистикалық-этнографиялық шығармасында мынадай қызықты деректі келтіреді: «Бір шақта қайтер екен деп, «Жамбылды білесіңдер ме?» деп сұрап едім, бастығы Али Сардар боп урду тілінде жазатын, маған жақын отырған үш ақын өзара өздерінше бірер ауыз сөз қатысып алды да, сол арада әндетіп тұрып, бәрі қосылып Жамбылдың «Жаңа заң» туралы шығарған жырын айтып та берісті» [20, 414-б.] Жамбылдың шығармашылық

мұрасында әлем әдебиетінің табиғатындағы көркемдік сипаттармен үндесетін ерекшеліктер өз оқырмандарының жүректерінен орын тапты. Ақынның әлем халықтарының тілдеріне аударылуы оның шығармаларының көркем әдебиетке тән эстетикалық дәрежесін таныта түсті, қазақ әдебиетінің өзіндік ұлттық бояулы психологиялық, философиялық болмысының шынайылығын әйгіледі. Зерттеушілер М.Дүйсенов, Ш.Қ.Сәтбаева ұлы Жамбылдың шығармашылық даңқының Еуропа елдеріне кеңінен тарағанына көптеген мысалдар келтіре отырып, жоғары баға береді: «Ақынның өмір тарихы мен творчествосы Одақ көлемінде мәлім болып қоймай, оның аты байтақ әлемді шарлап кетті. Қазақ ақын-жазушыларының ішінде бірінші болып Жамбыл шығармалары орыс тілінен ағылшын, француз, неміс, чех, поляк т.б. тілдерге аударылды» [91, 264-б.]. Ғалымдар келтірген деректер Жамбыл шығармаларымен Америка, Еуропа жұртшылығының хабардарлық дәрежелері туралы мәліметтермен таныстырады. Сол мәліметтер бойынша, Жамбылдың шығармашылық, ақындық-жыраулық, жыршылық даңқының 1938-1939 жылдары шетел тілдеріне аударылып, жариялана бастаған кезінен танылғанын байқаймыз.

3. Жамбылтануда оның әдеби хатшылары еңбектерінің маңыздылығы

Жамбылтануда оның әдеби хатшылары еңбектерінің маңыздылығы орасан. Ақындық шабыт бұған кездегі нөсерлеткен жыр жаңбырының асыл тамшыларын зая жібермей қағазға түсіру немесе болып жатқан саяси-әлеуметтік, шаруашылық, мәдени ұлы жаңалықтармен таныстырып, ақынның киялына қанат бітіріп, шабытын қоздыру сынды ауыр міндеттер соларға жүктелген.

Жамбылдың алғашқы хатшысы – Зейнел Имажанов. Профессор Т.Кәкішев «Жамбылдың алғашқы хатшысы кім?» деген мақаласында 1932 жылы Бейімбет Майлиннің тапсырмасымен Жамбылдың әдеби хатшысы болып жұмыс істеген кісінің жазған хатынан деректер келтіреді: «Мен жаздырып беруге келісіп, Оқу Халық комиссариатына барып, Фатимамен (ол кезде Жансүгіровтің әйелі болатын) 6 мың жол

өлең жаздырып беруге шарт-аванс ақшасын алдым, 1932 жылы май айында Жәкенді түсіндіріп, қолыма алдым. Балам Хамитті қасына қосып, жазуға кірістік. ...3-4 айдың ішінде 9 мың жол өлең жазылған қолжазбаны баяғы Фатимаға өткіздім» [112].

1936 жылы Қасым Тоғызақов (1910-1984), одан кейінгі жылдары Қалмақан Әбдіқадыров (1903-1964), Ғали Орманов (1907-1978), Тайыр Жароков (1908-1965), Қапан Сатыбалдин (1917-1969), Сапарғали Бегалин (1895-1982) Жамбылдың әдеби хатшылары болды.

Жамбыл туралы жазылған естеліктер шоғыры да акын шығармашылығының танылуында елеулі орын алады. Аталған әдеби хатшыларының естелік-туындылары акынның шығармашылық тұлғасына тән психологиялық ерекшеліктердің табиғатын тереңдей тануға мүмкіндік береді.

Жамбылтану – ұлттық мәдениетіміздің үлкен бір арнасы. Жамбыл шығармашылығы мен оның дәстүрлеріндегі халықтық өнер табиғатын тұтас қарастыру арқылы қазақтың ұлттық дәстүрлерін тереңдей, жан-жақты қарастыру жолы жаңғыра түседі.

Қазақ халқының өзіне тән табиғи жаратылыс болмысының Жамбыл сынды дара бітімді тұлғаның шығармашылығында көрініс тапқаны – ұлттық мәдениеттің дербес ерекшелігі. Сонымен қатар, Жамбылдың акындық дәстүрі жолындағы қазақтың халық поэзиясы өкілдерінің зерттеуі де Жамбылтану өрістілігінің бір көрінісі. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымның сөз өнері тарихындағы акындық-жыраулық жыр дәстүрі өкілдерін, ұлттық мәдени ескерткіштерді зерттеп тануда көптеген жетістіктері бар.

Ал, Жамбыл мұрасын жанаша көзқарастар тұрғысынан қарау оны бүкіл қазақ мәдениеті дамуымен біртұтас бағалауға ұштастырады. Жамбылдың әлемдік дәрежеде танылуы – табиғи құбылыс. Сондықтан, қазақ әдебиеті тарихының ХХ ғасырдағы даму мазмұнында ол туралы жазылған әдеби туындылардың мәні, маңызы, эстетикалық тағылымы туралы арнайы, кеңірек айту өзінен-өзі сұранып тұрған мәселе. Жамбыл туралы жазылған әдеби шығармалардың ішінде прозалық (естелік, күнделік), поэзиялық шығармаларға тоқталғымыз келеді. Шығармашылық ірі тұлғаның

өмірбаянының ғылыми мазмұнымен дұрыс жүйелене жазылуы әдебиет тарихындағы елеулі деректі еңбектердің негізінде жасалады. Ал деректі шығармалардың ғылыми-шығармашылық өмірбаянды жасауға негіз болатын түрі – естеліктер.

Естелік – тақырыптың арқауындағы адамның өмірбаянына қатысты нақты оқиғаларды қаз-қалпында баяндайтын көркем шығармаға тән авторлық қиял мен ойдан ешнәрсе қосылмайтын таза дерекнамалық туынды. Кейбір естеліктерде шежіреге, жылнамаға ұқсайтын белгілер де кездеседі. Жамбылдың әдебиеттегі бейнесі туралы сөз бастаған зерттеушілер М.Дүйсеновтің, Ш.Сәтбаеваның «Ақынның әдебиеттегі бейнесі және әлемдік даңқы» деген еңбегінде ақын туралы жазылған шығармалардың тақырыптық-идеялық, жанрлық мәселелерін игеру ерекшеліктерін пайымдауы біздің мақсатымызды сабақтайды: «Өмірде шын болған жеке дарындар жайында тарихи деректі және көркем биографиялық шығарма жазудың өзіндік шарттары бар. Әдеби көркем жанрлардың ортақ сипаттары бұл тақырыпқа да жат еместігін мойындай отырып, нақты кейіпкердің өз басынан кешкен тарихи шындықтарды қаншалықты дәл және жазушының ойдан қосар «шындықтарымен» (вымысел) ара-қатынастары қандай деген творчестволық мәселелер де әр кезде назарда тұруға тиіс» [91, 242-б.] Ғалымдардың бұл пікірі – Жамбыл және басқа да атақты адамдар туралы жазылған, әлі де жазылатын шығармаларға қатысы бар тұжырым. Жамбыл туралы естеліктердің мол шоғыры «Дастан ата» (1989) кітабында жинақталған Жамбылдың өмірбаянына қатысты деректердің жинақталуын ақынды көзі тірісінде көріп, талай кездескен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Бегалин, С.Омаров, А.Токмағамбетов, Қ.Аманжолов, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайлов, Н.Ондасынов және т.б.-дың естеліктері Жамбылтанудағы деректілікке себін тигізетін пайдалы шығармалар.

Осындай алып арналы Жамбылтанудың өте бір маңызды салаларының бірі – оның поэзиядағы көркем бейнесінің жасалуы.

Мағжан Жұмабаев «Жамбылға» деген өлеңінде ұлы Жамбылға мүнәжәт ете былайша жырлапты:

... Жан аға! Шықтым өлімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаның нұрға көмілген,
Нұрыңнан ұшқын берсейші [113, 218-б.].

Жамбыл бейнесінің сомдалуы өзімен әуелде айтысқан және үзегілес замандас ақындардың өлең-жырларында көрініс тапты. Мысалы, К.Әзірбаев, Н.Байғанин, Қ.Терібаев, Қ.Алтынбаев және т.б. халық ақындары жыр алыбынын ұлылықпен тұлғаланған шығармашылық келбетін шәкірттік ықыласпен сүйсіне толғады. Халық ақындары оны «Қарт ата, қадірлі ата, дүлділ ата, бұлбұл ата», «Аруақты Алатаудай қайран Жәкем», «Миуалы Отанның дарағы едің» (К.Әзірбаев), «Сөйлесе сөзі ұнамды, сары алтынның бауындай» (Қ.Терібаев) және т.б. ақындар жырларында «терек», «мұхит», «асқар тау Алатау», «Алып ақын», «Жүз жасаған», «Бір ғасырдың құрдасы» сынды метафоралы, теңеулі, эпитетті бейнелеулер мол қолданылады.

Жамбыл бейнесі жазба ақындар шығармаларынан тұрақты орын алады. Т.Жароковтың, Ғ.Ормановтың, Ж.Сыздықовтың, Қ.Аманжоловтың, Т.Молдағалиевтің, Ә.Тәжібаевтің лирикалық және эпикалық жырларында ақынның бейнесі поэзияның әсерлі, лепті сезіміне толы өрнектерімен сомдалады.

Бұл шығармалардың тақырыптық, сюжеттік-композициялық, стильдік көркемдік сипаттарының шынайылығы – авторлардың басым бөлігінің Жамбылдың өзін көргендіктері. Сондықтан Қ.Аманжоловтың «Жамбыл тойына», Ә.Тәжібаевтің «Ақын» поэмаларында Жамбылдың психологиялық көңіл-күйі, ішкі тебіреністері, импровизация ғаламаты алдындағы толғанысты ойларының мазмұны жырланады. Халықтың тағдыры таразыға түскен сәттердегі азаматтық-гуманистік, күрескерлік тұғырда танылған ақын қоршаған әлеуметтік ортамен, адамдармен қарым-қатынасын шынайы реалистік, көркем бояулы лирикалық-эпикалық тілмен жырлап жеткізген.

4. Жамбыл бейнесінің жаңа тұрғыда жырлануы

Жамбыл бейнесінің жаңа тұрғыдан жырлана сомдалуы 150 жылдық мерейтойына катысты туған жырлардан ерекше байқалады. Жамбылды жаңа тұрғыдан бағалау дегеніміз – акын мұрасын егемен мемлекет Қазақстанның ұлттық қазынасы ретінде тану. Сонымен қатар, Жамбыл мұрасының түбі бір қандас туысқан түрікі халықтарының ортақ қазынасы екендігін де тарихи шындық ретінде тану керек. Осыған байланысты Түркия Республикасының мемлекеттік министрі, Қожа Ахмет Иасауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің өкілетті кеңесінің төрағасы Намық Кемал Зейбек «Түрік дүниесінің тұлғасы» деген мақаласында былай дейді: «Ақын өлмейді, ол өлеңдермен жасап отырады. Әйгілі жырау Жамбыл Жабаев – Орта Азия түріктерінің жыраулық өнерін Түркияда танытқан тұңғыш тұлға. Сол себепті де Түрік Дүниесі әдебиеті саласында оның бейнесінің маңызы бөлек. Түрік Дүниесінің әйгілі ақындарын келешек жас ұрпақтарымыз тануға, білуге тиісті. Жамбыл да осы мақсатқа қызмет етеді» [114].

Жамбылды жаңа тұрғыдан бағалаудың бір көрінісі – оның ұлылық даралығының әлемдік дәрежедегі ғажайып құбылыс екендігін мойындау. Жамбыл шығармалары бұл күндері әлем халықтарының елуге тарта тілдеріне аударылған. Жамбыл жырларының суырып салма өнердің құдіретімен дүниеге келіп, шығармаларынан азаматтық-философиялық, гуманистік ойшылдық, көркем бейнелі сөз байлығын игерген суреткерлік, өмір құбылыстарына терең баға бере алатын сыншылық, сазгерлік-ақындықты тұтастыратын сирек өнер – айтыс жанрының шебері, туған халқын және бүкіл адамзатты сүйген достық жыршысы қасиеттерінің танылуы ғарыштық кеңістіктегі аса сирек кездесетін тіршілік иесі екендігін айғақтайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми сессиясында сөйлеген әлем әдебиетінің алыбы Шыңғыс Айтматов та Жамбылдың адамзаттың ұлы құбылысы екендігіне шынайы баға берді: «Жамбылдың поэзиясы да – ғарыштық поэзия. Ерекше қадап айтатын жәйт, Жамбыл поэзиясының мәні – оның философиясында. Рас

Жамбылдың өнері – поэзияның да, философияның да, әншіліктің де, жыршылықтың да, термешіліктің де басын қосып, солардың бәрінін үйлесімін тауып синтездей білген асыл өнер... Жамбылды философ ретінде қарастырғанда ғана оның бай өрнегі толық ашылады» [115].

Демек, қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері Жамбылға арналған жырларында да бүгінгі замандық дүниетаныммен өз ойларын әрі ұлттық, әрі әлемдік ойлау шеңбері көлемінде қарастыруға ұмтылады. Жамбылға арналған бұрынғы поэзиялық шығармалардан өзгешелігі мол бұл өлеңдер – Жамбылтанудың нағыз биік тұғыры, мүлде жана тұрпаты. Ұлы Жамбылдың 150 жылдық тойы құрметіне арналған мүшәйраның қабылдау алқасына 104 ақынның өлеңдері келіп түсіп, жиырмасы «Жүзден жүйрік» шыққандар болып бағаланған. Жамбыл тойындағы мүшәйрада елеулі шығарма болған осы шығармалар – түгелдей лирикалық өлеңдер. Ақындар Жамбылдың шығармашылық рухани келбетін сомдауда әр түрлі лирикалық толғаныстар түрлерін қолданған.

Мүшәйраның бас жұлдегері ақын Иран-Ғайып «Жамбыл», «Жамбылға», «Жұртыма» атты бөлімдерден құралған жыр шоғырындағы ойларын біртұтас композициялық құрылым аясында жырлаған. Ақын – кейіпкер әуелі Жамбылдай ұлы ұрпақ өсіп-өнген Шапырашты бабаны туған анаға ризалық білдіреді. Ұлы ақынның алты Алашқа әйгілі тұлғасын «Жамбыл – Қызыр», «Жамбыл – Алып», «Тылсымы табиғаттың», «Жыры – жай оғы жауға атылған», «Жамбыл – Кие», «Халықтың қызыл тілі», «Жамбыл ғайып жарылқап адамзатты, жүз жыл бойы жер басқан Көк тәңірі» деген метафоралық-эпитеттік, теңеулік баламалау, бейнелілік тұнған көркем тілмен әсерлі дәрежеде сомдайды. Жамбыл халықтық наным-сенімдерге, арманға бөлене ғасырлар бойы жасап келген халық жүрегіндегі романтикалық-реалистік сипатты бейнелердің тап өзіндей етіліп суреттеледі. Жамбылдың жарқын бейнесін сомдаған мүшәйрада екінші жұлде алған «Ұлы жүздесу» тақырыбымен ғибрат – жыр деп аталған өлең – лиро-эпикалық шығарма. Шартты түрде оқырманға ғибрат сөзді айту үшін алынған шағын сюжет өлеңнің балладалық жанрлық табиғатын айқындайды. Ғибрат жырдың фабуласы – Алатаудағы Манас елі

қырғыздарға Кенесары ханның ұлы Сыздық сұлтанның келіп отырған сәтін суреттеу. Ақын Жәркен Бөдешұлы қырғыздардың ортасында отырған Жамбылдың келбетін, рухани құдіретін айшықты, айқын суреттейді:

Оң жағында сұлтанның,
Қызыл түсті жолбарысы,
Кәдімгі Жамбыл, жыр – Жамбыл,
Толастамас дүр жаңбыр [116].

Балладада екі монолог бар: бірі – Сыздық сұлтандікі, ол қырғыздармен соғысу үшін емес, әкесінің сүйегін, жүзігін, сары қасқа ерін ғана сұрап келгенін, еліне қайтып оралып ақ патшаның басын алдаспанымен кесу күресіне аттанатынын айтады, екіншісі – Жамбылдікі, ол қырғыз пен қазақтың достық байланысын қайта жалғаған Кенесарының «Текті ұлына» «қырғыз бенен қазақтың басын қостың бағланым» деп сүйсінеді. Ақынның осы ғибрат жырының түйіні – Алаш жұртының арыстары жасаған ұлылық тағылымының маңызын ұрпаққа өнеге екенін айту:

Жамбыл – елдің пырағы,
Көп шабылып, көп қызған.
Сыздық – ұлттын ұраны
Абылайлап шеп бұзған.
Екеуінің рухы – бізге ғибрат, жыр болмақ.
Бірі найза ұшымен
Бірі – жырдың күшімен,
Алаштың ақ ордасын алпауыттан
Тұр қорғап [116].

Ақындардың өлеңдерінің барлығында да осындай бейнелілік-суреттемелік әдіс қолданылған. Ақындар қазақ халқының талай қиын асулары мол қайшылықты-тартысты тағдыр жолын Жамбылмен байланыстырады, адамзат тарихындағы ең киелі, қасиетті есімдермен, атауларымен Жамбылды біртұтас тұлғалық қалыпқа айналдыра

жырлайды. Романтикалық әрі реалистік сипаттағы бейнелілік-мағыналық мазмұны қалың тіркестер және атаулар Жамбыл тұлғасын мейлінше жинақтай, әрі даралай танытады. Мысалы, «Жыр-Абыз», «Жолбарысыңмен жебе де», «Медет бер, пірім, қалайда» (Ғ.Жайлыбаев), «Ата Жамбыл – ақпа жырдың алыбы», «Ұлы Жамбыл – шын кие де, шын ие», «Тәңір-Жырау, тасыт жырдың арнасын», «Ғасырлардан артып туған тарланым, Тәңіріге тартып туған тарланым» (Т.Есімжанов), т.б.

Жамбылдың әдеби бейнесін сомдауда тап осындай романтикалық қиял-ғажайыптың, асқак сезімнің реалистік бояуымен суреттеу Т.Сарыбаевтың «Жамбыл рухына сыр», Т.Есімжановтың «Аруағыңа тағзым етсін халқымыз», Ғ.Жайлыбаевтың «Жүз жасаған әулием», Т.Тұяқбаевтың «Үш кие», Б.Мәжитұлының «Жамбылға наз» өлеңдерінде шынайылықпен жырланған. Бұл өлеңдерінде ақындар Жамбылдың өлмес рухымен сырласады, қазіргі тіршіліктің тұрмыстық қайшылықтарға толы әрі қызық, әрі азапты мазмұнына тән қуанышты және күйінішті құбылыстарын Ақын-Бабаның алдына ақтара жырлайды, тіпті өздерінің торыққан, түңілген көңіл назын айтып шағынып, медет тілей толғанады, Мысалы, ақын Т. Сарыбаев былайша мүнәжәт ете жырлайды:

Айналам – меніреу, құла дүз,
Айлам жоқ менің болмасқа!
Дәрмен бер өзін, Жыр-Абыз,
Адасқан Құтға жол нұсқа!
Алдау мен арбау алшандап,
Оң менен түстей өтті өмір.
Еңсені ездi бар салмақ,
Көңілімді көрсең – көк темір.
Арманым алаңға көмілді,
Максатым мың сан мертіккен.
Өзімнің түпкі Тегімді
Ұмыттым, тәте, мен тіптен.
Келмеспіз оңай келеге,

Үрейлі барша үмбетін
Жолбарысыңмен жебе де,
Халықтың жырға бұр бетін!
Айласын тап та баска бір,
Медет бер, пірім, қалайда?
Тағына қонсын патша – жыр,
Нұр шашып сана сарайға! [116].

Жамбылтанудың жаңа тұрғысы – ұлы ақынның шығармашылық мұрасын ұлттың және жалпы адамзаттың ғажайып құбылыстарының бірі ретінде тану. Қазақ елінің дербес мемлекет болып мәңгілік қалыптасу тарихында ұлттық келбетімізді әлемдік өркениетке танытатын тұлға Жамбыл туралы сөз болашақ ғасырларда да мәңгі айтыла береді.

Жамбылтану – қазақ мәдениетінің рухани қазынасы. Ақын тұлғасының кино, бейнелесу, мүсін, қолөнер, декоративті иллюстрация, театр сахнасы өнері түрлері салаларындағы сомдалуы, тұлғалануы, музыкалық мұрасы – бәрі де арнайы әңгімеленіп келді [73, 94-б.].

Жамбылдың шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің ежелгі дәуірлерден басталған көркемдік дәстүрлерін ауызша жалғастырудың үздік үлгісі. Қазақ әдебиетінің ұлттық топырақтағы көп ғасырлық жолында ауызша авторлы поэзиядағы Жамбыл сынды көрнекті тұлғалардың шығармалары арқылы ғана сөз өнері үздіксіз қолданыста, іргерілеуде болды. Сөз өнері туындыларының халықтың жүрегіне ұялауы, таралуы, ұрпақтан-ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болуы да осы ақындық поэзия арқылы орындалды.

Жамбыл – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінің ұлттық сипатының сақталуын қамтамасыз еткен ұлы ақын. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында орнын жоғалтпайтынын мәңгілік тұғыр. Бұл орайда, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, профессор Б.Б. Мамраевтың ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдебиеттің поэтикалық табиғатына байланысты

пікіріне назар аударамыз: «К началу нового столетия казахская литература прошла многовековой путь художественного освоения мира. Во всех пластах жизни казахского народа Слово, в особенности художественное Слово, занимало важнейшее место. Вся система художественно-изобразительных средств литературы конца XIX-начало XX веков определена, и это является национальной особенностью казахской литературы, богатой и многообразной фольклорной традицией и индивидуальной устной и классической поэзией XV-XVIII веков, отображенной в творчестве акынов и жырау. Вне этого духовного богатство народа невозможно понять природу художественной культуры XIX-начала XX веков» [117, с.14].

Жамбылдың ақындық дәстүрі – адамзат өркениетінің аса маңызды бөлігін құрайтын рухани қазына. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтың дәстүрлі ақындар поэзиясындағы шығармашылық байланыстардың өзіндік өнернамалық жолы бар. Ауызша авторлы ақындық поэзия өкілдерінің өзара рухани үндестіктері, өзара шығармашылық байланыстары әртүрлі сипаттармен көрінеді. Профессор Б.Б.Мамраевтың осы кезеңдегі әдеби байланыстар мен поэтикалық үндестіктер хақындағы пікірі де бұл мәселені дәйектейді: «Одним из факторов развития казахской литературы начала XX века явились ее взаимосвязи с передовыми тенденциями и направлениями других литератур, прежде всего русской и западно-европейской. В этот период интенсивно развивались так же и отношения с литературами соседних народов» [118, с.32]. Демек, Жамбыл және дәстүрлі ақындар поэзиясының өркениеттер ықпалдастығы жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері де анық байқалады.



5. Жамбылдың әлем халықтарының ақындық өнер иелерімен үндестігі

Жамбыл қалыптастырған ақындық өнер дәстүрінің бір саласы – туысқан халықтардың аса көрнекті тұлғаларына арналған гуманистік сезімге толы арнау өлеңдерді жырлау. Ақындардың өздерінің туған жерлері, атамекендері, бейбітшілік, достық туралы өлеңдерінде де үндестік мол көрінеді. Жамбыл өзі өмір сүрген бір ғасырлық ғұмырында қазақ жерінің өткені мен бүгінін, болашағын тұтастыра жырлаудың жарқын үлгісін қалыптастырады. Туған жердің, атамекеннің сақталуында осындай гуманистік мұраттардың әлем халықтарына ортақтығын ешқашан ұмытпайды. Жамбылдың осындай ақындық өнегесі кезінде КСРО құрамындағы көптеген ұлттар ақындарының да осы дәстүрді ұстануына игі ықпал жасады.

Жамбылдың туысқан халықтарға, жалпы адамзатқа бейбітшілік тілеуді, туған жерді сүюді, достықты ардақтауды және т.б. саналуан мәселелерді камтыған гуманистік сарындағы шығармалары ұлттық және әлемдік әдеби байланыстардың жаһандану-ғаламдану қасиеттерін сіңіруіне дәнекер болғандай еді. Жамбылдың «Ғасем Лахутиға», «Асқан бұлбұл» (Пушкинге), «Пушкинге», «Сүлейман Стальскийге», «Испандық туысқандарға», «Халық туысқандығы», «Кавказға», «Кавказға сәлем», «Тынық Донның ұлдарына», «Туысқан ел», «Тоқтағұл», «Қырғыз ұлы», «Оспанқұлға», «Тарас», «Ленинградтық өренім», «Қаһарман халық достығы», және т.б. өлеңдері ақынның жалпы адамзаттық дүниетаным кеңістігіне тән ұлылық ұлағатын танытады.

Профессор Ө.Күмісбаев Жамбылдың Омар Хайяммен үндестігін айта келіп, Ә.Лахути екеуінің бір-біріне арнаған өлеңдеріне жоғары баға береді: «Лахути – Жамбыл. Мысалы бір-ақ рет болатын құбылыс. Өлеңмен жазылған өрелі құттықтауды жауапсыз қалдыруға болмайды. ...Иран ақындарына тағзым еткен Абай үлгісі Жамбылдың алдында тұр ғой» [119, 4-б.]

Жамбылдың бұл дәстүрі оны және қазақ халқын білетін өзге де халықтар ақындарының шығармашылығына жалғасты. Қазақстан және қазақтың арғы-бергі тарихындағы көрнекті тарихи тұлғалар, ата-

бабалық өнегелі салт-дәстүр туралы туысқан халықтар ақындарының жырлауы әдеби байланыстардың үлгілі бір көрінісі еді.

Жамбылдың шығармашылығындағы алуан түрлі тақырыптардың жырлануы, сол арқылы оның нағыз халық ақыны болып даңққа бөленгені түрікменнің ұлы ақындары Мақтымқұлы Пырағымен (1730-1780), Кемине тағдырларымен үндес көрінеді.

Мақтымқұлы өлеңдерін жүректеріне ұялатқан түрікмендер де, туысқан түркі халықтары да оның туындыларын өздерінің көңіл-күйлерінің үніндей қабылдады, өз тілдерінде жырлады. Жамбыл – ақын және өз туындыларынан басқа да шығармаларға мақам, әуен шығарған композитор. Сонымен бірге домбырамен қосыла сүйемелдеуші, ұзақ дастандарды да әртүрлі әуендермен қоса орындайтын эпик жыршы. Мақтымқұлының Жамбылдан айырмашылығы – медреселік білім алғандығы, сөйтіп Шығыстың классикалық әдебиеті мұраларымен таныс болғандығы. Ал шығармаларындағы халық тұрмысын, адам өмірінің психологиялық болмысын жырлауы, сонымен қатар әрі ақындығы, әрі сазгерлігі Жамбыл шығармашылығымен үндес. Түрікмен зерттеушісі Х.Дурдиев былай дейді: «Махтимкули был музыкантом, достойным зависти поэтов: из обнародованных по сию пору почти пяти сот его стихотворении более двух сот стали песнями не только у туркмен, но и у соседних народов. Словом, Махтимкули дал огромный толчок развитию народно-песенного и музыкального искусства» [120, с.158].

Түркі халықтары ақындарында фольклор дәстүрі болып сақталған бірнеше өнер түрлері синтезінің болуы Жамбыл шығармашылығының көркемдік кеңістігінің жан-жақтылығын аша түседі. Түркия ашықтарының (ақындарының) өнеріндегі байырғы тектестіктердің сақталуы да туысқан халықтардың халық поэзиясындағы ортақ көркемдік-эстетикалық тұтастықты көрсетеді. Қазақтың «ақын» сөзі түрікше «шайыр», «озан», ал «ақындық» сөзі «шайырлық», «озанлық» [121, 11-б.] болып аталады. Ал, XII-XX ғ.ғ. аралығындағы түрік әдебиетінің көрнекті халық ақындары Юнус Емренің, Қайғусыз Абдалдың, Қараджаоғланның, Ашық Омердің,

Гевһеридің, Дертлидің, Ерзурумлы Емрахтың Сейранидің, Рұхсати Мұстафаның, Ашық Вейсельдің [100, 101, 102, 103, 104] шығармашылығындағы бірнеше өнер түрлерінің тұтасқан қалпымен Жамбыл ақындығымен үндестігі поэзиядағы тақырыптар жалғастығымен де сабақтасады.

Мұхтар Әуезов қазақ мәдениетіндегі өнер тұтастануының көрнекті шығармашылық тұлғалар арқылы дәстүр болып қалыптасқанына, кейінгі дамуға жалғасқанына ғылыми баға берген еді: «Искусство тарихында өте-мөте сирек ұшырасатын қасиет, яғни, бір адамның бойында әрі ақындық, әрі музыканттық өнердің тұтас табылуы қазақ искусствосының тарихында ежелден бері бар. Біржан сал, Шөже, Сүйінбай сияқты айтыс ақындары да, Ақан сері, Иман Жүсіп, Жаяу Мұса тәрізді әнші-ақындар да, әрі әнші-композитор, әрі ақын болған, Жамбыл да солай. Тіпті қазақтың жазба әдебиетінің негізін салған Абай әндері халық арасында әлі күнге дейін мәшһүр. Біздің заманымызда Жамбылдың шәкірттері мен Дина осы тамаша дәстүрді ілгері дамытты» [23,186-187б.б.].

Түрік ақындары да қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүрлі ақындар поэзиясының өнер тұтастығы сақталған шығармашылық болмысымен толық үндеседі. Түрік әдебиетінің тарихындағы ақындық пен музыканттықты тұтастандыра ұстанған ашықтар, саз шайырлары, (озандар) шығармашылығына берілген бағалауды поэтикалық үндестік тұрғысында түсінеміз: «XIX yüzyilin ikinci yarisinda ise, Istanbulda bu tarza heves eden türlü meslekten saz şairlerinin çoğalmasiyle, aşiklara «meydan şairi» adi da verilmiştir. Görülüyor ki ilk çağların ozani, zamanla gelişerek kişilik ve Canlilik kazanınca, devrin egilimine göre, saz şairi, aşik şair, meydan şairi ad larini almıştır.

Dedişen, şairin elindeki şarin ve kuuadigi bigimin adidir: ilk ozanların caldigi «Kopuz», sonradan «karadüzen, bozuk, çögür, tanbura, bağlama, cura, adini almış; «ezgi, deyiş, türkü, türkmani, Kayabasi, varsagi» yerine de «Kosna, destan, semai, divan, kalenderi yildiz» yayginlik kazanmıştır» [101, 36-б.].

Түрік халықтары ақындары шығармашылығындағы бұл үндестікті арнайы кеңейте айтуға болады. Мысалы, Мақтымқұлының

өлеңдері қазақ еліне төл акын-жырауларымыздың шығармаларымен бірге араласа таралғаны мәлім. Мақтымқұлының өзінің азаматтық мұраты, елдік, ерлік, адамзаттың қадір-қасиеті, мінез-құлқы, тіршілік заңдылықтары хақындағы саналуан тақырыптардағы шығармалары оның өзіндік көркемдік шығармашылық әлемін көрсетеді. Сонымен бірге ұлы Жамбыл туындыларымен де үндес өлеңдері байқалады. Мысалы, Мақтымқұлының «Күндерім» және Жамбылдың «Акын болдым», «Менің өмірім» атты өлеңдерінің идеялық-композициялық құрылысының әуендес сипаты байқалады. Жалпы, өмірбаяндық-ғұмырбаяндық өлеңдер жазу түркі халықтарының поэзиясында Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы») шығармасынан бастау алады.

Екі ақынның да аталған өлеңдерінде адамдардың дүниеге келген сәттерінен бастап жүз жасқа дейінгі өмірбаяндық жылдардың әрқайсысына тән жас ерекшеліктері, соған лайықты мінез-құлық сипатының физиологиялық-психологиялық құбылыстары баяндалады. Мысалы, Мақтымқұлы ана күрсағындағы мерзімді, туылғаннан кейінгі айлардың, жылдардың әрқайсысына тән тіршілік белестерін романтикалық, реалистік бояулармен, әсермен суреттейді. Мақтымқұлы да, Жамбыл да өздерінің ақындық жолға қадам басқан жылдарына ерекше мән береді. Мақтымқұлы:

Тоғыз жаста ұялады ар, иба,
Он жасымда болды ауызда калима.
Он бір жаста қалам алдым, дариға
Ақын болсам деген іштен күндерім [122,121-б.] – дейді.

Ал, Жамбыл өзінің балалық шақтан басталған ақындық жолының қоршаған әлеуметтік ортамен байланысты жақтарын қоса жырлайды:

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге болдым көңіл алаң болып...
«Райыттап!» тана мініп, қозы бақтым,

Еңбекті иемденгенде шама келіп.
Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма...
Өленді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым.
«Жас ақын, жап-жақсы ақын, Жамбыл ақын!»
Дегенде дара болып көзге түстім.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзартты, өрістетті.
Түскендей бұлтартпайтын данғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым.
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп жарқылдадым [97, 338-339-б.б.].

Мақтымқұлы адамдардың қырық жасқа дейін серпінді қимыл-қозғалыстармен, қыр асатын әрекеттермен танылып, ал елуден кейінгі салиқалы, сабырлы кейіптегі жігіт ағасы, ел ағасы тұғырына көтерілетінін реалистікпен бейнелейді:

Қырық жаста тау мен тасқа басты ұрып,
Елу жаста қолға алдым тасбиық.
Алпысымда төрде отырдым, қасқиып.
Пайғамбардың жасын кешкен күндерім
[122,121-122-б.б.].

Ал, Жамбылдың бұл кезеңдегі ақындық шабыты буған тұлғасы қазақ ұлтына тән сергектікті, жылдар тегеурініне мойымаған қайсарлықты танытады. Еңселеп келген елуді де, алқымдап келген алпысты да жүрегінде бұлқынған жігер отымен жасқаған лирикалық қаһарманның ойлары сондай сападағы адамдардың қасиеттерін ұрпақтарға өнеге, ұлағат қалпында байкатады:

...Елу де келді еркіндеп,
Жамбылды елу ойлантап.
Елуді жас деп еске алмай,
Жұмсадым мол қайратты,
Асау тайдай ойнақтап.
Сақтадым есте ойланып,
Елудің есіп өтерін.
Қызыл көзі алақтап,
Қызыл тілі салақтап,
Азу тісі сылқылдап,
Буындары былқылдап,
Ақ көбік шашып аузынан,
Арыстандай ақырып,
Кәрілікті шақырып,
Алпыстың білдім жетерін.
Бұлқынсам да ақырып,
Қайратты, жастық шақырып,
Ілгіштенген тамақта,
Тұрды біраз қақырық.
Арылмады тамақтан,
Тастасам да қақырып.
Алпыстағы шалдардай,
Алжымадым шатылып!
Алдағы өмір, өткен жас
Ақшыл тартқан сақалым,
Бурыл тартқан ғазиз бас,
Аздап белгі береді,
Жаралсам да темір-тас [97, 25-б.]

Жамбылдың өмір белестеріне арналған өлеңдерінің қазақ ұлтының психологиялық ерекшеліктеріне орай жырланғанын аңғарамыз. Жамбыл жырлары – қазақтың ұлттық психологиясын танытатын ерекше екіпінді, бояулы туындылар.

Жамбылдың туысқан түркі және басқа да алыстағы, жақындағы әлем халықтарының ақындық өнер иелерімен үндестігі әлемдік сөз өнерінің жалпы заңдылықтары аясына кіреді. Ал, Жамбылдың сол халықтарға, олардың ақындарына, тарихи қайраткерлеріне өлеңдер арнауы да сол кезең үшін сөз өнерінің достық, ынтымақтастық байланыстардың дәнекері ретінде танылды. Қазақстанның әлемдік өркениет кеңістігіндегі жаһандастыру бағдарларын өркендетуде Жамбыл қалыптастырған бұл үрдісті де жаңғыртудың өзектілігі туындайды.

Түрікмен ақындары Берді Кербабаетын «Гүлдеген Қазақстан», Ата Атажановтың «Қырғыз топырағының сазы», Анна Ковусовтың «Қазақ меймандарға», «Түркия сапарынан» (1. Шағала, 2. Қойшының қасында. 3. Назым Хикметке), Мамед Сеидовтің «Қазақ анызы», Керім Құрбаннепесовтің «Түрікменстан картасының алдында», Рухи Әлиевтің «Түрікмен кілемі», «Латвияда» және т.б. шығармаларын атаймыз.

Түрікмен ақындары қазақ және түрікмен халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан достық, туыскандық сезім сипатын өлең тілімен өрнектейді. Берді Кербабаетын «Гүлдеген Қазақстан» атты өлеңінде табиғаты мен адамдардың мағыналы, сұлу өмір сымбаты тұтасқан еліміздің тұлғасы бейнеленеді. Қазақ даласының арғы-бергі тарихындағы атакты адамдарға, халық өнерінің әлемді таңдандырған ықпалына шынайы тебіреніс көзқарасы арналады:

Көк бұлт шөккен Алатаудың шыңына,
Шұғыласын Күннің көзі төгіпті.
Жасыл құрақ тәжім еткен суына,
Нарттай қызыл алмалары көрікті.

Күміс күмбез Алматының тауы бар,
Тауынан да сұлуырақ қаласы.
Мұхитына жүзген ғылым бағы бар
Сонша сұлу атқан таңдай аясы [123, 3-б.].

Акын қазақ халқының тарихындағы акындық, әншілік өнер алыптарын (Абай, Жамбыл, Күләш), кен орындарын (Қарағанды, Балқаш) және т.б. ұлттық рухани және материалдық мәдениет байлықтарын сүйсіне толғайды:

Жүрек тұр жырдан толқын толтыра,
Акын Абай, бұлбұл Жамбыл ұрпағы...
Қытайменен ұштасады бір жағың,
Қарабұғаз құшағында қыр жағың.

Қазақ халқы, Сізбен менің бір жаным.
Тұлпарларың желге ойнатып тұр жалын,
Домбыранның сызылған сан күйлері,
Төбіренккендей алып аспан тұр астын [123, 3-4-б.б.].

Акын Мәмед Сеидовтің «Қазақ аңызы» атты өлеңінде шағын оқиғаны арқау ете отырып, екі халықтың бір адамның егіз ұлдары Жайылхан (қазақ) мен Сейілхан (түрікмен) екеуінен тараған түп негіздері жырланады. Бір-біріне жабысып туған екі денені «Бір күні осы араның ханы келіп» қылышпен бөлгені, соның кесірінен екеуінен тараған ұрпақтардың ғасырлар бойы алыстап жүргеніне баға беріледі. Лирикалық қаһарманның толғаныстарынан қазақ пен түрікмен халықтарының түбі бір туысқандығы туралы негізгі идеясы анық көрінеді:

Бір күні Сырдария жағасында,
Болдым мен қазақтардың арасында.
Отырдым қойшы үйінде қонақ болып,
Досымның табылғандай бәрі осында.

Қарт қазақ жылы жүзбен күлімдейді,
Елжіреп жүрек содан дірілдейді.
«Түбінді, жас түрікмен, білемісің,
Екеуміз егіз едік бұрын, – дейді [123, 51-б.].

Түрікмен акыны Анна Ковусовтың «Қазақ меймандарға» деген өлеңінде де қазақ пен түрікмен халықтарының рухани және материалдық мәдениет арналары бойынша үндескен жақындықтары, туыстық негіздері бейнеленеді. Өлеңде акын сезімімен екі халықтың да далалық психологиясына, тұрмысына ортақ ерекшеліктер нақтылана жырланады:

Бірге айтқан дүзде өлең,
Бірге суды іздеген,
Қазақ пенен түрікменнің
Ұқсас жалпақ шөлдері,
Қазақ пенен түрікменнің
Еңбек сүйгіш елдері!
Бір бекіген екі елдің
Достық ойы, ақылы.
Айтылмаған түрікменнің
Бекерге бір накылы:
«Қазақпенен дос болсаң,
Аузы-мұрның май болар,
Түрікменменен дос болсаң,
Күнде думан той болар [123, 36-6].

Түрікмен акыны Қара Сейталиевтің «Алақанат ақ құстар», «Жан–Түрікменстан» атты өлеңдері де бейбітшілікке тән тіршілік тынысын (шөл даланы суландыруды, көктемгі түрлену мен Түрікменстан келбетін егіздеу) көркем бейнелі тілмен өрнектейді. «Алақанат ақ құстар» өлеңінде лирикалық қаһарман – акын бейбіт өмір жаршылары құстардың Қарақұм шөлдеріне келген айдын шалқар көл суларын, белдерді жасыл желектерге бөлейтін сұлу келбетімен қоса мәңгі мекендеуі хақында тебірене жыр толғайды. Акын Түрікменстанның Қарақұм аймағын суландыру жұмыстарынан шырайланған сұлу бейнесінің поэтикалық ажарлы, бейнелі сипатын көркем тілмен жырлайды:

Қатып қалған сұрлана,
Қара адыр да гүлденді...
...Кеудесіне көтерсін,
Гүлге оранған көктем – бел,
Ерте келген екенсің,
Енді қайтып кетпендер,
Су келеді шөлдерге
Ну келеді белдерге
Алаканат ақ құстар,
Айдын шалқар көлдерге,
Шомылыңдар сендер де [123, 11-б.].

Ақынның «Жан-Түрікменстан» атты өлеңінде туған Отан келбеті мен табиғаттың жана қозғалыстардағы әсем бояулы, бедерлі суреттері өзара үндескен, тұтасқан шырайлы сымбатымен өрнектеледі. Өлеңде лирикалық қаһарманның жан дүниесінен қайнап шыққан тіршілікке ғашық сезім әуендері өзара үндес, тектес құбылыстардың тұтасқан тынысын танытқандай бейнелеулермен жырланады. Бұл – түркі халықтары ақындарының табиғат құбылыстары мен адам көңілінің егіз өрімдермен өріле жырлау дәстүрінің көрінісі:

Көктем күні балбыраған бой алды,
Дала бусап, ұйқысынан оянды.
Өрнектеліп, адамзаттын колымен,
Ақ адырлар қырлы гүлмен боянды.
Барлық адам тау қопарар түрменен,
Жарыскандай нұр сәулелі күнменен!
Бір жағынан бұрқырата жер казып,
Бір жағынан қоршап жатыр гүлменен.

Әрбір үйдің алдында бір тіршілік,
Әрбір үйден бал-бөбектер жүр шығып,
Секілді олар күнге еркелеп ойнаған,
Көктемдегі балбыраған гүл-шыбық [121, 11-б.].

Жамбыл және түрікмен ақындарының туған жер, атамекен, бейбітшілік тынысы хақындағы өлеңдеріндегі үндестік арқылы, әрине, біз жалпыадамзаттық гуманизмге ортақ тағылымды танимыз.

Поэзияда жеке адамдардың, тұтас халық тұрмысының психологиялық, философиялық астарларын ашуда, әрбір адамға тән мінез-құлық ерекшеліктерін саралап көрсетуде, карама-қарсылықты құбылыстардың күресі мен бірлігін романтикалық және реалистік сипатпен жырлауда Жамбыл мен түрікмен ақындарының үндестіктері мол байқалады. Түрікменнің өткен замандардағы Мақтымқұлы, Талиби, Сеиди, Кемине, Зелили, Молданепес, Кәтиби және т.б. ақындары өлеңдерінің Жамбыл шығармаларымен поэтикалық үндестігі анық, әрине, әрқайсысының даралығы да белгілі.

Қырғыздың халық ақыны Аалы Тоқомбаевтың «Қазақ халқына» атты өлеңінде де туысқан халықтардың мәңгілік тыныштықты, бейбітшілікті ұстанған дос көңілдерінің ортақ мұраттары бейнелі сөздермен өрнектеледі. Қазақстанның ХХ ғасырдағы материалдық және рухани мәдениет салаларындағы игерген жетістіктері ортақ мақтанышпен жырланады. Қазақ даласындағы өзендердің шөл далаларды суландырғаны, шахталардың, зауыттардың ашылғаны, «Күн сияқты доп-домалақ бал дәмді» Алматы алмасының тәттілігі, адамдардың бейбітшіл, қонақжай көңілі – бәрі де Аалы ақын көңілінің мөлдір моншақтары болып төгіледі:

Сен естідің таулы, жазық, қыраттан,
Абай, Жамбыл әнін әлем ұнатқан,
Тоқтағұлдың жырын тағы шырқайды,
Адамдардың жүзі жайнап гүл атқан.
О, қазағым, бір бауырлас туысым,
Сен сенімді серігімнің бірісің..
Сырлы әніңді жалықпаймын тыңдауға
Сазды әуенге жан елтімей тұрған ба?
Паш етуге бар дауыспен әлемге
Сен дайынсың жаңа өмірді жырлауға,
О, қазағым, мен де әніңді салайын,

Армандасым, жан досымсың, ағайын!

О, казағым, туысқаным, дос елім,

Мен де сендей гүл-гүл жайнап өссемін! [125, 10-11-б.б.].

Қырғыздың халық ақыны Темірқұл Үметалиев «Сен барында» өлеңінде бейбітшіліктің, береке-байлықтың бесігі атамекеннің қасиетіне баға беріледі. Өлеңнің идеялық-композициялық құрылымында ақын адамзаттың рахат өмірінің кепілі тұрақты атамекеннің, Отанның құдіретін поэтикалық бейнелеу тілімен жырлайды. Лирикалық қаһарманның романтикалық асқак қиялының аясына алынған реалистік көзқарастан атамекенді жер бетінде ешқандай көркем жердің де, жиналған дүние-дәулеттің де, жеміс-жидектің, асыл тастардың бәрінің («Бере алмайды Алатаудың келбетін») ауыстыра алмайтынын анықтай айтады. Атамекенде ғана салтанат құратын еркіндік, мереке, тыныш өмір, тіршілікке құштарлық және т.б. өркендеу көрсеткіштері көрсетіледі.

Өлеңде лирикалық қаһарман атынан айтылатын перзенттік жүрек сыры арқылы туған Отанда ғана еркін, азат, бақытты өмір сүре алатын әрбір адамның тағдыры бейнеленеді. Ақын әрбір адамның атамекеніне жер бетіндегі ешқандай жердің немесе ең тәтті жемісінің де, асыл тастарының да келбетіне тең келе алмайтынын тебірене, шалқи жырлайды:

Сен барында еркін басып жүру бар,

Сен барында көңіл ашып күлу бар,

Сен барында жүрек соғып кеудеде,

Сен барында жарқын өмір сүру бар.

Сен барында жалын шашып күю бар,

Сен барында жастық сезім сүю бар.

Сен барында ұясы бар сұңкардың,

Мендейдің де бас қалқалар үйі бар [125-13-б.].

Жамбыл шығармашылығымен тығыз байланысты айтылатын бір сала – осы қырғыз ақындары. Жамбылдың өлеңдерінде қырғыз халқының рухани тұлғасы поэтикалық көркем сипатпен жырланады. «Қырғыз ұлы» деген өлеңде Іле, Шу, Нарын, Алатау атырабын бірге жайлаған екі халықтың ауылы аралас, малы қоралас қалпының реалистік суретін бейнелейді:

Атамыз болған бал тату,
Анамыз болған жан тату.
Келін менен бозбала,
Ұлы менен қыз тату.
Басына басы қосылып,
Жанынан жаны қосылып.
Араласқан ауылым,
Біреді ұрттам сүт тапса,
Бөліп ішкен қауымым [97,157-б.].

Жамбылдың «Токтағұлға» атты өлеңі 1912 жылы Үлкен Кэмин деген жайлауда қырғыз манабы Шабденге берілген аста Жамбыл мен Токтағұлдың кездесу сәтінде шығарылған [96, 285-б.]. 1898 жылы қырғыздың бай-манаптарының жала жабуымен Сібірге жер аударылған Токтағұлдың сол ауыр сапардан аман оралғанына қуанған Жамбылдың көңіл қуанышы бейнелі жыр өлеңмен төгіледі:

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден,
«Алмас пышақ қап түбінде жатпас», – деген,
Хан-төре айналмай ма сендей ерден!

Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп [96, 49-б.].

Жамбылдың «Токтағұл» атты өлеңі де қырғыз халқына арналған достық, туысқандық көңілін айқын аңғартады. Қырғыздың дәстүрлі ақындық поэзиясының өкілі Токтағұл Сатылғановтың рухани мәдениеттегі мәртебелі орны оның көркемдік шеберлік тағылымы арқылы ғана танылатыны анық. Жамбылдың өлеңінде ақын Токтағұлдың көркем әдеби бейнесі айқындалады. Яғни, көркем әдеби бейнені құрайтын мынадай мәселелер саралана көрінеді: біріншісі – Токтағұл жырларының көркемдік тағылымына баға беру; екіншісі – Токтағұлдың туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық- күрескерлік тағдырын бейнелеу.

Жамбыл Токтағұл жырларының халық жүрегінен берік орын алған шынайы, ықпалды сипатын мейлінше әсерлі бейнелейді:

...Жан еріп, жүрек сергіп, бойды билеп,
Денені асыл сөздер шымырлатты.
Алмастай кейбір сөзі жарқ-жүрк жайнап,
Жалындап жанған оттай тұр жаркылдап.

Тез жетіп тындаушының көкейіне
Айбатын бірде шындап, бірде қайрап,
Жетелеп жұрт қиялын, ойды безеп,
Өшпестей жүрегіне құйған қайрат.
Ерекше өзгелерден кылығы асқан.
Жырына сөз асылын тізген сайлап.

Тасындай Тянь-Шаньның бойы биік,
Токтағұл – ерен биік жырдың шыны.
Сөздері сап алтындай көзді тартып,
Жарқырап, жан балкытып тұрар нұры [97,155-б.].

Ақын өлеңіндегі объективті кейіпкері тұлғасының әлеуметтік ортадағы қуатын дәлелдеу үшін "Топ жарған жүзден, мыңнан ел жүйрігі, баураған ел жүрегін таң бұлбұлы, қырғызда күннің көркі сөздің гүлі" сынды бейнелі тіркестерді арнайды. Өлеңде Токтағұлдың

халқы үшін озбырларға қарсы күрескен ерлікке толы тағдыры да жыр арқауына алынады:

Үңілсең тереңірек жырларына,
Байқалар ел шаттығы, елдің мұны...
Токтағұл жасын төккен бұл тілменен
Жауға да жалтақтамай қатты тиген.
Қол-аяғын бұғаулап болат шынжыр.
Айырған тар қапаста жарық Күннен.
Сібірдің түкпірінде жүргенде де,
Жүрегі жасыған жок елін сүйген.

Алыстан ел құлағын елендетіп,
Өткір сөз жатты өріліп өктем үнмен
«...Азаттық, азаттық!» деп аңсап өткен
Токтағұл – ойлап тұрсам, ел жүрегі [97, 155-б.].

Туысқан халықтардың осындай үлкен акындарын ардақтай жырлаған дана Жамбыл адамзаттың ортақ бақыты өмір тыныштығын, тіршілік қызығын үнемі сөз арқауына алудан жаңылмайды. Қырғыздың халық ақыны «Оспанқұлға» өлеңіндегі:

Күллі қырғыз бауырыма,
Тілеймін өмір қызығын [97, 158-б.] –
деген тідегі – әлем акындарына тән ізгі ойдың көрінісі.

Қазақ және туысқан басқа халықтарға да, жалпы адамзат қауымына арналған бейбітшілік, достық ұлағатының Жамбыл жырына арқау болған дәстүрін қырғыздың халық ақыны Токтағұл Сатылғанов (1864-1933) та жырлады. Әсіресе, ақынның «Қазақ жеріндегі жыр» деп аталатын топтама өлеңдерінен достық ойлары анық көрінеді. Осы өлеңдер топтамасын эпикалық толғау-дастан жанры түрінде де бағалауға болады. Толғау-дастаны мынадай толғау-жырлардан құралады: «Сәлем берем жалпына», «Адамзат әсте көрмеген», «Айдалып келіп болыстан», «Ойран-топыр заманда»,

«Кондырмайды бурылша», «Айдаудан кашкан мен едім», «Айналдым сенің халкыңнан». Толғау-дастандағы өлеңдерге ортақ желі-тақырып

Ресей патшалығының отаршылдық саясаты зардаптары. Толғау-дастанда Сібірге каторгалық айдауға жіберілген акын қазақ пен қырғыз халықтарына Ресей патшалығы жасаған зұлымдық жазалау шараларын айыптай жырлайды. Акынның реалистік тілімен жырланған поэтикалық бейнелеулері әсерлі өлең жолдарынан Ресей патшалығының отар халықтарды түрмелерде, каторгалық айдау азабында ұстаған қатыгездік шараларын толық көреміз:

...Зұлым патша Николай,
Зорлықпен көзді жас қылған.
Шылдыратып кісенін,
Зынданға тастап жатқызған.
«Сібірде үсіп өлсін!» - деп,
Жалаңаяқ, жалаңбас.
Тоғайдан түбір қаздырған.
Омбыдағы түрмеге,
Қамап қойды отыз ай,
Залым патша Николай.
Солдатына ұрғызып,
Зар қақсатты бірталай.
Атқа тенеп адамды,
Шанаға жегіп қор қылды [126, 19-б.].

Токтағұл – қырғыз поэзиясындағы дәстүрлі акындықтың көрнекті тұлғасы. Оның заман келбеті хақындағы өлеңдері Жамбылдың, Мақтымқұлының, Бердақтың және т.б. туысқан түркі халықтары поэзиясындағы заман келбетіне арналған сыншыл реализм жырларымен толық үндеседі.

Қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақ (Бердимұрат) Ғарғабайұлы (1827-1900) өлеңдерінде де заманының халқына қысым әкелген зардаптары поэтикалық өрнектеу тілімен жырланды. Акынның «Бермеди», «Гәрдиши», «Заманда», «Билмедим», «Ақыбет»,

«Жаксырак» және т.б. өлеңдерінде ХІХ ғасырдағы қарақалпак халқының ауыр азапқа толы тағдыры айқын бояулармен суреттеледі. Мысалы, «Гәрдиши» өлеңіндегі трагедиялық хал-ахуалдың түркі халықтарына ортақ тағылымы анық байқалады:

...Ерік кетті малдан, бастан,
Жер көл болды аққан жастан.
Түрлі бәле жауды аспаннан.
Гүңгирт пәлектің гәрдиши...

Бұлақлар қурып шөл болды,
Көз жасы дәрья – көл болды.
Бенде халы мүшкіл болды,
Урды пәлектің гәрдиши.
Жерге көгермеді гия,
Суу да жоқ болды зым-зия,
Тилимизди тыя-тыя
Қысты пәлектің гәрдиши.
Гүл ашылып жайнамады,
Қазаным бір қайнамады.
Бұлбұл еркін сайрамады.
Жауды пәлектің гәрдиши.

Мойнымызға илинди дар,
Шашын жайып келбетли яр.
Жүзин жыртып, жырлады зар
Кермей пәлектің гәрдиши [127, 50-52-б.б.].

Бердақ пен Жамбыл – тағдырлас ақындар. Өмір бойы ақындық өнерін халқының рухани әлемін байытуға, туған еліне қызмет етуге арнаған Бердақтың шығармашылығының табиғаты да Жамбылды еске түсіреді. Қарақалпак әдебиетінің зерттеушісі, профессор Н.Дәукараевтың дерекнамалық баяндаулары Бердақ пен Жамбыл шығармашылығының егізделгендей болмысын елестетеді:

«Жас бала уақытларынан-ак Бердак саз-сәубетке үйір болып, дуутар шертип, халық қосықтарын айтып, шебер сазенделиги хәм хош хауаз гөйәнделиги менен халық ауызына илине баслайды, ал 18-19 жасларынан баслап оның өзи де қосық шығарып, шығарған қосықтарын намаға салып айта баслайды. 25 жасларында ол өзиниң шайырлық таланты менен мийнеткеш халықтың муңын муңлап, жырын жырлаушы бәлент жыршылық лапызы менен халық арасында кеңнен танылады» [128-5-6].

Жамбыл шығармаларындағы халықтың жүріп келе жатқан бұрынғы-соңды тарихын, елдің күйзелістерін жырлауы қарақалпақ ақыны Бердакпен де, қырғыздың ақыны Токтағұлмен де үндес мағыналарда жырланған. Токтағұлдың «Әділсіз заман жанышқан», «Арам патша Николай» деген сыншыл сөздері түркі халықтарына ортақ зар заманның келбетін кейінгі ұрпақтың көз алдына шынайы калпымен елестетеді:

Ойран-топыр заманда,
Жетім-жесір зарлаған.
Жүр бір-бірін арбаған.
Бірді-бірге құл еткен,
Бұл не қылған тар заман?!
Қаксағанды қарамас,
Зарлағанды сұрамас.
Қарғыс тиген сұм заман [126, 27-6].

Профессор Б.Омарұлы «Қазақ-қырғыз қасіретнамасы» атты зерттеуінде былай дейді: «Біздің әдебиетте «Зар заман», қырғыздарда «Тар заман» түрінде көрініс тапқан осы бір құбылыстың басқа халықтардың поэзиясында да ұшырасатыны белгілі болып отыр. Өйткені отаршылдықты басынан өткізген елдер дүниежүзінде жетіп артылады. Ал, оған сол тұста өмір сүрген ақындар тарапынан қарсылық көрсетілуі, бұл қарсылықтың бізде зар заманға ұқсас кейіпте байқалуы таң қаларлық нәрсе» [129, 6-6].

Бердақтың, Тоқтағұлдың Ресей патшалығының отарлық бұғауындағы халық тағдырын, поэзияның көркем кестелі өрнектерімен жырлау үрдісімен үндестік үлгілері Жамбыл шығармаларында мол кездеседі. Отарлық езгідегі халық тағдырын, заман келбетін бейнелейтін мұңлы-шерлі, ызалы ой өрімдері ақындардың шығармашылық тұлғаларын бір-біріне жақындастыра түседі. Жамбылдың «Менің өмірім» атты ғұмырнамалық-өмірбаяндық жырындағы зар заманды бейнелейтін суреттер ұлт ақынының жан дүниесіндегі күйзелістердің психологиялық сипатын толық елестетеді:

Жыландай улы зәрін шашқан заман,
Даланы сасық тұман басқан заман.
Игілік, үлгілі істің ісі шықпай,
Қанқұмар қанасынан асқан заман.
Бірінін бірі иығын басқан заман.
Шаянын ұсақ-түйек жұтып қойып,
Аранын айдаһардай ашқан заман.
Даланың бір жағы – от, бір жағы – мұз.
Қарыған алдын жалын, аркасын сыз,
Бауырдай бөліп-бөліп отқа салған.
Қазақтың жай емес ед болуы «Үш Жүз»
Бүйірден қатын патша тиді келіп,
Бүйідей бүре тістеп киді келіп,
Қуырған құм күйдіріп, жүгерідей,
Жалындап қалың халық күйді келіп,
Ел жылады, қандарын сорды келіп [97,340-6].

Жамбыл мен Тоқтағұл, Бердақ ақындығының осы ортақ тақырып арнасындағы үндестіктерін аша түсетін поэтикалық ерекшелік – ақындық «Меннің» көркемдік жинақтау тілімен туысқан халықтар тағдырын анық елестетуі. Айқындау, тенеу, ауыстыру сынды поэтикалық көріктеу қолданыстары арқылы ақындардың сөз

нысанындағы мағыналық тереңдіктерді көркемдік сипатпен танытатын шабытты өрнектері де даралана аңғарылады.

Мысалы, Токтағұлдың метафоралы бейнелі тіл өрнегі былайша өріледі:

Дариға, мен де бір шақта
Қомузын шешен сөйлеткен.
Өнері асқан жан едім,
Бұралған қыршын тал едім.
Ежелгі елдің тілі едім,
Алкалы топтың гүлі едім,
Ақын едім жасымнан,
Атып оқтай әр сөзін,
Аруағын асырған,
Арқаланып сөйлесем,
Алатау көгі ашылған.
Андыған жауым басылған [126, 18-б.].

Ақынның метафоралық-символдық бейнелеулерінің көркемдік астарлары арқылы туған халқына тән асыл қасиеттер даралана, саралана көрсетіледі. Ақын – туған халқының келбетіне тән асыл сапаларды бойына жинақтаған айрықша тұлға. Токтағұлдың қазақ қауымына қайта айтылған әрі мұңды, әрі өршіл ойлы сөз әуендерінен жеке кісілердің қасиеттерінен құралатын халық тұлғасын танимыз:

Тұғырда жалғыз түйғынмын,
Бұтақта жалғыз бұлбұлмын.
Азапка түскен құрғырмын.
Адасып жүрген мұңлымын [126, 18-19 б.б.].

Баяғыда мен-дағы
Бұлбұлдардың бірі едім,
Бір кісідей бар еді,
Қызыл тілге өнерім,

Таусылмайтын кен еді.
Қызыл тілде өлеңім,
Қомузшы жігіт мен едім,
Қоңыртау жалғыз жерінде
Жүйрік едім талмаған,
Қызыл тілім сайраған [126, 21-22-б.б.].

Шешендік сөзге қырғызда,
Бас бәйгені бермеген,
Сәйгүлік едім өрлеген [126, 27-б.].

Бұл – Жамбыл және Тоқтағұл ақын жырларындағы авторлық тұлғаны бейнелеудегі үндестік көрінісі. Лирикалық қаһарманның тұлғасын даралауда поэтикалық-көркемдік жинақтаудың бояулы бейнелеу үлгілерін түйдектете қолдану – түркі поэзиясының дәстүрлі жолы.

Жаратылыс, табиғат құбылыстарының бейнелілік суреттері мен лирикалық қаһарманның көңіл күйін тұтастыра егіздей жырлау ХІІ-ХХ ғ.ғ. түрік ашықтары шығармашылығының поэтикалық өзегін құрады. Мысалы, ашық Қараджаоғланың мына өлең жолдары қазақ және түрік ақындық поэтикасындағы поэтикалық-психологиялық тұтастықты аңғартқандай:

Başında da namli karin var.	Басында да әйгілі қарың бар,
Seni yaylamin, zamana dağları	Сені жайлайтын, замана таулары.
Mecalim mi vardir cikzam başına	Қайратым барда шықсам басына,
Kalmadi takatim amanım dağlar.	Қалмады сабырым, амалым, таулар.

Yağmur yağar yeşil otlar bitirir,	Жанбыр жауса, жасыл шөптер шығарар,
Yel esince rayihasin getirir	Жел ескенде хош иісін аңқытар.
Sari cicek servan kurmuş oturur	Сары гүлдер серуен құрып отырар,

Cimenli ieylağa karişan, dağlar
Yaz gelir di iller cevrilir konar
Güzeller suyundan icer de kanar
Al küpe kulakta mum gibi yanar,
Gördükce artiyor imanındağlar

Жасыл шөп, жұпар гүлмен
безенген таулар.
Жаз келер де елдер айнала конар,
Сұлулар судан ішіп те канар.
Қызыл сырға құлақта, шам секілді
жанар,
Көрген сайын артады иманым,
таулар

[100, 516-б.]. (автордың жолма-жол аудармасы)

Түркі халықтары ақындары поэзиясына ортақ риторикалық сұрау тұрпатындағы салыстыра жырлауды Жамбыл мен Токтағұл өлеңдерінен көреміз. Мысалы, Жамбылдың «Жаратылыс сыры» және Токтағұлдың «Сәні келер ме?» атты өлеңдеріндегі адам мен табиғаттағы заттарға байланысты қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды салыстыра жырлаудың табиғи үндестік екендігі анық. Жамбылдың өлеңінде асқар таудың айдын көлі, ер жігіттің елі, елдің дербес мекен-жайы, ағаштың өскен мәуесі, судың аққан арнасы, әйелдің ері, жаздың жаңбыры, заманның әділеті болмаса нағыз ғаріптік екені айтылды. Сонымен бірге, жігіттің, халықтың істері алға баспаса, арғымақ аксаса, малшы «малын жөндеп бакпаса», баксы өтірік айтса, көлге қаз-үйрек конбаса, шебер ағашты дұрыс жонбаса – бәрі де ғаріптік ұғымына кіретініне баға беріледі.

Жамбылдың табиғат құбылыстарының осындай сипатын бейнелеуі өмір философиясының карапайым заңдылығы жүйесімен өрнектеледі.

Ал, Токтағұлдың аталған толғау-термесіндегі осы әуендес жолдардың үндестігі ақындық ой өрімдерінің тектес жаратылысын анық аңғартады:

Көк майса қаулап өспесе,
Жердің сәні келер ме?!
Мыңғырған мал жайылмай,
Белдің сәні келер ме?!

Қаз, үйрегі қонбаса,
Көлдің сәні келер ме?!
Сайрамаса саратан
Шөлдің сәні келер ме?!
Бүрлемесе ырғалып,
Талдың сәні келер ме?!
Жайқалып егін өспесе,
Жердің сәні келер ме?!
Жұпары қоса еспесе,
Жердің сәні келер ме?! [126,14-15-б.б.].

Тіршіліктегі өзге де құбылыстарды бағалауда ақындық ой-өрімдерінің ұқсас әуендері егізделе танылады. Мысалы:

Жамбыл: Арғымақ ғаріп емес пе,
Арамгер болып ақсаса [96, 55-б.].
Токтағұл: Төгілген жалы болмаса,
Аттың сәні келер ме?! [126, 14-б.].
Жамбыл: Баксы ғаріп емес пе,
Өтірік айтып ақтаса?! [96, 56-б.].
Токтағұл: Асыл сөзі болмаса,
Қарттың сәні келер ме?! [124, 14-б.].

Қорыта келгенде айтарымыз, Жамбылдың әлем халықтары ақындарымен тығыз бірлікте қарастырылатын поэтикалық дәстүрі біздің ұлттық әдебиетіміздің өркениеттегі көрнекті орнын айқындайды. Жамбыл – қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен Ал Орда (XIII-XIV ғғ.), Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ.), XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы ұлттық сипатын жаңғырта жырлаған ақындар поэзиясы дәстүрін көркемдік шеберлікпен жалғастырған ақын. Ауызша ақындық поэзияның ұлттық мәдениетке тән дара өзгешілігі мен түркі халықтары әдебиеттерімен үндестігін дамытқан Жамбыл шығармашылығының дәстүрі сөз өнеріндегі дербес мектеп ретінде бағаланады.

Практикалық сабақтың тақырыбы:

- *Жамбылтану және әлем халықтарының ақындық өнер иелерімен үндестігі.*

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Түрік әдебиетінің халықтық сипатын танытатын Жамбыл типіндегі өнер иелерінің шығармашылық үндестігі.*
2. *Әдебиетіміздің сыншыл әлеуметшіл мазмұнын байытуда Жамбыл шығармашылығының маңызы.*
3. *Жамбылтануға жаңа тұрғыдағы серпілістер әкелген кезең.*
4. *Жамбылтанудағы зерттеулер.*
5. *Жамбылдың әлемдік дәрежеде танылуы.*
6. *Жамбылдың әдеби хатшылары.*
7. *Жамбыл туралы естеліктер шоғыры.*
8. *Жамбыл бейнесінің жазба ақындар шығармаларындағы орны.*
9. *Қазіргі қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармаларында Жамбылдың әдеби бейнесінің сомдалуы.*
10. *Жамбыл және Қырғыз ақындары.*
11. *Жамбыл және Түрікпен ақыны.*
12. *Жамбыл және Қарақалпақ ақыны.*

СӨЖ үшін тапсырма:

- *Жамбыл Жабаев шығармашылығында Ислам діні мәдениетінің жырлануы. Реферат.*



АЗАМАТТЫҚ-ОТАНШЫЛДЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ АУЫЗША ЖЫРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

2.1. Сыншылдық тұрғы және әлеуметтік-эстетикалық мұрат

1. *Жамбылдың ақындық қуатты сыншыл жырлары.*
2. *Жамбыл шығармашылығындағы сатиралық жанр.*

1. Жамбылдың ақындық қуатты сыншыл жырлары

Әдебиеттегі сыншылдық сарын – қоғамдық-әлеуметтік ортаның кемшіліктерін айқындап ашып көрсететін көркемдік әдіс. Өмір құбылыстарының күнделікті тұрмыстық қарым-қатынастардағы қайшылықтарын шынайы қалпында айту арқылы ақындар өз кезеңінің сыншыларына айналады. Халықтың тұрмысы нашарларының да, аukatтыларының да мінез-құлық қасиеттері жақсылық пен жамандық таразысына тартылады. *Ақын* – адамдық мінез-құлықтың сарапшысы, адам тәрбиесінің тәлімгер ұстазы. Адамгершілік қарым-қатынастарының ізгілік пен ездік қайшыласқан сан сырлы, алуан қырлы жағдайларын ой елегінен өткізе, адамгершілік ар таразысы тұрғысынан бағалауда ақындық өнердің тәрбиешілік-тәлімгерлік ұлағатты қызметі мейлінше саралана танылады. Адамдар ортасындағы сараңдық, жалқаулық, опасыздық, өсекшілдік, өтірікшілік, менмендік, мақтаншақтық және т.б. ең ұсақ, ең нашар қасиеттері бар жандардың тұлғалары ақын тілімен әшкереленеді.

Ақындар – халқының ішкі тұрмысындағы адамгершілік тәрбиешісі болуымен қатар, сол туған халқының сақталуының өсіп-өркендеуінің де жоқшылары.

Туған халқының мәңгілік ұлы тарих жолындағы калыптасуы, өсіп-өркендеуі хақында азаматтық жауапкершілікпен толғана

тебіренеді. Кемшіліктерінен арылуын, асыл сапалармен жетілуін, нығаюын армандайды. Сонымен қатар, туған халқының атамекендерінің де сакталуын, туған өлкенің табиғат байлықтарының (өзен, көл, тау, ағаш, аңдар, құстар, төрт түлік т.б.) азып-тозбауын ойлап жырлайды. Осындай кең көлемді азаматтық парасаттылық биіктіктері тұрғысынан ойлауда ақындар өз заманының сыншыл тұлғаларына айналады. Сыншылдықпен жырлау арқылы ақындар қайраткерлік, күрескерлік іс-әрекеттері мен жырлары тұтаса өрілген халық өкілдері ретінде тарих белестерінде даралана танылады, халқының сүйіспеншілігіне бөленеді.

Өмір шындығын сыншылдықпен жырлаған бұл дәстүр – казактың төл әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдеріндегі шығармашылық тұлғалардың барлығына да тән ерекшелік. Сондықтан, Жамбыл және оның дәстүріндегі ақындар мұраларынан сыншылдық сарындардың мол кездесетіні – табиғи жағдай.

Жамбыл – өмір шындықтарының жыршысы. Қазак әдебиеті тарихындағы ақын-жыраулардың барлығына да тән осындай мазмұнда жырлауды жалғастыруынан ақынның жалпы сөз өнеріндегі көркемдік әдіс табиғатына тән бағдарын танимыз. Әдебиет тарихындағы өмір шындығын жырлауда, жазуда тұтынатын сыншыл реализм туралы академик З.Ахметов айтқан анықтаманың Жамбылдың ақындығына да негіз болатыны байқалады: «Сыншыл реализм – әдебиеттегі көркем әдіс, оның басты ерекшелігі – өмірді сыншылдықпен бейнелеп, адамдардың тағдырын, олардың типтік мінез-бітімін, характерін типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, кемшіліктерді қатты сынға алу» [9,189-б.].

Жамбылдың заман шындықтарын көзімен көріп, оған әділ бағасын бере жырлауына таптық емес, гуманистік мұраттар тұрғысынан баға береміз. Адамдарды қоғамдық құбылыстарды ақ пен кара, жақсылық пен жамандық атты бір-біріне қарама-қарсы қасиеттердің бірін-бірін жоққа шығара, бірақ бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын философиялық заңдылықтары бойынша жырлауды танимыз.

Өмір шындығын ақындық ойдың елегінен өткізуге, әрине, көркемдік жинақтау түріндегі негізгі қорытындылар, тұжырымдар

жасалады. Жамбылдың балалық шағынан жүзге дейінгі ғұмырында көрген адамдары, тарихи оқиғалары, күнделікті тұрмыстық тіршілік қозғалыстары, қарым-қатынастары және т.б. – бәрі де шығармаларында ақындық тілдің реалистік-романтикалық бояуларымен жырланған. Бұл орайда біз Жамбылдың казак сөз өнері тарихындағы әдебиеттік көркемдік әдістерге лайықты жасалған шығармашылық тұлғасын көреміз.

XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар – сол қоғамдық-әлеуметтік құрылыстардың негізгі ұйытқылары, ұраншылары, қорғаушылары. Бірақ, солар сол ортаның ең үлкен сыншылары. Олар хандардың да, бұқара халықтың да жақсылықтары мен жамандықтарын саралап жырлады. Тіпті, хандардың жөнсіздіктерін беттеріне басып, ашық түрде мәлімдеп жырлады (Асан Қайғы, Қазтуған, Марғаска, Бұқар және т.б.). Бұл дәстүр жалғасып, кейіннен Сүйінбай, Махамбет, Жамбылға және т.б.-ға ұласты. Демек, Жамбыл жырларындағы әділетсіз хандарды, байларды сынау сарыны казак әдебиетінде ежелден қалыптасқан сыншыл реализм дәстүрлерінің жалғасы. Сондықтан, Жамбыл бір ғана таптық көзқарасқа сыймайды.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы тақырыптық-идеялық мазмұны жағынан ерекшеленетін зар заман ақындары туралы алғашқы пікірлер негіздері ұлы ағартушы ғалымдар Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов еңбектерінде қаланған болатын. Халық ақындарының зар замандық жырларында отаршылдықтың зардаптарынан казак халқы тұрмысының азып-тозуының көріністері реалистікпен жырланды. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» (1927) атты кітабындағы «Зар заман ақындары» тарауында Абаймен тұстас болған ақындардың бәрінде де зар замандық сарынның болғандығын айтады: «Енді осы дәуірдегі зар заман ағымына кіретін кім? Бізше бұл ағымға XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Жоғарғы айтқан ағымға айтыс ақындарының кіретін себебі, бұларды барлығы бірдей ылғи айтыспен өткен емес. Орыс зорлығымен жерден ауған ел, елден қуылған ер болса, соның

барлығына айтыс ақындары да жылаған, жоқтау өлеңдерін айта білген» [26, 208-б.].

Жамбылдың зары қазақ халқының құралу, қалыптасу, даму тарихындағы ауыр кезеңдерді жеткізетін, шертетін шежіре сыр. Лирикалық кейіпкер ақын өзінің жеке басының киын тағдырлы өткелдерін айту үстінде халқының да басқыншылықтың құрбаны болып, босқыншылыққа ұшырағанын айтады. Мысалы, сонау ғасырдың ортасында Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншы қанды жорықтарының зардабына ұшыраған қазіргі Қаратау атырабындағы, қазіргі Шу, Талас жеріндегі қазақ халқының басына түскен нәубет оқиғаларын көз алдымызға елестетеді:

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей, көк найзалы жау торынан.
Байқара, Жамбыл, Ханда мен туыппын
Жамбыл деп қойылыпты атым содан.

Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көп-жөнекей боран күні.
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып суық ауа шыққан үні.

Мен емес, суық дәмді ел де алыпты,
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.
«Қара күн хан билеген, қанды жорық»,
Дегендей ел аузында сөз қалыпты.

Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан, қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім – еңіреп босқан анды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім.

Бой бермес ел өмірі асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.

Бірде от, бірде суды көктей кешіп,
Талпынып, тілегіне басты ілгері [97, 20-б.].

Жамбыл – дүниеге келген күнінен бастап, өмірінің соңғы сәтіне дейін халқының тағдырымен бірге тыныстаған жан. Халқының сыртқы жаулардан көрген азап-ақыреттерін, қиындықтарын зарлы тарих тілімен толғаса, ел ортасындағы әділетсіздіктерді сыншыл тілмен жырлап, бүкіл уақыттың кеңістігіндегі тіршілік қозғалысының барлық салаларына толық қатысты. Бұл – өнер алыбына, тіршіліктің ұлы перзентіне ғана тән ерекшелік.

Демек, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысын қамтитын бір ғасырлық ғұмыр сүрген ұлы Жамбыл – осы кезеңдердегі заманының қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарын жан-жүйесімен сезінген ақын. Ол XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап XX ғасырдың 20-жылдарына дейін от ауызды, орақ тілді айтыс ақыны, әрі халықтың әлеуметтік тұрмыс қайшылықтарының жыршысы болды. Ресей патшалығының және Қокан, Хиуа хандары мен қырғыз манаптарының отаршылдық зорлық-зомбылықтары, қазақтың озбыр болыстары мен билерінің, әкімдерінің паракорлығы мен пәтуасыздығы, халық тұрмысының жұтауы мен жүдеуі хақындағы жырлары – зар замандық толғаныстарының көрінісі.

Жамбылдың ақындық қуатты сыншыл жырларының біразы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы патша үкіметінің негізгі қызметшілері болған қазақтың болыстары мен қырғыздың манаптарын сынауға арналады. «Шабденге», «Сәт сайланарда», «Мәнке туралы», «Шалтабайға», «Қалиға», «Қисыбайға», «Көкімге» атты арнаулары – мансапқорлықты, байлықты ғана мұрат еткен, екіжүзділікпен, озбырлықпен ғана күн кешкен жандардың рухани бейнелерін дәл кескіндеген шығармалары. Елдің көсегесін көгертуге тиісті адамдардың сиқы осындай болғанын Жамбылдың сатиралық өткір тіл бояуларымен жырлауы – нағыз замандық зардаптарды шыншыл зар тілімен жырлаудың көрінісі.

Қазақтың көрнекті әдебиет зерттеушісі, профессор Темірбек Қожакеев «Жамбыл сатирик» атты мақаласында ұлы Жамбыл

жырларындағы отаршылдықтың құлдық мерезімен жан жүйесі мүлде өзгерген казак ұлтындағы атқамінерлердің рухани құлдырауға, азғындауға ұшырағанын реалистікпен жырлағанына жаңаша баға береді: «XIX ғасырдың аяғына қарай қоғамдық тұрмыс-тіршіліктің өзгеруіне, тарихи жағдайлардың жаңғыруына қарай би-болыстар, атарман-шабармандар «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген «өсиетті» ескеріп, түрін өзгертті, жана орта, жаңа жағдайға бейімделді. Қу, сұм, пысықай, сырты жылтыр, іші қылтыр шенеуніктерге айналды. Халық жоқшысы бұлардың осы түлкі бұлаңын, елді күліп тұрып күңірететін зымияндығын да тап басып сықақтады» [52, 2-б.].

«Әділдік керек халыққа» өлеңінде өзінің жақын ағайыны Сарыбайдың баласы Қисыбай болыс пен Ресей патшалығы жергілікті ұлықтарының озбырлығын әшкерелей жырлайды. Екі жүз отыз жолдық осы жырдың мазмұнында зар замандық ағымның өкілдеріне (Дулат, Шортанбай, Мұрат және т.б.) тән тақырыптық сыншылдық сарындардың бәрі де бар. Осы зар замандық толғауында акын Ресей патшалығының казак даласындағы ұлықтарының отаршылдық пиғылдағы астам, өктем келбеттерін дәл суреттейді:

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан.
Қазақты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған [130, 43-б.].

Патшалық отаршылдық саясаттың қол шоқпарына айналған казактың қуыршақ сынды сұлтандарының, байларының, билерінің ежелгі қасиетті дәстүрлерінен айныған тұрлаусыздық жайлаған келбеттерін өлтіре сынайды. Сұлтандардың, төрелердің, билердің, болыстардың «шаққыш жылан уытты» «айдаһардай айбарлы, елді сорып жайлаған» зорлықшылдар екенін, олардың өтірікпен, үрлықпен байығандарын, қарапайым халықтың жайылым, егіндік жерлерден де қуылғанын ашына толғайды. Қазақтың сырттан келген жатжұрттық отарлық құрсауға түскен еріксіздік калпына, ішкі тұрмыстық қарым-қатынастардың бұзылуынан азып-тозғанына күйзеледі:

Еркіндік жоқ елімде,
Иелік жоқ жерімде.
Бағасы жоқ, пайда жоқ,
Бақытсыз сорлы қайда жоқ,
Желмен ұшқан тозандай
Босқа кетті терім де [130, 49-б.].

Жалпак даланы жайлаған қазақ халқындағы ел ағаларының таубесін, Алланы ұмытқанын, елдің алым-салықтан, теңсіздіктен азып-тозғанын шындық тілімен, реалистікпен суреттейді. Замандық әлеуметтік қайғы-қасіретті лирикалық толғанысты, қайғылы-шерлі мазмұнмен өрнектеуде шешендік әуезділікпен тақпақтала, философиялық астарлы, сырлы ойлармен түйінделе, түйдектеле жырланатын жерлері өте әсерлі. Түйдектеле, тізбектеле төгілген шоғыр-шумақтан Жамбыл ақынның заман зарын тұтас қамтыған ойшылдық дүниетанымын толық танимыз.

Қазақтың ұлы даласындағы табиғаттың мың сан құбылыстары мен адамдық ғұмыр тіршілігі мазмұнын толық қамтитын замандық қасіретті, қайғыны ақын Жамбыл көсем тұлғалы баба жырауларымыздың, би-шешендеріміздің философиялық мазмұнды, афоризмдік тағылымды толғаныстары дәстүрімен толғап жырлайды.

Жамбыл толғауындағы мегзеулі астарлы ойларының нысанасы - еріксіздік, бодандық бұғауына шырмалған қазақ халқының тағдыры. Ұлы даладағы халық тұрмысының қайшылықты құбылыстарын бейнелейтін ойларын толғаудың мазмұнына сыйғыза отырып, заманының реалистік қалпын айқындайды. Жамбыл өз заманындағы халқының әділетсіздіктің, озбырлықтың зардаптарына ұшырағанын, жатжұрттықтардың ел ішінде алауыздықтың отын жағып, азып-тозу жолына қарай бағыттап отырған зұлымдық саясатына деген наразылығын мұңды-шерлі, зарлы тілімен айтады:

Уайым өсіп ер жетті,
Елді қайғы тербетті.
Бас қоса алмай бірігіп,

Тоз-тоз болып ел кетті.
 Ақыл айтар адам жоқ,
 Қарсы тұрар шамаң жоқ.
 Елдің қамын ойлайтын,
 Сауық-думан ойнайтын
 Қасіретсіз заман жоқ.
 Қор болған елде талай ер,
 Елді басқан қайғы-шер,
 Ер еңбегі көрінбей,
 Пайдасыз кеткен аққан тер! [130, 51-б.].

Әлеуметтік шындықпен суарылған заманының келбетін нағыз зар, мұң тілімен бейнелеген бұл өлеңі арқылы ұлы Жамбыл зар заман ағымының көрнекті тұлғалары Махамбет, Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындардың сыншыл, шыншыл ойларымен толық үндеседі.

Қазақ поэзиясының ХІХ ғасырдағы зарзамандық поэзия ағымымен үндес сарындарды біз сол кезеңде өмір сүрген түрік ақыны (ашығы) Сейранидің шығармашылығынан да байқаймыз. Ақынның «Біраз әңгіме айтайын бұл заманнан» («Biraz bansedeyim ehl-i zamandan»), «Сот мәжлісінің пайда болғаны» («Mahkeme teclisi icad olduđu»), «Ойбай, жарлының белі бүгілді» («Eyvah, fukaranin deli бүkүlүdü») және т.б., өлеңдерінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық қиыншылықтардан азап шеккен тауқыметін шерлене жырлайды: Мысалы:

Eyvah, fukaranin deli бүkүlүdü	Ойбай, жарлының белі бүгілді,
Medet ticaretin gücüne kaldik.	Көмек сауданың күшіне қарадық.
Iyiler alemdeñ gөctü cekildi	Жақсылар әлемнен көшті, кетті.
Bizder zamanenin picine kaldik.	Біздер заманның зұлымына қалдық.

Rüşvet ile yazar hakim hücceti,	Парамен билер жазар қағазды,
Hüccetile alir kadi rüşveti.	Қағазбен алар қазы параны.

Halik bilmitor dini şeri sünneti. Халық білмейді, дінді, сұмдық
сүннетті,
Bozulduk sikkenin fusuna kaldik. Бұзылдық, ақшаның ықпалында
қалдық

[100, 562-6.].

Түрік поэзиясында «Зұлым заман» келбетінде жырлаудың казак поэзиясындағы бейнелеулермен ұқсастығы ақындық поэзияның сарындастық болмысын айқындай түседі.

Жамбыл – орыс отаршылдығының казак даласына, халқына жасаған озбырлықтарын нақты құбылыстармен, деректермен байланыстыра жырлаған реалист ақын. Сонау Еділден бермен қарай өтіп, ұлы даланы кеңінен құрсаулап, біртіндеп кеулеп, жылжып кіріп, ақыры отарлық бұғауымен шырмаған Ресей патшалығының зұлымдық саясаты тарихи деректілікпен өріле жырланады. Кең даланы емін-еркін жайлаған казак елінің тағдырына жатжұрттықтардың билік жүргізуінің ақыры тәуелсіздіктен, еркіндіктен айырылуға әкелген кәсірет болғандығы айқын суреттеледі:

Ол кез Ресей патшасы,
Еділге бұғау салғаны.
Сезілді езіп зарлатқан
Салғаны елге найзаны.
Осыдан бастап патшаның,
Тігілді орда іргесі.
Көшпелі казак еліне
Ол орда болды түрмесі,
Арандайын ашылды,
Қорқау патша құлқыны,
Қызды күң қып зарлатып,
Айдап алды жылқыны... [96,174-б.].

Қазақ әдебиеттануы ғылымының тарихында Жамбылдың зар заман поэзиясы ағымының құрамында аталмай келгені мәлім. Алайда, осы ағымды арнайы зерттеушілер М.Әуезовтің.

Х.Досмұхамедұлының, З.Қабдоловтың, Б.Омарұлының,
Қ.Мәдібаеваның еңбектерінің нысанына алынған ақындардың барлығы дерлік Жамбыл өмір сүрген кезеңдердің тұлғалары. Ал, олардың жырлаған зар замандық ой өрімдерімен тектес жырлар Жамбылдың шығармашылығында да бар. Жамбылды ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы зар замандық ақындармен сарындас үндес жырлаған ақын ретінде айта аламыз.

Әрине, бұл ойымызды дәйектейтін Жамбылдың бұл бағдардағы жырлары да мол. Мысалы, «Сұраншы батыр» дастанының құрылысында жырланған осындай азаматтық әуенді толғаныстардың қазақ тарихындағы заман келбетін реалистік болмысымен бейнелегені біздің ойымызды толық дәлелдейді:

...Заман-заман дегенде,
Заманға кожа адам ғой!
Наразы болса заманға,
Бар кінәні соған ғой!
Жырға желі заман сол,
Елдің күні қаран ғой.
Қақпалап елді хан мінген,
Қайғы басқан заман ғой!
«Зар заман» деп ат қойған,
Зарлануы халықтың.
Шектен асып ушықты:
Айдаһар жұтып аюды,
Шоңбас жеді шымшықты.
Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты
Садақ тартқан казакка
Түтіндетті мылтықты.
Ертісті өрлеп оралып,
Жетісуға қол сұқты [96,198-б.].

Жамбыл Ресей патшалығының отарлық құрсауында жүрген қазақ жұртының туыстық-ағайыншылық қарым-қатынастар мәдениетінен ажырай бастаған мүшкіл халіне жаны күйзеледі. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өнегелі қарым-қатынастар мәдениетінің жат жұрттың араласуының, билеу жүйесінің әділетсіздікке негізделген шешімдерінің канат жайғандығының салдарынан болғанын шыншыл тілмен суреттейді:

...Би мен болыс қолына
Шығыны болып кетеді.
Жазы-қысы тапқанын.
Заманақыр болды ма,
Өз тұқымым өзіме
Жау болып қарсы шапқанын [96, 91-б.].

Бұл – қазақ тұрмысындағы нағыз зар замандық азып-тозудың бір көрінісі. Отарлық әкімшілік-басқару жүйесінің қазақ ортасындағы ағайыншылық қарым-қатынастардың, ұлттық-халықтық ділдің (менталитеттің) бұзылуына себепкер болғандығын Жамбыл реалистікпен жырлады.

Қалың бұқараның ортасында ел аралап жүріп, патшалық отарлау саясатының қазақ қауымының ортасын қалай аздырғанына, адамдардың арасындағы алауыздық, паракорлық, жағымпаздық, екіжүзділік сынды жағымсыз мінез-құлықтың етек алып өршіп кеткеніне күйзеле, күйіне жыр арнайды. «Өстепкеде», «Халықтың еркі кетті», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» және т.б. өлеңдері – орыс патшалығының отаршылдық-өзбырлық оқиғаларын шыншылдықпен, сыншылдықпен жырлаған шығармалар, «Өстепкеде» өлені – Ресей патшалары әулеттік тұқымдарының үздіксіз 300 жыл билікте болуын мактаудан бас тартқан өр мінезді ақынның азаматтық үні. Орыс ұлықтарына бас ұрып жалбақтаған қазақтың атқамінерлерін сыншыл тілдің өткір найзасымен түйрейді:

Ұлық көрсен ұйығып,
Желді күнгі камыстай,
Жапырылып иілдің [96,56-б.].

«Халықтың еркі кетті» өлеңінде «елдік қылып, тізе қосып» күресуге шақырса, «Патша әмірі тарылды» өлеңінде қылыштары жарқылдаған жасауылдарын ертіп, ел азаматтарын көгендеп еріксіз алып кету жолында шапқылап жүрген би-болыстардың жиіркенішті қылықтарына ызаланған ақын сырына қанығамыз. Патша үкіметінің абақтысына қамалған, жазаланып дарға асылған, бес қаруы сай әскермен соғыста оққа ұшқан ерлер тағдырын ақынның жырлауы – отаршылдық зұлматының шынайы суреттелуі.

Ата қоныстан кетуді немесе өлімге бас тігіп күресуді, яки мойынсұнып тағдырға көніп итқорлықпен өлуді айтып, тағдырға күйзелген Жамбылдың қайғысы – халқын сүйген қамкөңіл жанның сыры:

Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?!
Көкіректі зар қылып
Қорлықпен қайтып өтерміз?! [96, 58-б.].

Жамбылдың зары халқының қайғысы. Бодандық бұғауы құрсаулаған қазақ халқының мұңы-шері кейде буырқанған дауылға айналып, қанды майдандарға ұласқаны да мәлім. «Зілді бұйрық» өлеңіндегі орыс патшалығының жарлығына бағынбай бас көтерген, бірақ мерт болған, абақтыға қамалған ел азаматтарының ерлігі,

отаршылдардың жазалаушы істері бәрі де тарихи дерек тілімен жырланады.

Композициялық құрылысы үш бөлімнен тұратын «Толғау» атты жырында орыс ұлықтары оязға, приставка жалбандап болыс болғысы келіп жанталасқан мансапқорлардың елді күйзелткенін ашынған өткір тілімен суреттейді. Бір ұлттың ішкі өміріндегі өзара құрметтеу, сыйласу қатынастарының бұзылуына себепкерлер – патшалық билеу жүйесінің болыстық мансабына таласқан атқамінерлер. Ақынның тілімен айтқанда «ылай судың ішінде көр наһандай» қағысқан, «бозға түскен өрттейін елді үйітіп» тауысқан, «жер ошақтың басында жолығып» ауыздарына май жағысқан ит пен иттей ұғысқан көркеуде тоғышарлардың келбеттерін танимыз.

Ақын оларды ұлт тағдырын ойлаудан мүлдем аулақ, халықтың бүйірінен жабысқан жылан, кене бейнелеріндегі «зәрлі тілді, улы азу» түрлеріндегі азғындаған сипаттарымен таныта жырлайды. Сонымен бірге, өлеңде ақын бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ресей патшалығының қазақ даласынан сан мыңдаған адамды «Көлге айдаған қойдай ғып, қызыл қанға обытып» майданның кара жұмысына еріксіз алғанын ашына жырлайды. Бодандық бұғауындағы қазақ халқының малынан да, жанынан да айрылғанының қасіретті жағдайын өз жүрегінен жарып шыққан мағыналы сөздермен суреттейді. Осы арада даралап айтатын негізгі ереқшелік – орыс ұлықтарына құрдай жорғалап жүріп болыс болып алған соң, өзінің халқын қанайтын, жылататын екіжүзді, озбыр қазақ билеушілерінің бейнелерін жырлауда Жамбылдың Абаймен, Дулатпен, Шортанбаймен. Махамбетпен толық үндестігі.

Жамбылдың ақындық қуатты, сыншыл жырларының біразының нысанасы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы патша үкіметінің негізгі қызметшілері болған қазақтың болыстары. Халқының озбырлықтың құрсауынан арыла алмаған ауыр тағдырын бейнелі жыр өрнектерімен, реалистік-романтикалық зарлы-шерлі сарынмен ақтарыла жырлаған ақынның мұны – заманының сыры:

Терең-терең ойландым,
Мұнды шаға жырладым.
Жақсылыққа жетпесем,
«Тудым» – дедім – несіне?!
Шиеленген ел күйі,
Қалмаған соң шешіле.
Ызалы сөз әкімге
Қарсы айтылды кесіле [96, 65-б.].

Ресей патшалығының қазақ даласына жасаған озбырлық саясатының оқиғаларын өмірінің жетпіс жылдан аса кезеңдерінде көзімен көрген акын халықты азаттыққа, теңдікке, мәңгілік бақытқа жеткізетін батырларды үздіксіз жырлайды. Өтеген, Сұраншы, Саурық, Махамбет, Аманкелді сынды батырлардың Ресей патшалығының, Қокан, Хиуа хандықтарының отаршылдығына, басқыншылығына қарсы соғысқан ерліктерін өлеңдері мен дастандарында сүйсіне жырлады.

Жамбылдың «Сыздық сұлтанға» атты арнау өлеңі – Ресей отаршылдығына қарсы ұлттық-азаттық қозғалыстың көсемдері, қазақтың күрескер перзенттері Кенесары хан мен Наурызбай батыр және олардың ұрпақтарына деген ақынның жүрегінен жарып шыққан құрмет сезімі. «Сен бір қалған көз едің Кенесары асылдан» деген Жамбыл сөзі – оның халық батырының ұлттық-азаттық майданында арпалысқан ерлігіне бас иген құрметінің көрінісі.

Жамбыл шығармашылығына бүгінгі кезеңге лайық жаңаша баға бергенімізде ұлы ақынның тек ғана халқының тағдырына қатысты жақсылыққа сүйініп, жамандыққа күйініп жыр толғаған шыншыл, сыншыл тұлға болғанын айтамыз. Бұл орайда профессор Жанғара Дәдебаевтың Жамбылдың ақындық мұратындағы көркемдік-эстетикалық нысанасы шыншылдық тұрғысы хақындағы пікірі – бүгінгі уақытымызға тән жаңа көзқарас: «Ақынның шыншылдығы да, шыншылдығынан туып жатқан сыншылдығы да халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын-қыстау жағдайда да, ақындығы мен азаматтығы, тіпті,

өмірі сынға түскен қандай қатерлі шақта да осы ақиқатты айтқан сынын да, мадақ сөзін де ақиқат шындыққа бағындырған. Ол қандай алмағайып заманда да тек шындықты айту, қандай көз тартып, көңіл арбайтын қыздырмалы, қызықпалы ортада да, әділеттің ақ жолынан таймай, шынды сындай, сынды шындай қабылдап, өмір құбылыстарының қандайын да шынайы толғаған. Жамбылдың шығармашылық абыройы мен атағының халық арасына мейлінше кең жайылуының басты себебі осында» [75, 9-б.].

Жамбыл өзін қоршаған ортадағы халыққа қасірет әкелген киындықтарды сыншыл тілмен жырлауды Кеңес дәуірінде де тоқтатпаған. Ақынның ондай өлеңдері ауызша айтылған қалпында жұрттың жадында ғана сақталған, ал жарияланған кітаптарына ондай өлеңдердің енгізілмейтіні белгілі. Ақынды тек кана таптық идеологияның насихат құралы еткен Кеңес заманының басқару жүйесі кемшілікке төзбейтін сыншыл ақынның ондай жырларының халыққа кеңінен таралуына мүмкіндік бермеді. Алайда, Жамбылдың Кеңес заманының кемшіліктерін сынаған өлеңдерінің де көп болғаны анық. Фатима Ғабитова «Алыптар тағдыры: күнделік дәптерден» деген (1995) кітабында «Лияс жазып алған екен» [13, 45-б.] деп, Кеңес заманына сыншыл пікір білдірген мынадай өлеңдерін жариялапты:

Әйтеуір, көрмегеннің бәрін көріп,
Жұрт бұлға жаңа жетті «шөлдеп» келіп.
Азамат қолы жеткен көтеріп ап,
Ауылды қыдыртып жүр тендеп келіп.

* * *

Мүше боп мойынсерікке кірсек тағы,
Сонда да арзан бұлға кең жетпедік.
Қатынның киім киер түрі бөлек –
Шай құйып әзілдесер демдеп беріп.

* * *

Он жеті, он сегізінші жыл кезеңінде
Аштық пен жалаңаштыққа көнбеп пе едік?
Қышынып денелері ұрғашының,
Кигенін қаптан көйлек көрмеп пе едік? [13, 44-45-б.б.].

Ф.Ғабитова «Жамбылмен екінші кездесуім» атты естелігінде: «...колхоздастырудың алғашқы жылдары Алатаудан асып, Жамбыл да бір ауыл шапыраштысымен қырғызға кетіпті дегенді естіген едім, – дейді [13, 46-б.]. Жамбылдың қырғыз елінен қайтып келген кезіндегі халін Қаскелең қазақ мектебінің директоры Имашев деген кісіден естігенін де баяндайды: «Жамбылдың аш-арық қырғыздан оралғанында аз күн болғанын айтты: «Халы өте нашар, жаяу шұбырып, ел шетіне бала-шағасымен әрең келіп ілінді», – деді [13, 47-б.]. Кенес үкіметі заманының да қазақ халқына қандай ауыртпалықтар әкелгендігін Жамбыл көрді, молшылық тұрмысты мәңгі армандаған жұртымен бірге ақын да келер күндердің жақсылығына сенді.

Жамбыл жырлары – халқымыз жүріп өткен тарихи кезеңдердің айнасы. Қазақтың даласын иемденіп, халқымызды кемсіте, қорлай басқарған патша ұлықтары мен соларға бағынышты жағымпаз жергілікті әкімшіліктер жайлаған зар заманның рухани-әлеуметтік кезеңдік келбеті Жамбылдың реалистік тілімен суреттеледі. Заманының халқына әкелген қиыншылықтарын, одан құтылу жолын жырлауы – Жамбылдың Қорқыт Ата, Асанқайғы, Дулат, Махамбет, Мұрат дәстүріндегі жырау-ақын екендігін танытатын ерекшелік. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді халықтық үлкен сезіммен, көсемсөздік-гуманистік ойшылдықпен толғана төгуі – оның жыраулық поэзия сарындарын біздің заманымызға жалғастырған шығармашылық тағылымы.

Жамбыл қазақ әдебиеті тарихының ерекше шығармашылық құбылысы. Ақынның мыңдаған жолдардан құралған шығармалары – ұлттық әдебиеттің мазмұнын байытқан қымбат қазына. Түркі халықтарының ежелгі замандар бойы қалыптасқан сөз өнеріне тән дәстүрлі машықтарын түгелдей меңгерген Жамбылдың ақындық әлеміне үңілген сайын жаңа сырларға қаныға түсеміз. Ұлы суреткер М.О.Әуезов Жамбылдың ақындық әлеміндегі баса назар аударуды керек ететін сипаттарын ерекше атаған еді: «Жамбыл ақындығын түсіну үшін оның ауызша айтқыш, айтысқыштығын талдап ұғыну қажет. «А» десе «мә» дейтін шапшаң айтқыш, суырып салма ақын болған жаратылысын зерттеп, бойлап, ұғыну керек. Халық бұл

алуандас ақындарға «суырып салма ақын» деп атақ берген. Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнерді айтқаны. Біз мұны ақпа ақын, төкпе ақын десек жарайды. Айтысқа шеберлік жалпы ақындық өнерінің, тіпті, барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір сатысы. Ал, ақындық өзі не? Егер ол көрген мен сезгенді сырлап, күйлеп айта білгіштік болса, жанағы ақын сол көрегендік пен сезгіштікті шымыраған шарқына жеткізеді» [1, 176-б.].

Ұлы суреткер бағалаған Жамбылдың осы «ауызша айтқыш», «шапшаң айтқыш» және «көрегендік пен сезгіштікті шымыраған шарқына» жеткізетін қасиеттері, әуелі оның тапқыр ойлы бейнелі тіркестері мен шағын шумақтарынан бастау алады. Суырып салмалық өнердің жалпы халықтық кең қолданыстағы бір түрі – ақындардың қысқа көлемді шумақтары. Олар сатиралық арнау сипатындағы бірқакпайлық әзіл-қалжың, әрі сыншылдық мазмұндағы өлеңдер. Қазақ сөз өнерінің тарихында жанынан табанда шағын шумақтарды суырып салып айта алатын қарапайым кісілермен қатар, атақты ақындардың да жеке шумақтары елдің жадында сақталады. Мысалы, Жанактың, Кемпірбайдың, Әсеттің, Орынбайдың, Шөженің, Ақан серінің, Біржанның, Бұдабайдың, Тұрмағамбеттің, Кененнің, Нартайдың және т.б. ақындардың түрлі тақырыптық нысанасы айқын қағысу өлеңдері – суырып салма өнерінің тұтқиылдан туатын әсем өрімді, өрнекті табиғатын танытады. Сонымен бірге, шешендік өнердің қысқа көлемде өрілетін бейнелі, сыншыл тілді жаратылысын да аңғартады.

Жамбылдың суырып салма ақындық шабытынан туған жырларының бір саласы – бірқакпай өлеңдері. Бұл өлеңдер – бір сәттік кездесу мезетіндегі көңіл-күйге әсер еткен жағдайдан туындаған сезім өрнектері. Бұлар шұғыл түрде ауыздан өлең болып төгіліп, шыншыл ойдың, сыншыл тілдің шарпысуы мазмұнында жырланады. Бірқакпайлар – ақындықтың ежелгі дәстүрлі би- шешендер сайысымен де үндестігі бар жанры. Қазақтың жыраулық-ақындық әдебиетіндегі тұрақты өзіндік ізі бар бірқакпайлар – халық әдебиетін жасаушы би-шешендердің, жыраулардың, жыршылардың, ақындардың тосыннан, тұтқиылдан тапқыр, ұтымды, бейнелі, терең мағыналы өлеңді, сөзді

қиыстыра айта білетін дара бітімін танытатын туындылар. Сонымен қатар, бұл өлеңдерден халық өмірінің жақсылыққа толы мазмұнын насихаттаған, тәрбиешілік-тәлімгерлік ұлағат жолын тұтынған ел ағасына тән көсемдік, ұстаздық тағылымды ұғамыз.

2. Жамбыл шығармашылығындағы сатиралық жанр

Жамбыл шығармашылығындағы бірқакпайлар – халық әдебиетінде кең тараған осындай дәстүрі бар көлемі шағын сатиралық жанр. «Қазақ халық әдебиеті» деген еңбегінде Халел Досмұхамедұлы сатира, ирония және эпиграмма, әзіл, күлкі сөздердің көлемдері шағын болса да халық әдебиетінде көрнекті орын алатынын атап көрсеткенді: «Сатира – жеке адамға, тұтас ру мен атаға, белгілі бір уақиғаға, болмаса қарсыласының не жауының мақтаған затына қарсы бағытталады. Сатира жеке бір адамның, тұтас ру мен атаның мінез-қасиетіндегі жаман жақтары (сарандық, паракорлық, әділетсіздік, қорқақтық, озбырлық, кемістік, т.б.) мен өткенін, тіптен семьяның ішкі мәселелерін де тізбелеп, көпке әшкере етеді. Қандай да бір тауып айтылған бір шумак әжуа өлең кейде бүкіл қазақ даласына тез таралып, мәтелге айналып кетеді» [18, 20-б.]. Демек, Жамбылдың шағын, сатиралық (ирониялы, сарказмді) тілді бірқакпайлары – оның суырып салмалық, сыншыл тілді шешендік дарынының шынайы жемістері.

«Жамбылдың бірқакпайлары» деп аталатын бұл жанрдағы сөздер кезінде ел арасына көп тараған. Мысалы, Жамбылдың үлкен ағасы Тәйтi Меккеге барған сапары кезінде сол жақта қайтыс болғанда оның киімін, ақшасын иеленіп кеткен Шыбыл руының қажысы Сауырбайға («Меккеге біреу барса Шыбыл барсын»), ұрлықшы молдаға («Байұзақ молдаға»), ақындықты жай өлеңшілік деп түсінетіндерге («Өлеңші Омарға»), қонағын дұрыс сыйламайтындарға («Әзіл»), Жамбылды қарт кісі қалпында бағалаған қызға («Абышка»), Жамбылдың кедейлігін кекетіп, өз тамағын қонағынан қызғанған байға («Есенәлі мешкейге») арнаған бірқакпайларынан өзінің ауылы ортасындағы тұрмыстық келеңсіздіктерді әшкерелеген ақынның сыншылдық келбетін танимыз.

Жамбылды өздеріне қосып алғысы келген барымташыларға («Сорлынын ұрлап дара атын»), жас жігіт Жамбылмен жарысып семіз атын зорықтырып өлтірген Құдайберген болысқа («Кетіпті ғой басын ауып»), Жамбылды қонаққа шақырып, бірақ қонақасыға арақ ұсынған салақ, әдепсіз жігітке («Таппасын сендей салақты») арналған сыншыл тілді шағын шумақтардың әлеуметтік, көркемдік тағылымы салмақты. Өзі жүрген ортаның шын жанашыр сыншысы бола білген ақын – халқының қамқоршысы. Өз аулының тәрбиешісі тұлғасында қалыптасқан Жамбылдың жалпы адамзаттық тәлім- тәрбие ұлағаты дәстүріне де лайықты үлес қосқанын байқаймыз.

Қазақтың ұлттық келбетін танытатын негізгі ерекшелік – қонақжайлылық, меймандостық. Әрбір қазақтың отбасындағы берекесінің ұйытқысы – әйел. Жамбыл қазақ ауылындағы кейбір әйелдердің сараңдығының салдарынан болатын жағымсыздықты өткір тілмен әжуалайды («Сараң келінге», «Кесірлі катынға»).

Жамбылдың біралуан бірқақпайлары әлеуметтік теңсіздікті, адамдар арасындағы талас-тартысты бейнелейді. Сыншыл мазмұнды арнау түріндегі өлеңдерінде жеке адамдардың қоғамдық-әлеуметтік тұлғаларын даралап танытады. Мысалы, Жамбылдың аты жоғалғанда параға сатылып ұрыны ақтаған болысқа («Мәнке туралы»), екі жүзді қатыгез билеушіге («Шалтабайға»), оқыған болса да менменшілдігі зор пендені мазактауға («Қалиға»), паракор старшынға («Көкімге»), елді күйзелткен, қанаған паракор, зорлықшыл болысқа («Сәт сайланарда»), старшын Сүлеймен мен елубасы Әбілқасымға («Төментіннен келесің екі қуым») арналған сатиралық-сыншылдық мазактық уыты күшті бірқақпайлары – ақынның азаматтық тұлғасын биіктеткендей туындылары.

Жамбыл қазақ ортасындағы әлеуметтік ортаның келеңсіздіктерін де әшкерелеуші сыншыл ақын. Хакім Абайдың «Болыс болдым, мінекей!», «Мәз болады болысың» сынды өлеңдеріндегі әлеуметтік сатирамен үндестік сарындар Жамбылда да бар. Мысалы, «Шалтабайға» өлеңіндегі болыстық мансап үшін сабылған екіжүзді адамның іс-әрекетінің реалистік бояуы айқын:

Шарға түсер шағында,
Қара тер боп сабылды.
Аялған жоқ малың да
Ақ жем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше
«Жамағат» деп жалындың,
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың,
Сан рет кеп алдында,
Сағым сынып сарылдым [96, 46-б.].

Жамбыл шығармаларының бір саласы – әзіл сөз-өлеңдер. Әзіл сөз-өлеңдер акынның жанына жақын жүрген, маңына көп үйірілген, өзі жақсы көрген адамдарға арналады. Халық әдебиетінің қалың жұртшылыққа белсенді түрде кеңінен таралатын бір түрі – әзіл жанры. Әзілдер құрдастардың немесе нағашы мен жиеннің араларында кейде бұндайларға да қарамастан жақсы көрген ақкөңілділіктің әсерінен кез келген адамға қарата айтыла береді. «Әзілің жарасса, атаңмен де ойна» деген халық даналығы осыған байланысты айтылса керек. Аталған еңбегінде Х. Досмұхамедұлы да әзілдің қазақы сипатын ашып айтады: «Көп жағдайда әзіл ақ көңілден шығады, күлкіге, тапқырлыққа құрылады, әсіресе, көзінің қитарлығы, ақсақтығы секілді дене кемістіктері немесе ебедейсіздігі, оспадарлығы т.б. назарға ілігеді» [18, 21-б.].

Жамбылдың әзіл мазмұнындағы бірқакпайларын оны көзімен көргендердің, жанында болғандардың естеліктерінен кездестіреміз. Мысалы, жазушы Сәбит Мұқановтың «Ұлылық сыры», Әбділда Тәжібаевтің «Осындай еді ағалар», Ғали Ормановтың «Ғасырлық ғұмырдан бір тағылым» әңгіме-естеліктерінде қазақы қалжыңдық қаймағы қалың Жамбылдың әзіл-бірқакпайларымен ұшырасамыз. Жамбылдың өзі сүйетін тағамдарын даярлайтын аспаз Фатима деген әйелді «мені емізген екінші шешем – осы», туған ағасы Тәйтіннің баласы Сатышты «аш күзендей бұраңым», Жамбыл атындағы ұжымшарды басқарған немере інісі Тұрапты «бұл шаруаға жүйірік,

бірақ қулау, түлкінің іні сияқты ішінде қалтарысы көп» деп қалжындайды екен.

Жамбылдың жастайынан өмірден өткенге дейін қысқа қайырымды әзіл-қалжың, қағытпа, бірқакпайларының ауызекі сөз қолданыстарының негізгі арқауы болғандығы туралы жазушы Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл» атты ғұмырнамалық романында мол деректер бар. Соның бірі мынандай: «Жамбылдың өз руы Екей мен әрі қонысы сыбайлас болған ел Айқым руы. Бұл рудың да тентек, қисық мінездерін Жамбыл көп шенеген.

Айқымның бекетке жақын екен көнтектері,
(Көнтек бір атасының баласы).

Бұл күнде салбырап жүр шөнтектері,
Арақ пенен пивоны ішіп-ішіп,

Көшеде сандырайды тентектері, деп түп-тамырынан қозғап әкететін ащы сөзі бүкіл Айқымды намыстандырған» [131,7-б.].

Қазақ халқының ұлттық батыры Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысының соңғы жылдары Алматыға келгенде Ұзынағаштағы Жамбыл атасына сәлем бере барады, атасының үйінде төрдегі көрпешенің үстіне аяқ-қолын сөзып жатып алады. Аяқ-қолын жинап жатуды айтқандарға: «Мен әкемнің үйінде жатырмын!» - деп жауап береді. «Мен білетін Жәкең...» атты осы естелік әңгімесінде батыр сол жерде болған ұлы ақынның бірқакпайлық әзіл сөзін келтіреді: «Жүздегі Жәкеңді сынағым келді. Жәкең сүрінген жоқ. Тағы ойға берілдім. Алдымызға табақ тартылғанда: «Мен мұнда сыбаға жегелі келгем жоқ, сыбағаны жауды женгеннен кейін жеймін. Ашығын айтсам, Жәке, Сіздің сарқытыңызды ішкелі келдім. Ол үшін мына табаққа сақалыңызды батырыңыз. Мен етті сонда ғана жеймін, – дедім.

Сақалымды батыратын суатқа еңкейген теке емеспін, мұртымды батырайын, – деп тағы да Жәкең тапқырлық көрсетті» [132, 10-б.]. «Жамбыл әзілдері» [133] атаумен ұлттық әдебиет тарихына енген ақынның бірқакпайлары халыққа кеңінен таралған.

Кейбір әзілдері өзі жақсы көретін ақындарға, жазушыларға арналды. Олардың кескін-келбеттеріне қарай өзінше бейнелі

мағыналы есім атауларын қоятыны да қазақы қалжыңның Жамбылға ғана жарасқан үлгілері. Алпамсадай үлкен денесіне қарай Сәбит Мұқановты Балуан Шолақ деп атап, даусының қырылдап шығатынына байланысты «Үнінің іні тарлау екен, сенен бәрі шығар, бірақ ән шықпас», депті. Екі танауы көтеріңкі делдендеу Қалмақан Әбдіқадыровты «Шеміршек болған жылқыдай делбендеуін қарашы!» - деп қалжыңдаса, акын Орынбай Таймановтың жіңішке дауыспен шырылдап сөйлейтініне қарап «Тауқұдірет», акын Нұрлыбек Баймұратовтың денелі, зор мұрынды қалпына қарап, «жайылған үйірін шынның басында күзеткен арқардың қошқары сияқты екен», кейде «Арқардың құлжасы», «Е, келі басым, келдің бе?» - деп қалжындайды екен, 1940 жылы маусым айында Мәскеуден Жамбылдың өмірде бар шын акын екенін арнайы тапсырмамен көріп, тексеріп қайтуға келген орыс жазушысы Л.Соболевтің тұр-тұлғасына қарай бірқакпайлық қалжың шумағын қалай шығарғанын Әбділда Тәжібаев суреттейді: «Мұндайда ол өленмен әзілдегенді, жақсы көрген адамдарының өзін сөзбен қажап, ырғап байқағанды ұнатады. Мұнысы тышқанмен ойнап, тырнағын жұмсап көретін мысықтың ермегі сияқты. Ол Соболевке жымия қарап отырып, өлендете бастады:

Аман-есен келдің бе қызыл нарым,
Аяғы да мойнындай ұзын нарым.
Қыз-келіншек қуанып қалған шығар,
Кіріп барсаң тобына бұзып-жарып [45,107-б.].

Жамбылдың әзіл-қалжыңға толы бірқакпайларының бір саласы – сұлу қыз-келіншектерге арналады. Сұлу қыз, әйел – акын атаулының шабыт оттарын лаулата жандыратын, жүректегі мәңгілік өшпейтін жастық, ғашықтық, құмарлық сезімдерін оятатын ғажайып тіршілік иелері. Суырып салмалық өнердің шығармашылық шабытты оятатын қоздырғыш қуатының психологиялық бастау бұлағы болып саналатын осынау табиғи құбылыстың тіршіліктегі шынайылығы анық. Тоқсаннан асып, жүзге бет алғанда да ұлы Жамбыл өзінің бозбалалық, жігіттік шағына тән көңіл алабұртуын жоғалтпай, сұлу қызға, әйелге

деген ықылас, пейіл, ажарын бейнелі, уытты, әрі тәтті қалжыңға толы қағытпа бірқақпайлық шумақтармен жырлайды. Жамбылға әдеби хатшы болған Ғали Орманов «Ғасырлық ғұмырдан бір тағылым» күнделік-әңгімесінде ақынның қазақы қалжың бірқақпайларының сұлу қыз-келіншектерге арналған бірнешеуін мысалға келтіреді. Мысалы, бірде жаңа үйінде кісілермен әңгімелесіп отырып, қызмет қылып жүрген жас әйелді көріп қалжың шумақтарын төкпелейді:

«...Қатын деген еркектің бауыр еті,
Қыз құшақтау көңілдің ғана беті.
Жөні келсе Жамбылды ескере жүр,
Келіншектен қалған жоқ әлі ниеті.

...Жүрген жақсы жақынмен араласып,
Женге жүрер ортада жанталасып.
Жеңгеден де ойнауға келін тыныш
Жаулығымен жататын бетін басып [92,144-б.].

Дәрігері Досымбеков келгенде оған қалжындап былай деп жырлайды:

Докторым, отыр бермен белің шешіп,
Бұл өмір әр пендеге берген несіп.
«Аймалап қиғаш қасты құшам ба» деп,
Алаңдап бара жатыр күнім кешіп...

Әкелсен маған арнап қатын тауып,
Сүйгеніме келер ем атпен шауып.
Ұрғашыны көргенде бас айналып,
Естен танып кетемін ауық-ауық [92,144-б.].

Ақын Ғали Ормановтың күнделік-әңгімесі тарихи деректілігімен құнды шығарма, Жамбылдың тоқсан жаста болса да үнемі қазақы әзіл-қалжыңнан қол үзбеген мінез-құлқынан көп

деректер келтіреді: «24 март, 1940, Тілеуқабыл аулына барды. Қайын жұрты екен. Илиястың үйіне қонып, жатарда бойжеткен сұлу қызға: «Төсекті қалың сал!» деді де:

Балдызжан, жаба салшы ішігімді,
Шәулетпей байлап қойшы күшігіңді.
Көрпемді ашып, қойныма кіріп келсең,
Оятып алар едім бұзығымды, – [92,148-б.]

дегенде қыз кәрі жездесі Жамбылдан тағы да қалжын өлең айтуды сұрапты. Жамбыл ертеректе бір байдың үйіне қонып жатып, сол үйдің бойжеткен қызына атастырылған күйеу жігіттің түнде келгенін, екеуінің үй сыртындағы шөптің үстінде түні бойы бірге жатқанын түс көргенін айтқан болып таңертең жұртқа өлеңмен баяндап күлкі еткенін айтып береді:

Бай үйінің артында шөп жатқанда,
Мына қыздың күйеуі кеп жатқанда.
Шөп төсектің үстінде шылпылдатып,
Шолақ қасқыр бірдеме жеп жатқанда [92,148-б.].

Ақын Жамбыл – әйел жынысының отбасылық тұрақтылық діңгегі болып, өмір сүруін жырлаған ақын. Бір қысқа өлеңінде тұрақты отбасылық жұбайлық тиянақ-тұғырсыз, қайта-қайта тұрмысқа шығып, күйеуге тұрақтамай жүрген әйелге сыншылдық тоқтамын айтады:

Шүйгігенде байдан-байға,
Тадам дедің қандай пайда?
Беттен өшті әр мен ұят,
Көрінгенге күлкі болып,
Сөйтіп жүріп отың сөніп.
Байдан қашып жігер қуат
Қор болуға арланбай ма? [92,148-б.].

Суырып салма ақындықтың құралатын бастапқы көзі, негізі – бейнелі тіркестер, өткір, сыншыл, қағытпалы қалжыңды жеке-жеке шумақтар. Ауызша, табанда, тұткиылдан дүниеге келетін жүздеген жыр жолдарының таскындай құйылып, шалқып дүниеге келуі ақынның жадында сақтаулы қанатты тіркестер мен мағыналы сөздердің мол қорының әсерінен болатыны ақиқат. Демек, ұлы Жамбыл ақындығының табиғи жаратылысы көргенін, естігенін заматында жыр шумақтарына айналдыратын сезімталдық, сөз асылдарын жан дүниесіне тұтастай сіңірген зеректік сапаларымен суарылған ғажайып дарындылық табиғаты.

Жамбылдың қазақы әзіл-қалжындары, бірқакпайлары – сатира ұғымының ұлттық, эстетикалық тағылымының көрінісі. Қазақы әзіл-қалжың – ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерекше бір түрі. Нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың, құрдастардың көңілдері үндескен әртүрлі жастағы адамдардың туыстық, жолдастық, достық, ағайыншылық әзілмен, қалжыңмен сөз қағысатыны – ұлттық тұрмыс мазмұнының эстетикалық тәлімі зор ерекше бір сипаты. Бұл – ұлы Жамбыл мұрасының халықтық тұғырын, бағдарын әйгілеп тұрған басты қасиеттердің бірі. Профессор Темірбек Қожакеев «Жамбыл – сатирик» деген мақаласында ұлы ақынның сатиралық шығармаларындағы озбырларды, неміс, жапон басқыншыларын, елдегі жалқауларды, екіжүзділерді әшкерелеуші сықак тілімен қалай бейнелегеніне баға береді. Сонымен қатар, зерттеуші Жамбылдың юмористік талантын да атап көрсетеді. Бұл орайда аға зерттеуші профессор Т. Қожакеевтің ұлы ақынға берген бағалауын біз зерттеуімізге қорытынды бағдар етеміз: «Сонымен, жүз жасаған жыр жүйрігі Жамбыл азулы да айбынды сатирик, тапқыр да тарлан юморист болған» [52].

Қорыта келгенде айтарымыз, казак әдебиеті тарихының ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы кезендеріндегі ұлттық сөз өнері ұлы тұлғаларының бірі Жамбыл шығармашылығы – жаңа көзқарастармен жаңғыра таныла түсетін қымбат казынамыз. Оның сатиралық, юморлық туындыларынан ұлттық сипаттағы эстетикалық таным тағылымын, адамгершілік

ұлағат қуатын бойымызға сініреміз. Жамбыл шығармаларындағы өмір шындығының сыншылдықпен жырлануы – оның азаматтық дүниетанымының нақты көрсеткіші. Бұл – казак әдебиетінің тарихындағы ақын-жыраулар поэзиясының ұлттық сипатын танытатын басты ерекшеліктердің бірі.

Қазақтың дәстүрлі ақындар поэзиясындағы халықтық көзқарастардың үні болып жырланған осындай азаматтық әуендер сөз өнерінің адамдардың жандүниесімен біте қайнаскан құдіретін әйгілеумен келеді. Жамбылдың Ресей патшалығы отаршылдығы саясатына қарсы зар замандық өлендері бұрын тек қана кеңестік жүйенің орыстық орталыққа жалтақтауының (көбінесе, жалбақтауының) кесірінен қарастырылмай келген-ді. Қазақстанның қазіргі тәуелсіздік жолындағы жаңа тарихының бұрынғы-соңғы мәселелерін қайта таразылауда казак поэзиясының алыбы Жамбыл шығармашылығындағы нағыз әлеуметтік сыншылдықты әділ бағалай аламыз. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мына пікірін өз бағдарымызға нысана ете аламыз: «Тарихты әділет тұрғысынан объективті таразылау, әрдайым осы қағидаттан айнымау – ғылыми үдерімнің биік мұраты болуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін халқымыздың басынан кешірген тарихи шындықты ғылыми ақиқат биігінен саралап беруге түрлі объективтік және субъективтік себептердің салдарынан мүмкіндік болмағаны да рас» [134, 11-б.]. Демек, Жамбылдың халқымыздың сыншыл ақыны болғандығы ұлттық рухани құндылықтарымыздың, әдебиетіміздің қоғамдық-әлеуметтік дәрежесін биіктете түседі. Ал, ақынның сатиралық, юморлық шығармалары алып ақынның суреткерлік әлеміндегі эстетикалық ұлағатты дәлелдей түседі.

Практикалық сабақтың тақырыбы:

- Жамбыл шығармашылығындағы сыншылдық пен сатира.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақынның сыншыл жырлары.
2. Жамбылдың Кеңес заманының кемшіліктерін сынаған өлеңдері.
3. Жамбылдың сатиралық, юморлық туындылары.

СӨЖ үшін тапсырма:

- Жамбыл Жабаев – сыншыл ақын. Реферат.



2.2. Суырып салмалық (импровизация) өнерінің психологиялық-поэтикалық табиғаты

- 1. Жамбыл ақындығының негізгі сипаты – ауызша ақындық.*
- 2. Жамбылдың шығармашылық тұлғасы – тұтастай суырып салмалық (импровизациялық) өнер құдіретінің көрінісі.*

1. Жамбыл ақындығының негізгі сипаты – ауызша ақындық

Жамбыл – Құдайдың құдіретімен жаратылған Жыр-Жанартауы. Адамдық тіршілік ғұмырының есігін «інгәлап» ашқанынан бастап, өмірден өткенше мың, әлде миллион, мүмкін тіпті санап өлшеуге келмейтін осынау тынымсыз қозғалыстағы фәни жалғанды өзіне ғана тән, сезімдік толғаныстармен түйсінді, қабылдады. Фәни жалған дүниенің Жаратушының бір өзі ғана заңдастырған ғажайып үйлесімділікке құрылған тынысымен, қозғалысымен Жамбылдың да дүниетанымдық ішкі жан жүйесіндегі толғаныстардың үндесіп, оның бұлақтай сылдырлап, теңіздей тебіреніп, мұхиттай шалқитын Жыр-шабытқа айналуы – шығармашылық даралық құбылысының көрінісі. Өзін қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық тіршілік тынысы мен табиғаттағы басқа да алуан түрлі құбылыстардың байланыстарын бойына сіңіре, тұтас қабылдай өскен ақын да сөнбес Жанартаудай шабытты қалпынан көз жұмғанша айнымады. Жер-Ананың терен қойнауларында тұншыққан, кордаланған нәрселердің Жанартау болып жарқылдауы тынысын аша бұлқынатын қозғалысы секілді оның ақындығы да үнемі шабытты сипатымен танылды.

Жамбыл ақындығының негізгі сипаты – ауызша ақындық. Домбырамен сырласа, соның үнінен шабыты коза, жыр тасқынын селдететін Жамбыл ақындығын оның өзінің жырларындағы сөздері де дәйектей түседі:

...Сия-сауыт, қаламсыз
Дәптер, кітап, қағазсыз,
Ой қозғаған домбыра,
Болған кезде Жамбылдың,

Домбырамен жазуы,
Жырланып еді осы жыр
«Жырламайын!» - десем де,
Ел тілегі қоймайды [96, 196-197б.б.].

Ауызша ақындықтың суырып салып айтатын сәттерінде тыңдаушылардың ынтасына, ықыласына байланысты болатын алғышарттар бар. Жамбыл дәстүріндегі ауызша ақындық өнердің негізінде қиял мен шабыттың тоғысуы, өнер иелерінің адамгершілік, имандылық ұялаған мінез-құлқы, азаматтық мұраты – бәрі де шешуші қызмет атқарады.

Үстін-үстін мың сан ұшқындары жарқылдай күндіз-түні, бәлкім жылдар бойы атқылаған Ұлы Жанартаулар Жаратушы Жалғыз Құдай жасаған ұлы заңдылықтардың бір құбылысы. Жамбыл – алаулы шапағы әлсіремейтін, күркіреген атқылауы тоқталмайтын, сөнбейтін Жанартау сынды шығармашылық жаратылыс. Өзін қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық тіршілік тынысымен табиғаттағы басқа да алуан түрлі құбылыстардың байланыстарын бойына сіңіре, тұтас қабылдай өскен ақын жанартаулық қалпынан ешқашан айнымады.

Ұлы суреткер М.О.Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» мақаласында: «...кейін Жамбылдың әлемге данқын шығарған ұлы жырларына бұрынғы айтыс ақыны болған өнерінің жалғасы, қатысы бар ма? деген сұрақ туады» дей отырып, Жамбылдың ақпа-төкпелік, суырып салмалық өнерін туғызған жырларының шағын шумақты түре қайымдық айтыстарынан үлкен сүрелі айтыстарға өскенін сипаттайды. Айтыс үстіндегі шабыт қозу психологиясының Жамбыл ақындығындағы көркем тілді реалистік, сатиралық бояулы әртүрлі жанрлық үлгілерді жасай алатын шеберлігін дәлелдейтінін атап көрсетеді: «Мұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің басына қарай қаптағанда, қатты соққан құйындай, үзігін, туырлығын желпілдете түңлік ұшыра соқтығып, ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Бұл ретте әр теңеуінің өзі, жай ақынның жайшылықта күн толғанса таппайтын, аузына

түспейтін деп тенеулер болады. Сондай ызалы сайқымазақта, ажуада, мысқыл, қалжында Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл «Өлен не күлдірмесе, не жылатпаса – өлен емес нәрсіз сөз, зәрсіз ок есепті» дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді» [1, 177,187-б.].

Демек, өмір бойы күнделікті тұрмыстық тұғас мазмұнында ұйқасты сөз тіркестерімен бейнелі мағыналы, астарлы ойлы ақ өлеңдік әуезді шешендік кестелерімен төгіле сөйлеп, ағыла жырлап өткен жүз жылдық ғұмыр иесін баураған қуат-шабытты көңіл-күй. Ақынның шабытты көңіл-күйінен туатын сөздердің шынайылығы айқын. Жамбылтанушы ғалым Сұлтанғали Садырбаев айтқандай: «Жамбыл нені айтса да иландырып, сендіріп айтады, логикалық жүйеде айтады. Сондықтан да абыржымайды, саспайды, сөзінде салмақ, мазмұн жатады» [61, 180-б.].

Жамбылдың импровизациясы, суырып салма, ақпа-төкпе ақындық шабыты көңіл-күйден қуат алып, салмақты, жүйелі ой мазмұнын, әрине, бейнелі сөз тіркестерімен өрнектейді. Ақын қандай көлемдегі өлен болса да сол сәттегі өзіне тән шығармашылық шабытты қалпын сезімінің әркілы толқыныстарымен буырқанған, бұрсанған денгейінде танытады. Осындай шабыт бұған сәтіндегі өзінің романтикалық тұлғасын өлеңдеріндегі бейнелі оралымдар арқылы шынайы суреттейді. Мысалы, кейде ақын өзін және ақындық күшін жаратқан осынау ғажайып тіршіліктегі табиғаттың дүлей құбылыстарына (таудың биіктігі, өзеннің ағысы, желдің соғуы, жаңбыр, найзағай, арыстанның ақыруы және т.б.) баламалайды:

Сөйлесем өлеңімді түптен бермен,
Құйылар сөз нөсер көктен, жерден,
Үстіне жайдың оғын жайлатармын
(Жамбыл мен Құлмамбет айтысынан);
«Дауысым аққан судың сарынындай»
Мен сөйлеймін адырдың ішіндей боп»
(Жамбыл мен Сарбас айтысынан).

«Аса алмас құлаш ұрдын асқар белге», «Енді Жамбыл сөйлейді, ескен желдей гулейді», «Өлеңнің дария кенімін», «Еділ менен Жайықтай зырқырап Жамбыл сөйлесін, өрге жүзген қайықтай», «Еңсеңді үзіп кетермін, аспаннан түскен жасылдай» (Жамбыл мен Шашубай айтысынан).

«Өлеңім асау теңіздей, өрге қарай шапшысын», «Толқындай сөзді сапырып, арыстандай ақырып», «Нажағайдай сөзімді, жаркылдатсын алдында», «Өлеңмен шын тасысам, ағып бір жатқан селдеймін» (Жамбыл мен Досмағамбет айтысынан).

Жамбыл акын кейде табиғаттағы құбылыстар мен жанды заттардың қуатты, жылдам қозғалыстарын араластыра, тізбектей келтіреді. Бұл арқылы өз сезімінің бүкіл тіршілікті қамтитын кен құлаштылығын бейнелейді:

Жыр да кетті төгіліп,
Тасыған судай арнадан.
Жамбылдың жағы талмаған,
Жері жоқ Жамбыл бармаған.
Жүйрік тарлан секілді.
Жүгірістен танбаған.
Таудан ұшқан қырандай.
Қонар жерін тандаған [130, 51-б.].
Мен сөйлесем қаларсың
Ашылмас тұман ескекке
(Құлмамбетпен айтысынан).

Жамбыл суырып салма, ақпа-төкпе ақындық шабыт буып, жыр төгетін сәтіндегі адуынды калпын кейде батырдың, бес қарудың қаһарлы кейпіне баламалайды: «Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон (Құлмамбетпен айтысынан), «Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам – найза, құрсаулы сауыт болар маған шекпен» (Досмағамбетпен айтысынан).

Кейде акын өзінің жеті қабат көкке ұшқандай, бәйгенің мәңгі алдын бермейтіндей қуатын пырақ, тұлпар ұғымымен береді:

«Кұйындай көкке шапқан мен бір пырақ», «Ұзын сонар жүйрікпін», (Досмағамбетпен айтысынан); «Ағыным ақбоз аттын арынындай», «Байгі атынан кем емес, екпіндесе шабысым» (Сарбаспен айтысынан).

Кейбір өлеңдерде акын өзінің айбарлы, қуатты тұлғасын айбындандыра түсу үшін шендестіру үлгілерімен бейнелеулерді ұтымды қолданады:

«Сен – күйкентай, мен – тұйғын
Мен – қорғасын сақамын.
Сен – ұтылғыш кенейсін»
(Досмағамбетпен айтысынан);
«Сен отырсың шал болып шөкімдей боп,
Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп»
(Сарбаспен айтысынан).

Акындық тіл – өрнекті, әсерлі бейнелі сөз қолданысы. Жамбылдың әсемдік сезімі толған көкірегінен шыққан сөздерінің қуатын бейнелеулері аса сәнді де мәнді, мүлдем тың қолданыс: «Ал, Жамбылдан сөз шығар, асылдан ұшқан қылаудай», «Нар кілемнің түйіні» т.б. Немесе, өзінің акындық сөз қуатынын психологиялық әсерін, қуатын мейлінше ықпалды, әсерлі бейнелеумен береді:

Айтулының бірімін
Нар кілемнің түгімін.
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа егеген!
Алды артыңды буамын
Сені асырмай кезеңнен!
(Шашубаймен айтысынан) [96, 152-б.].

Суырып салма, ақпа-төкпе акындық шабытының қозуы – ұлы Жамбылдың қартайған шағында да сөнбеген құбылыс. Мысалы, 1921 жылы бір тойда Нұрила есімді 25 жастағы акын келіншекпен Кенен, Үмбетәлі, Бармақ есімді ақындар айтысады. Бәрінен басым түскен сол

акын әйел тыңдап отырған ұлы Жамбылдан төрелік – қазылық сұрайды. Айтысты тыңдап отырған Жамбылдың да делебесі қозып, әуелі үш акынды да Нұриланьң жеңгенін айтады да, өзінің де айтысқысы келіп отырғанын білдіреді. Бұл – сөз сайысы майданын көріп, сол майданның жеңімпазымен ақтық жекпе-жек шайқасына ынтыққан шабытты көңілдің аласұра алабұртууы. Жетпіс бестегі жыр тұлпары Жамбыл жиырма бестегі жұлкынған Нұриланьң үш акынды сайыста даусыз жеңгенін «Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған» деп бағалайды. Өзінің де шабытты қозған ішкі психологиялық алапат сезім бұлқыныстарының қуаты жан-жүйесінің еркін билеп шыдатпай тұрғанын еріксіз білдіреді:

Ерден басып екпінді жолың озды,
Өлеңшінің көбісі шілдей тозды.
Шапырашты мен Жамбыл «Қарасайлап»
Ұмтылғанда үстіңе перім қозды.
Құнжындап домбыраға менің арқам,
Аузымнан ақтарылды өлең дархан [96, 165-].

Жазушы И.Г.Эренбург Жамбылдың суырып салмалық өнері табиғатына тәнті болған әсерін эстетикалық таным тұрғысынан бейнелейді. Ежелгі замандық ұлы жырау-акын Гомердің дәстүрлі жалғасы жағдайындағы акын тұлғасына баға беріледі:

«...алғаш көргенде Жамбылдың түрі, түсі көзіме көне жыр жазылған папирус қағазындай көрініп кетті. Тірі адам емес, кәдімгі мәңгілік жыр жолдарын жазған папирус қағазына соншама ұқсаған. Папирус өте ертеде перғауындар әулеті қағаз ғып тұтынған камыстын мықты түрі...»

...Хатшысынан: «Сонда бұл шал өлеңсіз сөз сөйлемей ме?»-деп сұрадым. Хатшысы: «Тамақ ішкісі келсе, жатқысы келсе, сыртқа шығам десе, әдеті сол, домбыраға қосылып өлең ғып айтады. Қара сөзбен тілдеспейді»,-деді. «Қара сөзді ұмытып қалған ба, сонда бұл шал?»-деп сауал қойдым. «Ұмытып қалған», – деп жауап берді хатшысы. «Қайран қаламын, баяғы өлең сөздің ұйқасы, ырғағы,

оралымы мына ақынның қанына сіңіп кеткен», – деп тұжырамын» [130, 45-б.]. Демек, Жамбыл – өмір бойы көңіл-күйінің сан сырлы ояныстарында сілкіне тұлғаланған табиғи бітімі ғажайып жаратылыс иесі.

2. Жамбылдың шығармашылық тұлғасы тұтастай суырып салмалық (импровизациялық) өнер құдіретінің көрінісі

Жамбылдың шығармашылық тұлғасы тұтастай суырып салмалық (импровизациялық) өнер құдіретінің көрінісі. Ішкі жан дүниесіндегі қайнап жатқан толғанысты ойлардың жарыққа шығу сәттері – жарқылдаған ұшқындары, алаулаған оттары, тұтас қызуы бет қаратпас бейне жанартаудай әсерлі. Сыншыл да өткір, бейнелі оралымдарымен өрнектелген астарлы философиялық тұжырымды толғаныстардың тереңдіктері, замандық құбылыстар мен адамдардың алуан сырлы келбеттері – бәрі де ақын жүрегінен атқылаған жыр жанартауының өмірдің найзағайлы аспанымен астасқан суреттер! Демек ұлы Жамбылдың суырып салмалық (импровизаторлық) ақындығындағы сөзді де, сазды да тұтқиылдан айтатындығы – оның ішкі жан жүйесіндегі бұлқынып, толықсып қайнап жатқан қат-қабат ойларының қабаттаса, тізбелене атқылауының жүйелене жырлауының көрінісі. Жамбылдың философиялық әуенді толғауларының да, сыршылдық бояулары қалық лирикалық және сыншылдық тілі өткір сатиралық өлеңдері де, айтыстарының да, эпикалық дастандарының да – бәрінің де осы суырып салмалық қасиетінің табиғатына негізделі дүниеге келгені анық.

Жамбыл – қазақ сөз өнері тарихындағы бұрынғы соңғы көрнекті ақындар дәстүрін жетік білген ақын. Қазақтың төл әдебиетінің арғы-бергі тарихындағы ақын-жыраулардың, жыршылардың шығармаларынан өмір бойы үлгі алады.

Ақын-жыраулардың халықтың – тарихымен бірге жасайтын құдыреті азаматтық биіктік, ел тағдыры жолындағы жанкештілік, өнер жолындағы даралық шеберлік – бәрі де Жамбылдың өнеге тұтар құбыланамасы, шығармашылық мұраты. Сондықтан өзін үнемі солардың өнерін жалғастырушы тұлға ретінде сезіне жырлайды.

Пірім бар жыр нөсерін аспанда атқан
Сұңқардай санкылдаған ер Сүйінбай,
Ілгеріде Шөже, Балта заманда өткен,
Асекең (Асанқайғы дегені – А.Т.) Бұқар жырау арманда өткен,
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұнын жырмен толғап нөсерлеткем [96, 81-б.].
(Жамбыл мен Досмағамбет айтысынан).

Сонымен қатар, Жамбыл Құлмамбет, Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ, Орынбай, және т.б. акындармен кездескен, өнер жолындағы шығармашылық байланыста болған. Жиырма бес жастағы кезінде қазіргі Оңтүстік Қазақстанды, Қаратау атырабын аралайды. Осы сапарында Қылышбай Ержанұлы, Сауытбек Ұсаұлы, Нұралы Нысанбайұлы т.б. акындармен танысады. Акын Шәді Жәңгіровті де іздеп барады, бірақ кездесе алмайды. Осы сапар туралы мынадай тың дерек бар: «Осы жолы акын Майлықожа, Балқы Базарға кездесіп, бірнеше күн той-думанда бірге болады. Құлыншақ акыннан «Шора батырды» жаттап алады. Балқы Базармен ұзақ айтысады. Айтысқа төрелік еткен Майлықожа: «Қалкам, сенікі жөн, тоқта енді» – деп, Жамбылдың арқасынан қағып, акындығын аса жоғары бағалайды. Осы жолы Жамбыл Майлықожаны өзіне ұстаз тұтып қайтады» [136, 4-б.].

Жамбыл осы Оңтүстік сапарында Ақтамберді Сарыұлы жыраудың өмірімен танысады. Шу, Талас, Қаратау атырабындағы аталған акындардан басқа Сауытбек, Қожантай, Өзбек, Жидебай, Балқыбек, Келімбет және т.б. акындармен, жыршылармен танысады, кейбірімен айтысады.

Жамбыл – қазақ сөз өнерінің тарихындағы ұлы Абайды да, жауынгер акын Махамбетті де айрықша бағалаған. Абайды сырттай естіп, өлеңдерін тыңдайды. Абайдың баласы Әбдірахмен ауырып, Алматы қаласында жатқанда Жамбылдың оның көңілін сұрай келгені М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында әсерлі суреттеледі. Сол Әбдірахман қайтыс болғанда Абайға арнап жұбату өлең де жолдайды. Абайдың акындық, азаматтық тұлғасын толық таныған Жамбыл өзінің бағалауымен «Абайдың суретіне» деген өлеңінде реалистік-романтикалық ойлармен жырлайды:

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең сөздің ұксаған құдіретіне
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа,
Арғын, Найман сөзіне танырқаған,
Қандай арман бар дейсің бұл туыста?!

Терен ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле кеп қарасан көңіл ұғар.
Сол теренге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар [97, 17-б.].

Ал, Махамбет ақын туралы да реалистік таныммен жырлайды. Ақындық және жауынгерлік қуатын азаматтық ар, халқының тағдыры жолына арнаған жанның әлеуметтік және шығармашылық тұлғасы тұтасқан тұлғасын айқын суреттейді:

Махамбет ақын жырымен,
Құрым найза қырымен.
Көтерген халық туымен,
Хан Жәңгірден қорықпай.
Белдескен ер бетпе-бет.
Жауына күшті жекіріп,
Хан бетіне түкіріп.
Бақыты үшін халықтың
Бел бүкпестен кеткен ед [137, 231-б.].

Демек, Жамбыл ақындығының қайнар көзі – туған халқының ақын-жыраулары, жыршылары. Ақындық өнердің тек қана отбасы мен ошақ қасында ғана емес, халықтың қазіргісі мен болашағы үшін рухани азық, өмір суруге көмекшілік қызметін ол шын түсінді.

Сондықтан, ақындық өнерінің әртүрлі оқиғаларға, жеке адамдарға қатысты жерлерінде Жамбыл ақын атаулының тағдырына тән азаматтық жауапкершілік сезімін басынан кешіреді. Ол да бүкіл шығармашылығын өмірден өткенше адамзат бақыты үшін арнады.

Практикалық сабақтың тақырыбы:

- *Жамбыл Жабаев дәстүріндегі ауызша ақындық.*

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Жамбылдың бейнелі сөз қолданысы.*
2. *Жамбыл ақынның айтыстарындағы шендестіру үлгілері.*
3. *Жамбылдың өнер жолындағы шығармашылық байланыстары.*

СӨЖ үшін тапсырма:

- *Жамбыл Жабаев – импровизатор ақын. Реферат.*



ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРАЛЫҚ

3.1. Ұлттық – этнографиялық болмыс және көркемдік

1. *Жамбыл мұрасындағы көңіл айту, жұбату, қарғыс (айбат, сес көрсету), жоқтау өлеңдер.*
2. *Жамбылдың шығармашылығындағы өсиет, дидактасы, төрелік өлеңдері.*
3. *Жамбыл шығармаларында қазақтың ұлттық мәдениетінің дәстүрлі сипаттарының жырлануы.*
4. *Түркілік наным-сенімдердің ақын шығармаларында жырлануы.*
5. *Ақынның сәбилерге арналған өлеңдері.*

1. Жамбыл мұрасындағы көңіл айту, жұбату, қарғыс (айбат, сес көрсету), жоқтау өлеңдер

Жамбыл шығармалары қазақ халқының тұрмыстық-салттық, әдет-ғұрыптық дәстүрлерін толық танытады. Жамбылдың шығармаларында қазақ халқының көшпенділік және жартылай отырықшылық жағдайындағы рухани материалдық мәдениеті мазмұнына қатысты көптеген мәселелерді кездестіреміз. Ғалымдар У.Х.Шәлекеновтің, М.У.Шәлекеновтің пікірі бойынша: «Этнография дегеніміз тарих ғылымының бір саласы болып, дүние жүзіндегі халықтардың қоғамдық тұрмысын және мәдениетін түбегейлі зерттейді және үйретеді» [138, 6]. Этнография ғылымының нысаны этностар, яғни халықтар десек, Жамбыл шығармаларынан қазақ халқының этникалық мәдениетіне қатысты мәселелердің барлығын да танимыз. Әрине, Жамбылдың ақындығы фольклордағы авторлары белгісізденіп, ұжымдық-халықтық мазмұнға ие болған

шығармалардан бастау алады. Халық әдебиетіндегі тұрмыстық-салттық жырлардағы жекелеген жанрлардың әдет-ғұрыптарға, салт-жырларға байланысты болатындығы – Жамбыл шығармаларындағы фольклорлық-этнографиялық ерекшеліктерді түсінуге бағдар бола алады.

Қазақ халқы – әлем халықтарының құрамындағы өзіндік орны бар тарихи қауымдастық. Қазақ халқының өткені мен бүгінін, келешегін мәңгіден келе жатқан қалыптасқан дәстүрлері аясында тану, әрине, сөз өнері өкілдері арқылы жүзеге асырылады. Халықтың өзіндік рухани келбеті оның мінез-құлқын, әдет-ғұрпын бейнелейтін мұралар арқылы ғана белгілі болады. Бұл орайда, біз этнография ғылымының нысаны мен Жамбыл шығармалары қатыстылығының ғылыми анықтамаларымен де сәйкестігіне көз саламыз:

«Мамандар арасында халықтардың бәрі де өз дамуы жағынан кенжелеп қалғандары да, сонымен қатар аса жоғары дамығандары да, саны жағынан аздары да, сонымен қатар көп миллиондылары да, өткен замандарда өмір кешкендері де, сонымен бірте қазірде өмір сүріп отырғандары да этнографияның объектісі болып табылады деп тану кеңінен танылды» [139, 4-б.].

Жамбыл – ежелгі түркілік әдеби-фольклорлық дәстүрлер ізін сақтаған алты Алаш жұртының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері табиғатына орай жырлаған акын. Жамбылдың шағын шумакты шыншыл ойлы, сыншыл тілді жырларының мазмұны ежелгі тарихымызда қалыптасқан көсемсөздік үні айқын шешендік тіл кестелерімен толық үндеседі. Жамбылтанушы зерттеуші М.Жолдасбеков «Жамбыл және оның поэтикалық дәстүрлері» деген зерттеуінде акын шығармашылығын құрайтын үш түрлі үлгіні айқындай атайды. Яғни, Жамбылдың халық әдебиетіндегі жанрлардың барлығын да, тайпалар мен рулардың, олардың батырлары мен билерінің тарихы мен шежіресін жетік білгендігі, ауызша суырып салма ақындығын әуездік сүйемелмен өрнектегені, ескі мен жаңаны, дәстүрлілік пен өзіндік үнін тыңдаушыларына орайластыра берушілігі көрсетілді [64].

Жамбыл – казактын ежелгі замандық рухани мәдениетін ХІХ және ХХ ғасырдағы ұрпақтарға жалғастырушы. Бұл жалғастықты, әрине, Жамбыл мұрасына әр қырынан қарай отырып таба аламыз. Әдебиеттану және фольклортану, этнография ғылымдарына ортақ ерекшеліктерді Жамбыл мұрасынан мол ұшыратамыз.

Ұлттық мінез-құлық психологиясының айнасы казактын салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Жыраулар мен ақындар ұлттық-халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жырлану нұсқаларын жасаушылар.

Жамбыл Абаймен замандас ақын. Халқының жүрек сырын бірі ауызша, бірі жазбаша толғаған екі ұлы ақынның бір-бірімен кездеспесе де, сырттай біліп қанық болып жүргендері анық. Жамбылтанушы зерттеуші Н.Төреқұлов осыған байланысты мынадай тиянақты дерек береді: «...Жамбыл Абай өлендерін ең әуелі ел арасынан тыңдап білді. Онан соң ол Шөже Қаржаубайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Мағауия Құнанбайұлы, Нұржан Наушабайұлы сияқты ақындарға кездесіп, солардан біліп таныды» [140, 3-б.].

Жамбыл ұрпақтарының бірі Еркеш Әбдіжаппарұлы Мәмиев айтқан мынадай дерекке назар аударарлық: «Жамбыл атамиздың өзі үш ағайынды екен – Тәйтi, Жамбыл, Қоман. Тәйтi дiн жолын қуған, Меккеге екі рет барып, қажы атанған, өте пірадар, адал, таза адам болған көрінеді. Ол кісі Меккеде Абайдың әкесі Құнанбаймен кездесіп, өзінің бірінші баласының атын Абай қойыпты. Бірақ Абай ерте сегіз жасында аурудан қайтыс болған екен» [141, 4-б.].

Жамбылдың жанына Сәт болысты ертіп Алматыда (Верныйда) ауырып жатқан Әбдірахманның көңілін сұрағаны белгілі. 1896 жылы Алматыда уақытша жерленген Әбдірахманның сүйегін Семейге алып кетерде Абайға арнайы айтылған «Жалғызбын деп жүрмесін» жұбату өлеңі – сәлемдеме дәстүрімен Шыңғыстаудағы Абайдың қайғысына ортақтасқан Алатаудағы тілеулес ақынның туыстық, достық демеу сөзі.

Жұбату өлеңдері – ежелгі би-шешендердің халық тұрмысындағы сөздің қарым-қатынас мәдениеті құралы ретіндегі маңызын

күшейткен үлгісі. Қайғы-қасіретке душар болған адамдардың көңіл-күйіне, күйзелісті жағдайына ортақтасу арқылы жұбатушылар адамгершілік-гуманистік тағылым өнегесін танытады. Жамбыл – халық әдебиетіндегі жұбату сөздердің адамгершілік қарым-қатынастардағы демеушілік қуатын эстетикалық таным тұрғысында түсінген акын. Жамбылдың аталған өлеңіндегі жұбату тілдері меззеулі, астарлы мағыналы сөздермен, сөз тіркестерінің бейнелі құйылысымен өрілген. Әбіш қазасының өте ауыр салмағын тек қара жер не нар ғана көтере алатын үлкен қайғы екенін, бұл фәни жалған дүниенің бір жұтқан судай ғана өткіншілігін тебірене толғайды. Ұлы Абайды «Кенесі кеткен талайға», «Жапанға біткен бәйтерек», «Кемелге келген асыл» сынды астарлары қалын тіркестермен бейнелей, «Тасқынды Тәңір басуы-ай» деп өкіне отырып мұсылмандық, қазақы мінез тағылымына, сабырлыққа, төзімділікке, жасымауға шақырады:

Салем айт барсаң Абайға,
Кенесі кеткен талайда,
Ауырды жеңген кара нар,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысың татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін,
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды Тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға.
Арқасын тоссын жасымай! [96, 35-б.].

Жамбыл мұрасындағы көңіл айту, жұбату, қарғыс (айбат, сес керсету), жоқтау өлеңдері – ұлттық халықтық өмір мазмұнынан туған туындылар. Фольклор мен этнографияның мазмұнынан акын-жыраулар поэзиясына сәулесін түсірген бұл жанрлардың арқайсысының әртүрлі оқшау оқиғаларға байланысты туғанын

танымыз. Мысалы, жұбату – казактын әдет-ғұрпына байланысты мұн-шер өлеңдерінің бір түрі. Жұбатулар – кісісі өлген қаралы жанды, елеулі кісі өмірден өткенде тұтас елді, халықты сөзбен жігерлендіретін қайраттандыратын өлеңдер. Әрине, жұбатулар кейде мақсатты жұмыстардың сәтсіздігіне немесе мүгедектігіне ұшырағандарға да арналады. Бірақ, дәстүрлі халық әдебиетіндегі жұбатулар қаралы жағдайға байланысты мол қолданылған. Жамбылдың «Жалғызбын деп жүрмесін» деген туындысы Әбдірахман қайтыс болғанда Абайға айтылған жұбату өлеңі.

Жоктау – казак сөз өнерінің ежелгі замандық түркілік дәуірдегі әдеби-фольклорлық мұраларымен бірге жасап келе жатқан жанр. Жоктау жырларының жанрлық табиғатының ішкі мазмұндық жіктелістерінде басым жырланған түрі қайтыс болған елеулі адамдарға арналған жоктаулар. Лирикалық мұңлы-шерлі, зарлы ой тебіреністерінің қайғылы тақырыптық желісінде өмірден өткен жанның рухани-адамгершілік тұлғасы дәріптеле сомдалады. Қазак әдебиеті тарихындағы Қазыбек биге, Бөгенбай батырға, Абылайханға, Кенесарыға т.б. атақты тарихи тұлғаларға және үлкен ақындардың өз балаларына арнап шығарған жоктаулар да бар. Мысалы, Абайдың балалары Әбдірахманға, Әкімбайға, інісі Оспанға арнаған жоктаулары – әкелік жүрек зарының, ашы, күйікті күйзелістің толғаныстары.

Ұлы Жамбылдың «Алатауды айналсам» өлеңі – дәстүрлі жоктау жырының әкелік зар тілімен шығарылған үлгісі. Композициялық құрылысы бірнеше лирикалық толғаныстарымен дараланатын бұл жоктаудың тұтас мазмұнынан әкелік махаббаттың перзентке арналған арманды, інкәрлік-ынтызарлық баураған көңіл-күйлік қалпы шынайы өрнектеледі. Жоктауда Алғадайының каза болған хабарынан кейін баласының жерленген жеріне барып қайтқандарды жауаңдай күткен көңіл елжіреуін жырлайды. Баласының мүрдесіне барып, топырақ салғандарын «елжірейді жүрегім», «ауырады белім де» сөздерімен білдіре отырып, өлімнің улы, зәрлі суық қалпына күйзеле күңіренеді:

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?

Сарыарқаны сандалсам
Санылағымды табам ба? [97, 297-б.].

Жоктау жырлар – қазақтың ұлттық әдет-ғұрыптарының ішінде сөз бен саз, әуез қосындысын тұтастыра отырып, адам өмірінің мазмұнына қатысты философиялық тұжырымдар да жасайтын жанр. Осы жоктауында Жамбыл фәниден бақиға ауысатын құдайлық зандылықты мойындайды, бірақ пенде атаулының артында қалар ұрпақ жалғастығын ойлайтын реалистік өмір талабын да айтады:

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ...
Көп жайланған жабының
Жал-құйрығы сұйылар.
Көкейлерің ұғынар.
Көтермей жан жалының
Көзден жасы құйылар [97, 297-б.].

Жоктау – халықтық сөз өнеріндегі фольклор мен әдебиеттің сапалық белгілерін бойына жинастырған жанрлардың бірі. Жамбыл жоктауында да ежелгі халық өлеңдеріне тән психологиялық егіздеулік мәні бар тармақтармен өзіндік тақырыптық ойларын жарыстыра жырлау бар. Мысалы, Алғайды мәнгілік сағынып өтерін аңсар көңілін айқындай түсуде «Сарғайып атқан таң мен сары аяқ болған» жанды, «бозарып атқан таң» мен «бозар-аяқ болғанды» өзінің баласын күткен сезіммен егіздей атап елжіреді. Халық өлеңдеріндегі адам жанын баурайтын сезімдік тебіреністерді, толғаныстарды жеткізуде тұрақты қолданылатын дәстүрлі бейнелі тармақтар да өріледі:

Мінген атың кер ме екен
Кекілден аққан тер ме екен.
Қиырға бір шығып шақырсам,
«Тәтемнің даусы» дер ме екен?

Мінгенде атым сұр бөрте.
Алғадайды алдың еп-ерте.
Мен жыламай кім жылайды.
Жал-құйрығы кеп-келте?!

Қаз келеді қаңқылдап,
Бұлақ жүні жалпылдап
Алғадайым келсе жарқылдап
Мен шығар едім аңқылдап [97, 296-б.].

Кейде табиғаттағы кесек бітімді заттарды бейнелей отырып, тақырып нысанасындағы мәселені биіктете даралай жырлауды да осы жоқтауда қолданған:

Қазығұрт пен Қаратау,
Тамам тауға пана тау.
Дүниенің қызығы
Ұл мен қызда болады-ау [97, 296-б.].

Бұл жоқтау – фәни жалғанның өткіншілігін, адам ғұмырының өлшемі Алланың жазуында екендігін мойындайтын философиялық салмақты ойлы өлең. Ақын осыны айта отырып, кәрілер өтіп орындарын жас толқын басуы тиіс реалистік өмір шындығы заңдылығының сақталуын аңсай жылаған зарын төгеді. Бұл – қарттықтың ақырғы шегіне жетіп, артында ұрпақ жалғастығының қалуын, тіршіліктің мәңгілік сабақтастығын тілеген гуманистік ойшыл, азамат ақынның үні.

Салтқа қатысты халық әдебиетінің (фольклордың) жерлеу салтына байланысты өлеңдер тобында естірту, көңіл айту, жоқтау өлеңдері, дұға (әруақтарға арнап оқу) біртұтас байланысты жүйеде қалыптасқан. Сондықтан, Алғадайдың қазасын естірткен Кененнің бе, әлде басқа ақынның естірту өлеңі де болуы тиіс. Ал, қайғыдан құса болып дәрігерлер ем жасаса да басын көтере алмай жатқан Жамбылға Қорлайдан арнайы тағы келген Кенен ақынның жұбату-көңіл айтар

өлеңінен шығармашылық тағдырлас алып тұлғалардың ұстаздық-шәкірттік байланыстағы жүрек соғыстарының үндестігін танимыз:

Ау, Жәке көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың,
Пендеге бұл жалғанда өлім, рас,
Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін.

Кім күшті, дүниеде тағдыр күшті
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бак ішінде дарағы едің,
Бір жемісің жел соғып жерге түсті.

Сен тұрмасан береке бізден қашты.
Түгесіп те бітірдім көзден жасты
Қарасай бабан шейіт емес пе еді,
Атаң – батыр Шапырашты, көтер басты! [92, 73-б.].

Жамбыл шығармаларының фольклор мен әдебиеттің сапалық қасиеттерін өзара ұштастырған қалпы ұлттық тарихы бай сөз өнері мұраларымыздың эстетикалық-көркемдік қуатты тағылымын танытады.

Жамбыл шығармаларының ішінде ежелгі халық дәстүрлеріндегі тұрмыстық, адамгершілік қарым-қатынастарын, аралуан сезім, көңіл-күй әуендерін танытатын жырлар мол кездеседі. Мысалы, қоштасу, өсиет, бата, дидарласу, жүгіну, төрелік және т.б. өлеңдері.

Қоштасу – әрбір халықтың тұрмысында кең қолданылатын дәстүр. Туған жермен, атамекенмен, ата-анамен, ағайынмен, ұзатылатын қызбен, осы фани жалғанмен қоштасатын адам көңілінің сезімдік толғаныстары қоштасу жыры арқылы ақтарылады. Мысалы, «Сарбас ақынның соңғы қоштасу өлеңі» атты шығарма өлер алдындағы ақынның елімен, ағайынымен, өнерімен қоштасқан тебіреністермен жырланады:

Танылдым талай елге тілімменен,
Домбыра бірдей еді үнімменен.
Жанымнан жарты сағат тастамайтын,
Сырлы ағаш, қаласын ба шыныменен?! [142, 144-143-б.].

Бұл – лириканың элегия түріндегі бір үлгісі. Себебі, қоштасу атаулының бәрі де кимастық сезіміне толы. Кейбір қоштасуларда адамның жұртқа, халыққа арналған ризашылығы жырланады. Ал, Жамбылдың «Ағайын-туған, есен бол!» қоштасу өлеңі Балқаш көлінің Шығыс жағалау алқабын мекендейтін Есім, Малай, Қожан деген ағайынды адамдарға, солардың аулына арналған. Бұл 1876 жылдардың шамасы болса керек. Акын өзін өте қатты құрметтеп, қадірлі қонақ ретінде ардақтап, алақанға салғандай аялаған сол ауылдың халқына, азаматтарына көңіл ризашылығын білдіреді.

Жамбылдың бұл қоштасу өлеңі – қазақ ауылының нағыз қонақжай, меймандос, берекелі тіршілік тынысын танытатын шығарма. Өлеңнен қазақ ауылының шынайы ұлттық-халықтық болмысы реалистік табиғатымен танылады. Қазақтың ұлттық келбетін, тұрмыстық қарым-қатынас мәдениетін біз ауыл ұғымының аясында ғана елестете аламыз. «Мырзалық», «жомарттық», «сахилық», «қолы ашықтық» атты мәндес сөздердің мағынасына сай келетін халық келбетін қазақ ауылының берекелі тұрмысымен ғана айта аламыз. Жамбылдың қоштасу жырынын алғашқы сөз арқауы осыған арналады:

Ел едің құт дарыған Есім-Малай,
Қыдырып қызығыңды көрдім талай.
Арқанда үрлеп ішіп, шайқап төктім,
Қайтқалы бет түзедім елге қарай.

Барармын баян қылып бәрін төске,
Бейілің, берекенмен болар есте....
Адамның алыс жүрсе аңсары ауып,
Көруге құмартары сол емес пе? [96, 33-б.].

Қоштасу өлеңдерінде әдетте мәңгілік қауыша алмастай кимастық сезім тебіреністері мол болып келеді. Ал, Жамбылдың қоштасуында сыйласқан көңілдегі адамдардың бірін-бірі ұмытпай жүретіні, келесі көріскенше сағынышпен күй кешетін көңіл әуендері өрнектеледі:

Ағайын-туған есен бол.
Алшайып атқа мінейін.
Енді айналып келгенше,
Аңсай-аңсай жүрейін.
Шүйгінің сонылап,
Шынарына түнедім.
Қош аман бол, құрметті ел,
Қадіріңді білейін! [96, 330-б.].

2. Жамбылдың шығармашылығындағы өсиет, дидактасу, төрелік өлеңдері

Өсиет өлеңдері – әлемдік поэзияда ежелден қалыптасқан жанрлық үлгілердің бірі. Көбінесе, өмірдің ұзақ жылғы белестерінен өткен қариялық кезеңнің асуына көтерілген үлкен тұлғалар өсиет сөздер, өлеңдер айтатын болған. Өсиет өлеңдерде фәни және бақи дүниелік мазмұны табиғатындағы жалғастық, тіршілік мәні айтылады. Жамбылдың «Өсиет» атты өлеңі – адам ғұмырының фәнилік және бақилық арасындағы қарым-қатынастар мазмұнына арналған туынды. Өмір мен өлімнің кезектестігіне, жалғастығына құрылған тіршіліктің дамылсыз қозғалысындағы тынысының «дүние серуен», «адам бір көшкен керуен» екендігін айта келіп, өткініші дүние суретін айқын елестетеді.

Дүниені қызық қалдырып,
Амалсыз өмір белінен
Кірсе лебіз – шықса жоқ.
Хауіп етіндер өлімнен [96, 4-б.].

Бұл дүниеде «дос-жаранға, кемтарға қайырлы» болып, қайырымдылық арқылы ғана жақсы өнеге қалдыруға болатыны өсиет етіледі. Адамның артта мәңгілік мұра болып сақталатыны – қайырымдылық істері екендігі атап айтылады:

...Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?
Дәулетіннен не пайда
Таусылмастай көрінген?!
Жалғыз мұраң сол болар
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де,
Көмілмейді кебінмен [96, 45-б.].

Жамбылдың «Бата» атты өлеңі – қазақтың тұрмыстық-салттық тіршілігінің мазмұнын арқау еткен шығарма. Қазақтың бата-тілек өлеңдері отбасылық немесе әулеттік жиындарда (тойларда, астарда) жұртшылыққа, қауымға, кейде жеке адамдарға арналып айтылады. Бата өлеңдерінің мазмұнында келер күндердің жақсылықтарының мол болуына тілек білдіріледі.

Қазақ халқының тарихында бата берудің әртүрлі мақсаты болған. Атақты би-шешендер, ақындар, ұсталар (зергерлер, үй салушылар және т.б.) өзінің өнерін иеленгісі келетіндерге арнайы бата-тілек берген. Қазақ тұрмысында ас-дәмді ішерде және тамақтанғаннан кейін берілетін баталар көбірек қалыптасқан. Ахмет Байтұрсынов «Бата – біреуге алғыс берілгенде айтылатын сөз» [17, 430-б.] десе, Халел Досмұхамедұлы: «Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді және ол көбінесе өлең түрінде болып келеді», – дейді [18, 21-б.].

Жамбылдың «Бата» атты өлеңі – ағайындардың бас қосқан жиынында айтылған тілек жыры. Бата өлеңінің мазмұнында еркек пен әйелдің зайыптық-жұбайлық жұбының үйлесімді, көңіл жарастығының болуына әуелі тілек арналады. Әйел мен еркектің жарасты жұбайлық отбасында дүниеге келген ұлдар мен қыздардың

тұрмыстық-шаруашылық кәсіптеріне бейім болып өсуін тілеген ақын жылқыны, қойды, түйені бағу, егін егу жұмыстарын менгерген балалардың өмірдегі азаматтық бақыт тұрмысын тілеп жырлайды:

Қос-костан тауып ұл мен қыз,
Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі,
Қойға кетсін қудалап.
Түйеге кетсін біреуі –
Екі көзін уқалап.
Егін ексін біреуі
Су сағасын томалап.
Оттың басын шандатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы бақсын біреуі,
Асауларды күделеп,
Сөз сөйлесін біреуі
Көп ішінде сүбелеп [96, 44-б.].

Жамбылдың шығармашылығындағы фольклорлық-этнографиялық жанрлардың бірі – дидарласу өлеңдері. Дидарласу – казак тарихындағы атақты би-шешендердің, ақын-жыраулардың, ел ағаларының тұрмыстық қарым-қатынастарындағы аса маңызды кездесулерді бейнелейтін сөз. Бірін-бірі сырттай ғана естіп, біліп, бірақ бетпе-бет отырып кездеспеген, сөйлеспеген адамдар дидарласуды өмір сапарының елеулі оқиғасы ретінде түсінген. Жамбылдың ұзақ өмірінде бұндай дидарласулар өте көп болған. Солардың ішінде Жамбылдың ақындық-азаматтық мұратына, бағдарына игі ықпал жасаған ақындармен дидарласуларының маңызы ерекше. Сондықтан Жамбыл шығармаларының ішінде «Сүйінбайға», «Тоқтағұлға», «Майкөтпен дидарласу», «Бақтыбаймен дидарласу» және т.б. өлеңдердің мазмұнында аға буын ақындардың ұстаздық, тәлімгерлік тұлғаларын құрметтеу, дәріптеу, айрықша байқалады.

«Сүйінбайға» өленінде:

Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым,

Әйгілі, ақылгөй, желді сөздің –

деп, ұстазының өнеріне деген шәкірттік көңілін білдіреді [96, 24-б.]. Ал, 1898 жылы бай-манаптардың жаласымен Сібірге жер аударылған қырғыздың үлкен ақыны Тоқтағұл мен дидарласуы да маңызды. 1912 жылы Үлкен Кэмин деген жайлауда Шәбден атты кісіге ас беріп, сол аста Жамбыл мен Тоқтағұл дидарласады. Сол дидарласуда Жамбыл өзінің Тоқтағұлға арналған құрмет сезімін өлең жолдарымен білдіреді. Тоқтағұлды бұғауын үзіп қашқан кен даланың еркін өскен асау құланына балап отырып, ақынның асыл сапаларын үстемелей бейнелейді:

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,

Өтіпсің самғап ұшып, асқар белден,

Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,

Хан-төре айналмай ма, сендей ерден [96, 49-б.].

Ал, «Кененге» атты өлеңде де өзіне шәкірттік ықыласымен, ақындық өнерімен ұнаған ақын інісіне сүйсініс сезімін білдіреді. «Бөдене мен тұрымтай бұққан дауыс сен бе едің» деп ақындық жолына жүйрік ақындық сапар, жолын тілейді. Бұл аталған өлеңдердің жауаптасу кезектері сақталмаған. Ал, толық сақталғандары Майкөтпен, Бақтыбаймен болған дидарласу өлеңдері.

«Майкөтпен дидарласу» өлеңінде аға буын мен жас толқын ақындардың кездесу сәтінің әсерлі калпын көреміз. Өлеңмен амандасу мазмұнындағы бұл шығарма – аға мен іні ақындардың кездесу сәтіндегі сұхбаты. Майкөт Сандыбайұлы (1824-1902) – ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі. Ол мұсылмандық Шығыс әдебиетін меңгерген, медреселік білім иесі, оқымысты ақын ретінде танымал болған. Шығыстың араб-парсы әдебиеттерін, қазақтың халық әдебиетін терең меңгерген. Айтыстары, дастандары, лирикалық өлеңдері арқылы ақындықтың ұстаздық тұғырында танылады. Зерттеуші С. Садырбаевтың айтуынша: «Ол

«Мың бір түн», «Көрұғылы сұлтан», «Шах-наме», «Едіге батыр», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр» жырларын ел арасына кең таратқан» [96, 295-б.]. Демек, Майкөт – эпик жыршы.

Жамбыл мен Майкөттің дидарласуы 1891 жылы Майтөбе деген мекендегі Үлкен саз жайлауында өткен Алатау атырабына әйгілі би Сарыбай Айдосұлының асында болады. Әулиеатадан жанына отыз кісі ертіп, осы асқа келген Майкөт әуелі Сүйінбай бастаған Алатау баурайының ақындарына өлеңмен амандасады. Осы кездесу туралы зерттеуші С.Садырбаев мынандай тын дерек айтады: «Бұл кезде ас қамымен жүрген Жамбыл алыстан ат артып келген Майкөттің алдынан дер кезінде шыға алмай қалады. Бұған Майкөт ағалық наз білдіріп, қасына Жамбылды шақыртумен алдырады. Жамбыл да бұған орай, майда тілмен тілек ізет көрсетеді» [96, 296-б.].

Дидарласу жырында Майкөт ақын өзінің Сарыбайдың асына отыз кісіні ертіп келгенін, бірақ дабысы алысқа жеткен Жамбылдың сәлем беруге келмеуіне өзінің өкпелі болып тұрғанын білдіреді. Жамбыл өзінің жауап сөзін амандасу, сәлемдесу рәсімімен, қазақы мәдениетпен жырлайды. Өзінің аға ақындармен бірге көрінбегенінің інілік ізеттілік сақтауы екендігін түсіндіреді. Майкөттің ақындық қуатын, өзінің інілік, ізеттілік мәдениетін өрнекті жыр жолдарымен байқатады:

...Алдынан үлкендердің өтпейін деп,
Аялдап, әдеп еттім біраз ғана,
Сіз бе еді, – ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген,
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.
Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.
«Сүйрендеп алдыңызда сөз сөйлемей,
«Етейін - деп ойладым, – әдеп-ізет».
«Сөйлеген аға тұрып ініден без»,
Ежелден елде сондай бар еді сөз! [96, 132-б.].

Жамбылдың ақындық, азаматтық мәдениет хақындағы бұл сөздері – оның эстетикалық дүниетаным әлемінің сұлулыққа, ізгілікке толы мазмұнын танытады. Жамбылдың амандасу сөзінің жүйелі желісіне ырза болған ұстаз ақын қуана жырлайды, оның өнер әлеміндегі азаматтық парасаттылық бағдарына ағалық ақ тілегін арнайды:

Аңғарынды таныдым.
Көтеріліп желпіндім,
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің.
Тал бойында бар екен
Алыс шабар серпінің
Тауып айтқан сөзіңе,
Селт еттім де серпілдім.
Мейірім түсті өзіңе
Бата берсем деп тұрмын [96, 133-б.].

Майкөттің бата сөзі – ақындық өнер өркендеуіне арналған серпіліс, толғаныс тілегі. Киелі өнер қонған ұстаз-ақынның ризалық сезіммен айтылған бата тілегіне Жамбыл да дәстүрлі қабылдау сөзін арнайды:

Әумин, батаңызға көтердім қол,
Етейін Сізге қызмет мен осы жол.
Той қылып, тобыңызда отырыңыз.
Менің де, Майкөт аға, тілегім сол [96, 133-б.].

Жамбыл шығармашылығындағы «Бақтыбаймен дидарласу» шығармасы да халықтың қарым-қатынас мәдениетін танытады. Бақтыбай Жолбарысұлы (1842-1902) – ХІХ ғасырдағы көрнекті ақын, жыршы. Ол – көптеген айтыстарымен, дастандарымен танымал болған кісі. Жамбыл мен Бақтыбайдың осы дидарласуы шамамен 1872 жылдары болса керек. Бақтыбай өзінің ақындық өнері жолындағы

бұрынғы жастау кезіндегі өнері шарықтаған сайыстарда жеңімпаз болған өткендегі жалынды, қайратты шағын еске ала, қазіргі қартан тартқан кезін салыстыра жырлайды:

Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Көне тартқан шағымда
Көзінді сал, пайымда.
Қойшыны құдай атарда,
Шопанға тиер таяғы.
Қырсау тартқан кісімін.
Мен – өлеңнің саяғы.
Күй мен сөзді ағытқан,
Қайратым жоқ баяғы.
Ол күнімде іздеуші ем,
Тоятымды алыстан...
Сол бір ұлы дүбірде
Танбап едім шабыстан [96, 134-б.].

Жамбыл өзінің ақындық өнерін бағалап, таныскалы көргісі келген аға буын ақынның жүрекжарды сөзін мәдениеттілікпен қабылдайды. Жасы үлкен ағасы ретінде Бактыбайды сыйлайтынын сәлемдесуі арқылы білдіреді. Бактыбайдың азаматтық, ақындық тұлғасын көркемдік бейнелілігі анық өлеңімен айтады:

Абақ, Тарақ арасын,
Аралаған серімсін
Алыс, жақын бәрін де,
Саралаған ерімсін.
Алдымызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаныз берілсін [96, 135-б.].

Ақын дәстүрлі сөз жүйесімен өзінің меншігін, өзінің өнер әлемін, Майкөт, Құлмамбет ақындардың өзін сыйлағанын, Майлықожа, Құлыншак ақындарды пір тұтатынын мәлімдейді. Демек, бұл дидарласу өлені – ақындық өнер иелерінің қазақы ғұрып, дәстүр жолына сай ұлттық мінез мәдениетін танытқан шығарма. Жасы үлкен, өнері ертерек танылған аға буын ақындарды құрметтейтін азаматтық ізгілік, кішіпейілдік мінез мәдениетінің тағылымын Жамбылдың дидарласу өлендерінен танимыз.

Жамбылдың «Жүнісбайға жүгіну» өлені – халықтың әдет-ғұрыптық дәстүріндегі қарым-қатынас, мінез мәдениетіне байланысты дүниеге келген шығарма. Жүгіну белгілі бір мәселенің ақ-қарасын ашу үшін халықтың немесе бір адамның бағалауына ұсынылатын ұсыныс, пікір. Бұл өлендегі жүгіну мәнісі Жамбылдың шынайы ақындық пен жай өленшілікті, азаматтық ірілік пен ұсақтық пендешілікті салыстыруы. Зерттеуші С.Садырбаев осы өленнің тарихы туралы мынадай дерек айтады: «1890 жылдың орта тұсында Жамбыл Іле Алатауының шығыс күңгейіндегі таулы өлкедегі Албан еліне барады. Жол бойы Түрген тауының төсіндегі Төре жайлауында отырған Асыл деген елдегі көңілі дос Жүнісбайдікіне түседі. Онда Шәутен, Шепшек деген болыстар Шыбыл руының аты белгісіз бір ақынына өлен айтқызып отыр екен. Жамбылды көрген соң, үйдегілер «Жамбыл сөйлесін, Жамбыл айтсын» деп қошемет көрсетеді. Соған намыстанған Шыбылдың шалы Жамбылдың арғы ата-тегіне тиісе сөйлейді. Сонда Жамбыл Шыбыл руының ақынын келемеждеп, осы өленді айтқан екен» [96, 297-б.].

Жамбылдың өлені – қазақтың ата-тектік, ата-бабалық ұрпақтар жалғастығы жолын құрметтеуге шақырған дәстүрлі сөз үлгісі. Қазақтың өз ішіндегі ататектік, әулеттік тармақтардың атадан балаға жалғасқан жақсылықтары мен кемшіліктері таразылана төрелік бағалауына ұсынылады:

Бір басыңа жетерлік,
Былығың мен шылығың..

Жүнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапка [96, 139-б.].

Төрелік өлеңі ақындардың жырмен сайысатын айтыстарына қазылық қорытынды ретінде айтылатын шығарма. Бұл – қазақ поэзиясындағы би-шешендердің өнері дәстүрінен ақындық өнерге жалғасқан түр. Ауызша және жазбаша айтыстардың көпшілігінде тұрақты қолданыла калыптасқан бұл жанрлық түрге Жамбылдың да қатысы бар. «Нұрилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі» деген топтық ақындық өнер сайысында Нұриланың асқан ақындығына Жамбыл қазылық бағасын береді. Жамбылдың төрелік сөзі – қазақтың ата-бабалық дәстүрінде қалыптасқан әділдік шешімінің көрінісі. Әйел ақын Нұриланың ақындармен, оның ішінде Үмбетәлімен болған сөз сайысында басымдылығы белгілі болған. Нұрилла қазылық төрелігін беруді ақындардың ұстазы Жамбылдан сұрайды. Үмбетәлі қазақ қоғамында жекеменшіктік пиғылдың ықпалынан қалыптасқан көзқарастың әсерімен әйел жынысын кемсіте сөйлеген еді:

Қанша айтқанмен байталдың бағасы кем,
Ұрғашыда болмайды еркекпен тең.
Қара тілді әйелдің талайымен,
Қақтығысып әр жерде сөйлесіп ем.

Намыстанба, Нұрилла, жаным оған.
Өзіңнен кем еркегің, тидің соған
Тұяғындай тұлпардың серпінінен,
Қаптай берсін бетіңе ұшқан тозаң [96, 159-б.].

Жамбылдың төрелік сөзі қара қылды қақ жарғандай, әділдік семсеріндей болады:

Жамбыл сөзін бастаса бастап айтар,
Түйіп түгел, соңына тастап айтар.

Бак берген, маңдайына бас бармактай,
Жүлде алады әр жерде жүйрік байтал.

Бағы жанса байталдың бағасы зор,
Адасқанын Үмбеттің байқады ол,
Бұл жердегі айтыстың кезегінен,
Нұрилага беретін теңеуім сол.

Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,
Көрген жұрт көз мөрімен растаған.
Кәрі демей, жас демей айтысатын
Сүйінбайдан соңғыға мирас қылған [96, 164-б.].

Ақындардан сайысына төрелік айту – Жамбылдың да ақындық өнерінің қуаттылығының көрінісі. Ал, төрелік айту үстінде өзінің де жеңімпаз ақын Нұриламамен айтысуына ынтасының аууы – табиғи құбылыс. Сөз сайысында жүйрік ақындарды тыңдаған қарт Жамбылдың төрелік сөзін айтып болысымен Нұриламамен айтысуға тілек білдіруі – оғаштығы жоқ әрекет. Бірақ Нұриланьң жасы кішілігін, Жамбылдың жолының үлкендігін айтып, әрі үйінде босанғанына үш-ак күн болған нәрестесіне асығып отырғанын, бұл сайысқа «Ат жіберіп, әдейі шақырған сон» ғана амалсыз келгенін айтып айтысудан бас тартқанына Жамбыл еріксіз тоқталады. Төрелік сөздің соңғы қорытындысында Нұриланьң әдепті мінезіне, ақындық шеберлігіне тәнті, риза болған Жамбылдың жыры алғыс, бата тілектері болып жырланады:

Сөзіннен сорғалаған тамады алтын,
Аңқылдаған адамға көңілің жарқын
Бала жастан өлеңге Жамбыл құмар,
Басылатын жайым бар әнмен мауқым.

Тербеткен жүрегімді жас баладай,
Құлағымда тұрады осы даусың

Барғын, балам, аман бол, жолыққанша,
Бәрекелді! Үстіңе көп нұр жаусын! [96, 166-б.].

Жамбылдың қазақ ортасындағы дәстүрлі қарым-қатынастарға негізделген өлеңдерінен халықтың қалыптасу, даму тарихының алуан сырлары аңғарылады. Ақындық өнер жолында биік мақсаттарға жетуде туған халқының тұрмыс-салтындағы ежелден қалыптасқан қарым-қатынастар жолын тұтыну, дамыту, жетілдіру арқылы ғана ақындар өз ортасының елеулі тұлғаларына айнала алады.

Жамбыл қазақтың далалық, тұрмыстық жағдайларын реалистікпен суреттеген ақын. Қазақ ауылдарының үдере көшуі, жана жерге қонуы, байтақ даланың барлық қырларындағы халықтың қоныстас, көршілес жағдайда өмір сүруі – бәрі де ақын жырларында көрінеді. Мысалы, байтақ даладағы қазақ ауылдарының жер шалғайлығына карамастан қоныстас, көршілес болуы – біздің ұлттық-халықтық дәстүріміз:

Көшіп ауыл жөнелді,
Күндіз-түні тыным жоқ.
Тыным қылған күні жоқ
Кіші жүз бен Орта жүз,
Маңына барып қонады [96, 117-б.].

Осылайша үдере көшіп келе жатқанда екіқабат әйелдердің толғататыны, босанып қалатыны, ерулік қонақасы беру т.б. жағдайлар – біздің тұрмысымыздың тарихи шындығы. Жамбыл көшпенділік тұрмыстың осындай суреттерін үнемі, тұрақты жырлайды.



3. Жамбыл шығармаларында қазақтың ұлттық мәдениетінің дәстүрлі сипаттарының жырлануы

Жамбыл шығармаларындағы этнографиялық мазмұн мен тағылым тұрғысындағы танылатын бір мәселе – қазақтың ұлттық мәдениетінің дәстүрлі сипаттарын жырлауы. Оның ішінде төрт түлік малды өсіруге және адамдардың рухани маркаюына, демалуына арналған жазғы жайлау көріністерінің суреттелуіне ерекше мән беріледі. Жайлау қазақ мәдениетінің ұлттық бояулары қанық сіңірілген қайталанбас ғажайыптарының бірі. Жазғы жайлау – қазақ мәдениетінің жан мен тән тазалығын тоғыстыра, жаңғыра, жаңара түлейтін, Табиғат-Ана аясында рахатты күй кешетін кезеңі. Жамбылдың «Жайлау», «Майтөбе жайлауы», «Қымыз», «Мал өсірген аймаққа», «Жайлауымыз Құлансаз», «Жаз», «Жаз жыры» және т.б. өлеңдерінде қазақ ауылындағы жайлау көріністері табиғи бояуларымен суреттеледі. Қазақ даласының жазғы келбетінің сұлулығы – жайлау суреттері арқылы ғана танылатын тарихи шындық. Қазақ даласындағы таулар, өзендер, андар, құстар, төрт түлік мал, аспан, адамдар – бәрі де осы жайлау атты жазғы қоныстың біртұтас суреттілік-бейнелілік бояулары арқылы танылады.

Жамбыл ақынның «Жайлау» атты өлеңінде адамдар мен табиғат құбылыстарының тұтаса өрле өрнектелген суреттеріне кездесеміз. Әрине, бұл қазақ халқының көшпелі өмірінің, тұрмыс-салтының ежелгі тарихынан сақталып жеткізілген әсемдік туралы эстетикалық дәстүрлі танымының көрінісі. Ақын жыры – қазақтың жазғы жайлау аясындағы күнделікті тіршілік мазмұнының айнасы. Тіршіліктегі барлық құбылыстардың өзара үндесе суреттелуінен қазақтың жайлауы орналасқан дала төсіндегі заттар мен құбылыстардың әсемдікпен тұтасуын танимыз:

Масайрап күн әлемге,
Нұр сәулесін шашқанда...
Атыма мініп гүл жайнап,
Кеттік жүріп малды айдап.

Жайлауды көріп жылқылар,
Шұркырасып салды ойнак...
Жақұттай алтын таң атып.
Жұлдыздың көзін қысқанын,
Көрдім көкте калықтап,
Ақ иықтың ұшқанын,
Көз алдымда Алатау,
Меруерттей шалмасы
Таудан құлай аққан су,
Бауырында өскен алмасы,
Қиялай соққан карағай,
Таныс өлке арнасы,
Көзімді жұмып отырып,
Жайлауды мен табамын [97, 40-б.].

Ақынның «Жаз жыры» атты өлеңінде табиғаттың кең, мол тынысты ауқымындағы тұрмыстық сұлулық, үндестік әуендері бейнелі тілмен суреттеледі. Жайлау – жаздағы өмір тынысының жинақталған орталығы. Жаздағы кеңінен жайылған адамдар көңілдерінің шалқуы мен табиғаттағы құбылыстар қозғалыстары және басқа да тіршілік иелерінің тұтастана тоғысқан тағдырлары – ақынның лирикалық шалқыған сезімдік толғаныстары мол өрнектермен өріледі:

Махаббат, мейірім, ән мен күй.
Ойын, күлкі, наз келді.
Тамаша өмір, шаттық жыр,
Қала, дала, ой мен қыр,
Нұрлы жаз ғой биыл жаз,
Төгілген көктен алтын нұр.
Назданар адам аз ба енді?!
Көйлек көк те, тамақ тоқ,
Еш пендеде уайым жоқ,
Жасармас қай жан жазда енді?! [97, 75-б.].

Жамбыл – казак поэзиясындағы табиғат туралы жырлау дәстүрін осы жайлау тақырыбындағы өлеңдерімен байытқан акын. Жамбылдың туып-өскен жері, атамекені – Жетісу. Жетісу – әлемдегі аса сирек кездесетін сұлу мекен. Акынның «Алатау» атты өлеңінде асқар шыңдарының ұшар бастарын мәңгілік қар мен мұз құрсаған Алатау, оның қойнаулары, тау етектерін көмкерген ормандардағы өрік, алма, алмұрт, жиде жемістері, арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық, сілеусін, жолбарыс сынды андары, бұлақтардағы, өзендердегі, көлдердегі балықтар бәрі де Жетісудың сұлулық, байлық тұнған келбетінің ажары, көркі ретінде жырланады. Акын табиғаттың қайталанбас ғажайып сұлу мекенін қазақ жерінің қымбат қазынасы ретінде бағалайды. Тау суреттерінің жазғы жайлауға ажар берген бояуларын жанды қозғалыстағы кейіптеулік бейнелілікпен өрнектейді:

Қарлы тау, басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған септес.
Алатау, Жетісумен құшақтасқан,
Еліне қазыналы қойнын ашқан.

Жайлау бар, бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры – бәрі балғын.
Қызығын сол жайлаудың көрем десең,
Шөбіне бауырың төсеп жатып алған [97, 77-б.].

«Майтөбе жайлауы» өлеңінде де жазғы жайлаудағы таудың тұлғасы кейіптеулік бейнеліліктің адамдық іс-әрекеттермен ұқсастырылып берілетін жағдайында суреттеледі:

Күнде басын шүйкелеп.
Аспанға басын үйкелеп.
Қағып-сілкіп тұратын,
Тау емес пе, бұл! [97, 78-б.].

Жайлаудың төрт түлік мал өсіп-өнген, табиғат сұлулығы жарасқан қалпы, әрине, адамдармен ғана көрікті. Акын қазақтардың

меймандос, жомарт пейілінің жайлаудың жайлы қалпымен тоғысканда бұрынғыдан да гөрі жайыла кенейе түсетінін нақтылай жырлайды.

Жайлау сәні – қымыз. Әлем халықтарында кездесе бермейтін, тек қана қазақ халқында ғана айрықша әспеттелетін осы қымыз – біздің этностық негізгі белгілеріміздің бірі. Бәлкім, ғасырлар белестерінен соншама ұлан-байтақ жерді аман сақтап, қазақы мінезден айырылмай келе жатқанымыз да осы қымыздың құдіреті болар! Себебі, қымыз – адамның денсаулығын нығайтатын, әртүрлі ауруларға қарсы емдік қасиеттері мол сусын. Кең-байтақ даланы, төрт түлік малды, ағайынды ерекше ыстық сезіммен, перзенттік махаббатпен сүюіміздің де дәнекері қымыз секілді. Жамбылдың қазақтың аса жеңсік тағамдарының бірі қымызды жайлаудағы қазақтың тұрмыстық тіршілік мазмұнымен біртұтас жырлауы ақынның ұлттық тағылымды өнеге тұтатын ұлылығын танытады.

Жамбылдың жайлау сәні қымызға қатысты өлеңдері қазақ тұрмысындағы мәні ерекше болып саналатын қымыз тағамын толық тануға жетелейді. Осы орайда, зерттеуші С.Кенжеахметовтің қымыздың түрлері хақындағы сипаттамасына назар аударамыз: «...Биенің ашымаған сүтін «саумал» дейді. Оған арнайы ашытқысы қосылып, екі-үш күннен кейін ашиды. Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша ауылдың үлкендерін шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны «қымыз-мұрындық» дейді. Дайындау әдісіне, қасиетіне, сапасына және сақталу уақытына байланысты халқымыз қымызды бірнеше түрге бөледі. Және олардың әр түрін жылқы жасы атауымен атайды. Ұыз қымыз – биені алғаш байлап, жаңадан ашытылған қою қымыз. Бал қымыз – жылқының сүр қазысын қосып әбден бабына келтіріліп пісілген қымыз. Бұл басқа қымызға карағанда сары әрі қою, дәмді, жұғымды, тұщы болады. Құнан қымыз – екі түн сақталған, толық ашыған қымыз. Дөнен қымыз – үш түн сақталған өте күшті қымыз. Бесті қымыз – төрт түн сақталып, ашуы әбден жеткен қымыз. Мұнымен қатар шөп буыны катып күзде сауылатын қымызды «сары қымыз» дейді... Қыста қысыр биелерді қолда ұстап сауып, оны «қысырдың қымызы» дейді. ...Қулық биенің (алғашқы құлындаған бие) қымызын «қысырақтың қымызы»

дейді. ...Бұрынғы қымыздың үстіне саумал қосылса, оны «түнемел қымыз» дейді. Сабадағы қымызға жылқының шикі қазысын салып көп пісілген қымыз қуаты күшейіп, сапасы артады, ашы дәмі де азая түседі. Көп пісіліп ашы дәмі кеткен қымызды «өлтірілген қымыз» дейді. ...Бие ағытылар алдында соңғы қымыздың ауыл адамдарын шақырып батасын алатын халықтың жақсы дәстүрлері бар. Мұны «сірге жияр» деп атайды» [143, 89-90-б.б.].

Жамбыл – қазақ тұрмысының жыршысы. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін бойына сіңірген ақынның жырларындағы ұлттық тағылымның тәрбиелік ықпалы осындай реалистік табиғатымен танылады. Ақын «Қымыз» деген өлеңінде қазақтың ұлттық-халықтық көңіл-күйінің қымызға арналған ықыласын реалистік әрі романтикалық бояуларымен, лирикалық желпіністерімен әсерлі жырлайды:

Үйірілген қышкыл, тәтті сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз.

Сапырған жайлау жайлап, байлар қымыз,
Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.
Кеңейтіп жуан қарын май қосуға,
Сар тұздық, козы етімен шайнар қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Елімнің Қазақстан дәмі болдың,
Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз! [97, 79-б.].

Әрине, жайлаудағы қазақтардың кейбіреулері – байлар, біразы – кедейлер. Ежелден келе жатқан әлеуметтік топтардағы материалдық жетіспеушіліктің қымыз мәселесіне де қатысы бар. Ақынның реализмі қазақ тұрмысына тән осы шындықты жырлауымен де

ерекшеленеді. Қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастардың адамдар ортасындағы қайшылықты қалпы осындай өмір шындығы арқылы ғана танылады. Лирикалық қаһарман өзіндік сыршылдық, әрі сыншылдық көзқарастарымен қымыздың әлеуметтік маңызына да айрықша мән бере жырлайды:

Ашыған кең сабада алтын қымыз,
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз.
Айтушы ек, іштен налып саған қарғыс,
Кедейге келмегенде шартын, қымыз!

Байда бар, жарлыда жоқ тартым қымыз,
Көз сатып, бардан ішкен халқым қымыз.
Байлардың сабасында «аллаһуп» тап,
Кедейдің торсығында там-тұм қымыз [97, 79-б.].

Жамбыл шығармаларындағы жайлау туралы жырлары Қазақстан жеріндегі географиялық, топонимикалық атаулардың қолданылуымен де ерекшеленеді. Бұл атаулар халықтың тұрмыстық-салттық дәстүрлерімен, көркемдік-эстетикалық танымымен өріле өрнектеледі. Демек, ақын жырларындағы табиғат суреттері, жер-су атаулары да халықтың этностық қалыптасу тарихын, этнографиялық дәстүрлерін еске ала жырланады. Ақынның қазақ даласының сұлулығын суреттеу өлеңдері негізінен жазғы жайлау кезеңіндегі жыл маусымына арналады. Мысалы, «Сұраншы батыр» дастанында туған жерді, атамекенді ардақтаған ұл мен қызға ортақ сезім, өрнектері ақындық толғаныстарымен өріледі. Жазғы жайлау кезеңіндегі Алатау атырабының жер-су атауларын (Хантәңірі шыны, Қозыбас, Қорда, Шұбарат, Қасқасу, Үшқоңыр асулары, Суықтөбе, Дегерез, Ұзынағаш, Көктөбе, Қарғыл, Талғар шоқылары, Есікті, Түрген, Ақшелек, Қарқара және т.б. биік жоталар) елтанымдық тағылым тілімен атайды. Тау алабындағы әрбір құбылыстың, мекендік атаудың елдің тұрмыстық тарихын және өмір сырларын танытатын балама астарларын кестелі тілмен өрнектейді.

Жазушы Н.Қапалбекұлы Алатау атырабындағы үш алқаптан (Қоныркебеже, Қонырбұрған, Қоныр) құралған Үшқоныр жайлауына, ондағы тау жоталарына, сай, өзен атауларына сипаттамалар жасайды, касиетті мекеннің ұлттық дүниетаныммен тұтастығына баға береді: «Жайлау деген ұғым – қазақ ұғыммен қатар жүреді. Қазақ елінде атақты жайлаулар қаншама, әр жайлаудың өзіндік тарихы, атауы бар» [144-2-б.].

Жамбыл – қазақ даласының қайталанбас ғажайыптарының бірі таулы аймақтың қысы-жазы мәңгі жасыл сұлу табиғатының жыршысы. Ақындық поэзияның сонау ежелгі түркі өркениетінің жазба ескерткіші Орхон-Енисей жазуларында Иоллық Тегін, Күлтегін бейнелеп кеткен көгілдір биік аспан, түркілерді сайран датқан иұрайлы қойнаулар, әсем, айбынды таулар, мөлдір сулы бұлақтар, көлдер, өзендер бәрі де ұлттық поэзияның мәңгі көркемдік тіні болып келеді. Жамбыл да өмір бойы зендір көктегі бұлттармен құшақтасқан, баурайындағы адамдарға асқақтық пен адалдықтың, мәңгі сарқылмас молшылықтың, мәңгілік өмір жалғастығын танытқан Алатау атырабын, жер жәннаты Жетісудың көркін жырлады. Бұл – табиғатқа табынған түркілік наным-сенімдердің қазақ поэзиясындағы романтикалық-реалистік сыршылдыққа ұласқан құбылысы. Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанындағы осындай бейнелеулердің эстетикалық тұрғыдағы дүниетанымдық ұлағаты ұлттық және жалпыадамзаттық талғамның биік деңгейін танытады:

Қарасаң, балам, жоғары,
Көтеріліп қабағың.
Мұз-дулыға, қар-сауыт,
Алатаудың алабын,
Желкілдеген қарағай,
Көп майсалы тамағын.
Жұпар иіс, боз жусан,
Бетеге басқан балағын.
Ескі күйді сонау бір.
Шығарып естен барамын.

Алатаудын аты көп,
Созылып жатқан қарлы жал,
Теріскейі – Ұлы жүз,
Күнгеінде кыргыз бар.
Толып жатқан шоқысы,
Шоқысының аты бар:
Қозыбас, Қордай жаясы,
Сонан өрлеп тартылар
Суықтөбе Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі.
Шұбараттың өрі бар,
Қасқа асу мен Үшқоңыр,
Қызыл күнгеі екі нар,
Қарағайлы, Құртты бас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есікті, Түрген, Ақшелек,
Қарқара бар, Асы бар,
Шындардың шыңы Хантәңірі,
Таудың биік басы бар,
«Жетісудың желіні»,
Деген тауым осылар,
Қоршалана ақ бұлт,
Ойында жаңбыр, өрде қар,
Ойпатында көп шалғын
Ұшарында құзды ызғар [96, 197-198-б.б.]

Жайлау – Жамбыл жырларында жылдың жаз мезгіліндегі бір кезеңін суреттеу калпында ғана емес, поэтикалық шартты мағынада алынатын символдық мәні бар құбылыстық атау. Жайлау – Жамбыл үшін бақытты заманның жарқын бейнелеу үлгісі. Қазақ тарихында Қорқыттың мәңгілік өмір мекенін, Асан Қайғының Жерұйықты, Өтеген батырдың Жиделібайсынды іздеуі – халық арманының нақты көріністері. Жамбыл – әлем ойшылдарының гуманистік ойлау

өрісіндегі ұлы тұлғалардың бірі. Сондықтан, оның шығармашылығындағы халықтық-этнографиялық танымға негізделген жайлау туралы өлеңдердің философиялық-эстетикалық тұрғыдағы жинақтаушылық суреті – жалпыадамзаттық ағартушылық-гуманистік дәстүрлермен сабақтасады.

Жиделібайсын – Жамбыл армандаған Жайлау – Қоныс. «Өтеген батыр» дастанындағы Өтегеннің сондай қонысты іздегенін жырлау арқылы акын өз ойын көркемдік жинақтау, поэтикалық ажарлау тілімен әсерлі суреттейді. Әдетте, пейзаждық суреттеулер өмірдегі нақты көріністердің суреткерлік қиялмен ұлғайтыла, өсіріле өрлеуінен, мың сан өрнектердің, безендірулердің, айшықтаулардың, қосындылардың жинақталуынан туады ғой! Жамбыл да өзінің халқына мәңгілік жайлы кеңістік мекен ортасын жайлау-қоныс калпында пейзаждық суреттеулердің, көркемдік бейнеліліктің шоғырлана қолданылған калпында жырлайды. Жамбыл жырлап отырған Жайлау – Қоныс мұсылмандық дүниетаным өрісіндегі Жұмақ, Пейіш ұғымдарымен де үндестік, ұқсастық жағдайында бейнеленетін секілді. Жамбыл армандаған Жайлау-Қоныс акынның жырында Жайлау-Заман ұғымымен біртұтас ұсынылады. Бұл – Жамбылдың сонау Асан Қайғыдан басталған арманды ойды жалғастырған азаматтық парасаттылық үні. Акынның жыры – халық жүрегінің сыры. Сондықтан, ұлтымыздың мәңгілік арман сапарындағы ойын реалистік-романтикалық леппен жырлаған Жамбылдың Жайлау-Қоныс пен Жайлау-Заман атты егіз ұғымдарды поэтикалық бейнелілікпен жырлаған жолдарын тыңдап көрелік:

Жер жаннаты кез болды,
Көре ме сенің көздерің?!
Қарашы қызыл арайға,
Көресің бе, ұнай ма?
Дақсыз ашық аспанда,
Балықшы бұлттың жүзгенін?
Көрдің бе таң шапағын,
Жердегі гүлдің тізбегін.

Малынған бау-бақшада,
Жемістің жерді сүзгенін.
Ауызға түскен жалғанда,
Жемісі тәтті балдан да,
Жерді жыртып егілген,
Дәмі тәтті дәннен де,
Ақ мақтасы күмістей,
Жері кілем пүліштей...
Ту тушадай қояны,
Қырандай ірі торғайы,
Көресің бе, әнеки,
Жайбарақат малдары,
Жайлауда жусап жандары.
Рахатта жүргенін,
Ешкілері жылқыдай,
Лағы бағлан тоқтыдай...
...Меруерттей суында
Қаз бен қу жоқ жүзбеген.
Туған шақта жаздары,
Қоңыр ала қаздары,
Көздеген жерден кез келген,
Қазақ халқы белгілі,
Осы жерден бақыт ілгелі,
Тұрғандай-ақ сездірген [96,192-193-б.б.].

Жамбыл – қазақтың ұлттық қалыптасу, даму дәстүрлерін бойында жинақтаған тұлға. Ол қазақ тұрмысындағы жайлау туралы дәстүрлі ойлауды поэтикалық жаңа бейнелілік биігіне көтереді. Ақын көшпелілер мәдениетінің дәстүрлі тұрмыстық қолданысындағы сөзін әлеуметтік мәнді баламалы Жайлау-Заман мағынасына жеткізе жырлады. Өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның құбылыстарын тек қана қазақтың дәстүрлі тұрмыстық танымы, эстетикалық, көзқарасы тұрғысынан бағалаған. Жамбыл жырлары – ұлттық қазынамыз. Ақын Жайлау-Заман тұрпатындағы бейнелеуде

тарихтың өткені мен бүгiнiн, болашағын жалғастыра жырлады. Қазак даласынын монғол шапкыншылығына, жоңғар калмактарынын баскыншылығына, Ресей патшалығынын отаршылдығына ұшыраған ғасырлары лирикалық қаһарман-ақынға Заман, Дала, Жайлау ұғымдарын әлеуметтану тұрғысында бағалаумен жырлатады. «Туысқан ел» өлеңінде халық тағдырын зар заман поэзиясы дәстүрімен жырлауы айкын көрінеді:

...Кез алдымнан өтеді,
Кешегі бір сұр заман.
Сұр заманда түн еді,
Ауылымның үстін торлаған
Даласы кайғы аныраған,
Жайлауы жайсыз қаңыраған,
...Қыстаудан көшіп шұбырып,
Айрылдық тағы жайлаудан [97, 117-б.б.].

XX ғасырдың 30-40-жылдары қарт ақын Жамбылдың казак ауылдарынын жанаша түлеуін көрген кезеңі. Әлеуметтік теңсіздіктің барлық түрлерін ұзақ ғұмырында көп көрген ақынның қартайған кезіндегі көрген бұл жаңалықтары қиялындағы суреттердің шындықка айналғанын дәлелдегендей көріністер болғандығы анық. Сондықтан, Жамбылдың XX ғасырдың 30-40- жылдарындағы өлеңдерінде казак ауылдарының ежелден қалыптасқан классикалық суреттерінің ұлттық-этнографиялық бояулары айқындалған қалпымен бейнеленеді. Мысалы, «Мәстек пен тұлпар» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның романтикалық қиялы аясында бірнеше поэтикалық тұлғалауды танымыз: біріншісі – лирикалық қаһарман жүрген уақыт пен кеңістікті жайлауларды мекендеген казак ауылдары қалпындағы суреттеулермен бейнелеу; екіншісі – лирикалық қаһарманның замандар белестерін аралаған асыл арманынын, мұратынын орындалу деңгейлерін «мәстек» пен «тұлпар» ұғымдарының поэтикалық бейнелеулері арқылы бергені. Өлең композициясының алғашқы бөліміндегі мәстек мінген лирикалық кейіпкердің жақсылықты ғана іздеумен ауылдарды

аралап келе жатқан арманды сапары көз алдымызға Жерұйықты іздеген Асан Қайғының да сапарларын еске түсіреді. Қоғамдық-әлеуметтік дамудың аралуан қайшылықтары, көшпелі тұрмыстың қиындықтары мен қызықтары араласқан қазақ ауылдарының шынайы тіршілігі ақынның лирикалық толғаныстарымен көз алдымызға елестетіледі:

Ауылдан ауыл аралап,
Тулағымды сабалап.
Тепсіне бердім тұрмадым...
...Өлеңімді өрлеттім,
Өрге құлаш серметтім,
Қалын елдің ішінде,
Зарын айтып сорлының
Қайғылыны еңіреттім.
Жесірлерді жетектеп.
Жетімдерді тербеттім [97,130-б.б.].

Замандарды қазақ ауылдарының жазғы жайлауда отырған кезеңіне баламалай жырлаған ақын ұлттық психологиялық дүниетанымның уақыт пен кеңістік жүйесіндегі табиғи сабақтастығын дәлелдейді. Өлең композициясының идеялық түйінді кезеңінде лирикалық қаһарманның романтикалық асқак арманының, көздеген мұратының орындалған кезеңі де өмір шындығы түрінде суреттеледі. Ақын бұл кезеңді қазақтың тұрмыстық-салттық тіршілігіндегі көктемнен жазға ұласқан жайлаудағы сәнді, салтанатты, береке, молшылық тасыған, адамның көңілінің шалқуы мен өмір қазанының қайнаған сұлулықтары, қозғалыстары тұтасқан ажарымен бейнелейді:

Көктемнің күні туыпты,
Қалыпты тұман басыла
Үйір-үйір жылқыны
Үйіріп әкеп қойыпты,
Өзімнің дәл қасыма.

Жайлауды басты өз малым,
Жанадан жырды козғадым [97, 131-б.].

Өлеңдегі романтикалық және реалистік дүниетанымның тоғысқан осы жері аса әсерлі. Қазақтың дала адамына тән психологиялық көңіл-күйі, тұлпар кейіпті арманына аяқ артқан, өткен мен бүгінді, болашақты тіршілікке ғашық құштарлықпен жалғаған нағыз қазақтың келбетін танимыз:

...Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды.
Ақсудай мойны иіліп.
Қазығында ойнайды.
Токымы жібек, ері алтын.
Ауыздығын шайнайды.
Үзенгісі сынғырлап,
Қарасам көзім тоймайды.
Қанатты тұлпар астымда,
Құндыз бөрік басымда,
Омырауымда орденім,
Жан достарым қасымда
Қайтадан, міне, аттандым.
Қиырға болжап көз салдым
Токсанға келген жасымда.
Далам да гүл, тауым гүл,
Аспан ашық, жер жайсаң,
Тұманмен бірге түріліп,
Құрыпты көзден ылайсаң.
Домбырам бүгін сайрайды
Серпіліп, серпіп ән салсам.
Шүү, жануар, шүү тұлпар!
Үстінде бүгін мен сұңқар.
Алты айлықты алты бас,
Алдымда күткен халқым бар [97, 132-б.].

Жамбылдың «Әлемде бір жұлдыз бар» толғау өлеңінде лирикалық қаһарманның өмір сапарындағы жолаушыдай күй кешкендей қалпы жырланады. Өлеңнің құрылысында уақыт пен кеңістікті құрап тұрған ғасырлар, ондағы қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығы, тарихи өзгерістер – бәрі де лирикалық-көсемсөздік толғаныстармен жырланады. Бұл өлеңінде де бір-біріне қарама-қарсы тұрмыс суреттері бейне бір жазғы жайлауда, далада бір-біріне ұласқандай бейнелі суреттеулермен өрнектеледі. Ақын бейнелеген бұрынғы жайлау даласының келбеті адамның көңіл-күйімен психологиялық егіздес бейнелеулермен жырланады:

...Зарыққан соң ағайын,
Сарғайтып жүзді сары уайым,
Мұңға толып сарайым,
Шолды көзім жан-жақты,
Аспан нұрсыз, жер үнсіз,
Қара бұлтқа ай батты.
Көріксіз жас, Құлансаз,
Суы құрып сай қапты.
Судырамай құрағы,
Сарқырамай бұлағы,
Қарт бурадай түнеріп,
Тілсіз бейне бір өлік,
Жым-жырт шөгіп тау жатты [97, 220-б.].

Бұл – Жамбылдың қазақ тарихының Ресей патшалығы отары кезінде мүшкіл жағдайын зар заман ақындары дәстүрімен жырлауының үлгісі. Поэтикалық бейнелеу нысанында қазақ тарихын жайлау өңірі, дала кеңістігі жағдайында суреттеуді поэзиямыздың ұлттық сипаты тұрғысында қолданатынын байқаймыз. Қазақ даласына келген серпілісті, тарихи өзгерістерді ақын өзі қалайтын кезеңі, жазғы жайлау кеңістігіндегі табиғат пен адамға байланысты түлеу, өзгеру қозғалыстары сипатындағы баламалы бейнелеумен байқатады:

Серпілді де сырғып түн,
Жер мен көкті жарылқап,
Нұрға бөлеп шықты күн!
Ел еңсесін талай жыл,
Қара тастай басқан зіл,
Ыдырады қайғы, мұң,
Бойын жазып, жадырап,
Күнді құшты маужырап,
Мелшиіп жатқан тау мен құм,
Елдің құрғап көз жасы,
Көкорай болып көл басы,
Толып езен арнасы.
Құнарланып құндағы,
Құлпыра берді күз бен шын [97, 221-б.].

Ақынның табиғат құбылыстарын кейіптеулік тәсілмен адамзат тіршілігі секілді қозғалыстармен, сезім тынысымен бейнелеуі суреткерлікті танытады. Табиғат құбылыстарының күн нұрымен серпілетінін, түрлі қозғалыстармен түрленетінін бейнелеуде ақын байырғы түркілік поэзияның жаратылыс тынысымен өріле жырлайтын дәстүрін жалғастырғанын да аңғартады. Жамбылдың осы *өлеңінен қазақтың* ұлттық өсуін, өркендеуін мәңгілік армандаған ақындық поэзия тарихындағы шығармашылық тұлғалардың орындалған мұраттарын көреміз. Әрине, Жамбыл жырлаған өмір шындығынан ақындық қиялдың поэтикалық бейнелеумен, көркемдік жинақтаумен берілгенін анық танымыз.

Бұл сонау Иоллығ Тегін, Жүсіп Баласағұн, Әбунәсір Әл-Фараби, Қорқыт Ата, Асан қайғы, Бұқар, Дулат, Махамбет және т.б. ақындық өнер иелері шығармаларында кестеленген арман-мекенді жырлаған дәстүрінің Жамбыл кестелеген бір нұсқасы болар, сірә!. Өлеңдегі қазақ ауылының Жайлау-Заман аясындағы суретін біз әдеби шығармадағы қиял мен шындық өрімінің көрінісі ретінде бағалаймыз:

Айтсам күнді бүгінгі,
Қазақ халқы қазірде,
Ерен күшті ел болды.
Кәсегесі көгеріп,
Кең өлкелі бел болды.
Асты күміс, үсті ырыс.
Таудан алтын, сайдан мыс,
Телегей теңіз көл болды.
Жерден мұнай атылса,
Көктегі құстың қанатын
Қақтыратын жер болды!
Азуын Айға білеген,
Айбаттанса үдеген,
Елде айбарлы ер болды!
Малы қаптап өрісті,
Ағашы миуа, жемісті,
Жоны женттей егісті,
Қазақстан аймағы
Алтын жайлау жер болды [97, 221-222-б.б.].

Жамбыл – қазақтың ұлттық дәстүрінің ішіндегі аса сәнді берекелі жаз мезгілін, оның жайлаудағы суреттерін тұрмыстың, жақсылық сипатымен баламалап жырлауда бейнелеу-көріктеу сөздердің тіркестердің поэтикалық сымбатын шебер үйлестіреді. «Шын жүректен» атты өлеңінде де ақын туындының композициясындағы жазғы жайлау суреттерін халықтың тұрмыстағы берекелі жағдайымен шендестіре бейнелейді. Жайлау кеңістігіндегі даланы, тауды, өзенді, ауылды, төрт түлікті қазақтың тұрмысындағы қайталанбас қалпымен еңбектің бейнеті мен рахатына араласқан шынайы қозғалысымен бейнелеген ақын өз мақтанышын тындаушыларына қарата, оларды да ортақтастыра жырлайды:

Көзіңді салшы далама,
Түкті кілем түгіндей.

Тауыма сұлу қарашы,
Қыздардың жиған жүгіндей!
Өзеніме қарашы,
Ағып жатқан гүрілдей
Ауылыма қарашы,
Қырдың қызыл гүліндей.
Ән, күйімді тындашы,
Батырлардың үніндей!
...Түйем жатыр алдымда,
Жайылған жылқым оңымда.
Көптігі шөптей сыңсыған,
Қаптаған қойым солымда
Көлден құрақ суырған,
Желіні сүттен сыздаған,
Сиырым анау – шұбырған,
Сауғызуга ауылға [97, 133-б.].

Қазақ ауылдарының жайлауда өткізген айлары – ұлттық тұрмыстың ата-бабалық дәстүрлерін жинақтаған қалпымен танылатын кезеңі. Төрт түлік малдың жайлау өрістерін қаптай жайылғанын, солардың сандарының көбейгендерін, өнімдерінің молайғанын ақын қазақтың жерді, елді иеленген көңіл-күйімен қоса өрнектейді:

Өзеннен су іштіріп,
Жайлаудан қызық кіргізген,
Сораптап сүт саудырып,
Уыстап май жегізген.
Ботасы боздап егізден,
Қойы қоздап сегізден,
Халқыма дәурен сүргізген,
«Иемін жерге!» дегізген [97, 133-б.].

Ақын – халық көңіліндегі армандарды, мақсат-мүдделерді және т.б. алуан сырлы көңіл-күй әуендерін көркемдік жинақтаумен жырлайтын тұлға.

Жамбыл қазақтың ата-бабадан жалғасқан ұлттық тұрмыс-салт дәстүрлерінің көшпелі тұрмыс мәдениеті аясында жарқырап көрінетінін өз жырларында желісін үзбей жырлайды. Қазақтың әлемдегі өзге халықтардан дараланып тұратын айрықша өзгешелігі – осы жазғы жайлаудың қайталанбас сұлу болмысы. Киіз үйлерін таудың баурайындағы арнаулы кеңістікке тіккен халықтың төрт түлік малды баққан, өсірген тіршілігі бар болмысымен суреттеледі. Қазақтың ұлттық шаруашылық кәсібінің ақындар жырларына ғасырлар бойы арқау болып келген дәстүрін Жамбыл да өзіндік бояуларымен, мәнерімен жаңғырта жалғастырады:

...Түйем шықты өріске,
Боталары маймандап,
Қойым өрді қаптайлап
Қозыларым салды ойнақ,
Жылқыларым шұркырап,
Төрт түлікке толды аймақ,
...Малшы да мен, жыршы мен,
Өлеңдеткен айқайлап,
Жайлауға шықты, үй тігіп,
Алатаудың бауырына,
Салдық малды төрт түлік,
Таудың семіз бауырына.
«Малға бекем болыңдар!»
Деп тапсырдым қауымға [97, 49-б.].

Жамбыл қазақ тұрмысының суреткері. Қазақ тұрмысы – өмір сүруді, тіршілік етуді, материалдық және рухани игіліктердің игерілуінен жасалатын байлықты мұрат тұтатын дүниетаным өрісі. Қазақ фольклорындағы ертегілердің барлығының дерлік оқиғаның аяқталуы олардың «Бай болып, барша мұратына жеткен

«тағдырларымен аяқталуы – халық көңілінің айнасы. Қазақ халқының байлық туралы көзқарастары мақал-мәтелдерінде де мол көрініс береді және олар көбінесе төрт түлікке қатысты айтылады: «Қойын болмаса, байлықта ойың болмасын»; «Түйесі жоқ ауылға тайлақ атан көрінеді»; «Қалтасында тиыны жоқ түйенің тісін ашып көреді»; «Аузы кисық болса да байдың ұлы сөйлесін»; «Бай атқа мінсе, «Құтты болсын!» дейді, кедей атқа мінсе, «Қайдан алдың?» – дейді; «Мал өсірсең кой өсір, өнімі оның көл-көсір; «Құданның тайын алғың келсе, құлынды биесін сұра»; «Ат аунаған жерде түк қалар» [145,47-51-б.б.]. «Қойлы бай – қорлы бай, жылқылы бай – сылдыр бай; Нары бар, нары бардың малы бар»; «Көтерем» деп түйеден безбе, салтанатың емес пе? Тебеген деп биеден безбе, қос қанатың емес пе?»; «Таяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер. Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер» [146-78-85-б.б.].

Мақал-мәтелдердің төрт түлікке қатысты үлгілерін сөз арқауына алып отырған себебіміз – қазақ халқының материалдық байлықты бағалау көзқарасын назарымызға алғанымыз. Қазақтың халықтық-ұлттық көзқарасы бойынша мыңғыртып төрт түлік мал өсіргендер – нағыз байлар. «Бермесе де бай жақсы, жемесем де май жақсы» деген қазақы пікір – ғасырлардан жеткен сөз. Әрбір қазақ өз даласының, елінің байлығын осы төрт түлік малдың көптігімен өлшеген. Амандық-саулық сұрасу да «Мал-жанын аман ба?» деп, сөз бастауында малды атаудың мәнісі тоқшылықты, отбасы берекесінің негізі тірегі мал байлығын бағалау екендігі айқындалады.

Жамбыл – жастайынан өзі де мал баққан, өмір бойы төрт түлік малдың қазақ тұрмысындағы негізгі материалдық байлық екенін сезініп өмір сүрген жан. Сондықтан оның барлық шығармаларында да төрт түлік малға қатысты сөз оралымдары өріліп отырады. Лирикалық, эпикалық жырларында, айтыстарында қазақ тұрмысындағы негізгі еңбек, кәсіп, шаруашылық мәселелері негізгі мазмұнды құрайды.

Төрт түлікті негізгі тіршілік көзі етіп өмір сүрген халықтың тұрмыстық көңіл күйі реалистік өмір шындығына сай суреттеледі:

Малы көп бай жылайды қар жауғанда,
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда,
Жерден алтын тапқандай кедейлер жүр,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға.

Малы көп бай ертемен жейді қаймақ,
Қой шығарып, кедей жүр қозыны айдап,
«Ең болмаса, айранға тойғызса», - деп
Жатса, тұрса тілейді» А, құдайлап!» [96, 29-б.].

Әрине, төрт түлік малды өсіру – аса жауапты, қиын жұмыс. Әсіресе, жылқыны бағудың қиындықтары көп. «Жылқышы» өлеңінде күні-түні алдындағы малдың жоғын іздеген, барын түгендеген, күзеткен бақташы, малшы, жылқышы кәсібінің көшпелі тұрмыс жағдайындағы табиғи қалпын реалистікпен жырлайды.

Сары түнге сарылып кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей
Сахарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының күні бірдей [97, 32-б.].

Төрт түлік малды өсіруде көшпелілер тұрмысында қиындықтар мол кездеседі. Жамбыл жырларында малдың жұтқа ұшырайтын апатты жағдайы да суреттеледі:

Атым арық, тон тозық.
Қысып келді аштық, шөл
Жерімізде жұт болып,
Өспей қалды биыл төл [96, 35-б.].

Елдің ішіндегі тоқшылықтың, берекенің азайғанына кінәлі адамдарды («Сәт сайланарда») сынағанда да сөз арқауына малдың төлсіз-өнімсіз қалғанын, кесір жандардың жұт боп келгенін егіздеп балаламай мезгеп бейнелейді:

Қайымады түйелер,
Қысырады биелер,
Қыста қырсыз жұт болдың,
Елге жүгінді үйе бер [96, 38-б.].

Жамбыл – казак халқының көшпенділік тұрмысы жағдайындағы мәңгіден келе жатқан негізгі байлығы малдың көптігін максат тұтқан акын. Өзі өмір сүрген ауыл-аймағындағы мыңғырта мал өсірген атақты адамдардың шаруақорлығын, берекелі тіршілігін мақтанышпен жырлайды. Жамбылдың жырларынан жылқы мен кой өсірген атақты адамдардың романтикалық тұлғалары табиғи бояулармен беріледі.

Құлмамбетпен болған айтыста Жамбыл өзінің туып-өскен мекеніндегі материалдық (заттық) байлық боп табылатын нағыз далалық тұрмыс, тіршілік тынысын, шынайы өмір келбетін реалистікпен суреттейді:

Олай десең, барайын күн батыста Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға.
Жылқысының есебін адам білмес,
Малім шығар жалғыз-ақ бір Құдайға.
Жылқысының бір шеті,
Қарақыстақ, Кәстекте...
Жылқысының бері шеті Үшбұлақ,
Арғы шеті Қозыбасы, Қордай-ды.
Оған тіл тигізген оңбайды,
Егіз екі болмайды!
Арғы шеті Ырғайты мен Теректе.
Жылқышылар мінеді көксерекке.
Тоқсан екі шолақты жиғанменен,
Көрмедім ондай байды төңіректе.
Сыпатайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның соңынан тақаған бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің?
Тоқсан тұлып, алтын бөз жасаған бар.

«Жеті мың қой бар – дейді – Қиықбайда»,
Қаптап, қабырғалап жатады тұйық сайда
Қаратай, Қарынбаймен сайда тағы да бар,
«Үш мың жылқы бар – дейді–Телітайда [96, 73-74-б.б.]».

Ақын – қазақ халқының негізгі тұрмыстық тіршілік тірегі төрт түліктің нағыз байлық екенін осындай нақтылы деректермен жырлайды. Қазақтың ататектік, туыстық, ағайыншылық бірлестіктерінен, қауымдастықтарынан құралған ауылдың ортасы аты жекеменшік болғанмен, сол малдың көптігі бәріне де тоқшылық, берекелі өмір беретінін танытады. Қазақтың ататектің қауымдастық ортасында «Ағайынның азары болса да безері жоқ» дегені халықтық қарым-қатынастарға негізделген. Жамбыл да осынау халықтық қағидаға сай өзі кедей болса да, өзінің ағайынының малы көптігін мақтан тұтатын қазақы көңіл сарынымен жырлайды. Малы көп ағайындарының халық ортасындағы жомарттық, сақилық мінез байлығымен де даралана танылған парасат биігіндегі тұлғаларын табиғи, тарихи шындық қалпымен жырлайды:

Екейден озып шыққан Байсалбай-ды
Жылқысы өнкей жорға тайпалмайды...
Мың сегіз жүз түйе бар Байсалбайда,
Жылқысының басына кедей барса,
Ат пен түйе мінгізбей қайтармайды.

Тағы да бар бұ жағында Асылбегім,
Шынжырлы, шұбар балақ, қара көгім.
Байсерке, Байғабат пен Ер Шотайды,
Айта берсем, таусылмас оның көбін [96, 77-78-б.б.]».

Көп малды иеленгендердің ішінде де адамгершілік қасиеті жоғары, жомарт, сақи атанған, нағыз ел ағасы атанғандардың көп болғаны – ұлттық тарихымыздың шындығы. Жамбыл материалдық және рухани байлықтың біртұтастығын осылай жырлайды. Дегенмен,

рухани мәдениетпен қаруланғандардың да малмен өлшенетін байлықтан кем емес екендігін үнемі назарынан тыс қалдырмайды. Жер қайысқан малды мыңғыртып өсіргендер мен өнер игергендерді ақын байлық ұғымының ауқымында бірге алып жырлайды:

Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнері мен талайдың көңілін басқан.
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байыңнан асып-тасқан [96,78-б.].

Жамбылдың қазақ тұрмысына арналған жырларының арқауына төрт түлік мал алынғанда көбінесе жылқыға байланысты сөз орамдары мол кездеседі. Жамбыл жырында кейде қазақ халқының тағдыры бейне жылқы тұлғасымен баламаланып та кететін секілді. Мысалы, халқына Жиделібайсын атты жайлы қоныс іздеген Өтеген батырға арналған дастанның соңғы жағында Жамбыл ең жақсы деген қоныстың да шөбі жылқыға жайылым болмағанына қайғырған кейіпкер көңілін мұңлы, өкінішті жыр тілімен өрнектейді:

Арпалысқан атынан
Өтеген түсіп өрім тал.
Жанаттанып құлпыра
Шөбін иіскеп қарады:
«Жайлы ма - деп – жылқыға,
Жылқыға жайлы емес», - деп
Қайтып келді жұлқына.

Жылқыға шөбі жақпаса,
Жылқыға жайылым таппаса,
Шоғы сөнген отындай,
Келмейді, – деп – қалпына,
Отыра қалып сол жерде,
Қоныс таппай бұл елден,
Өтеген батыр жылады.
Балапандай талпына

Ойын күнгірт баскандай,
Тілегі оның ұшқандай.
Алтын ойын мыс қылып,
Салы суға кеткендей.
Астында тұлпар аты өліп,
Ақырғы демі біткендей,
Састы батыр сарқыла [96,193-194-б.б.].

Жамбылдың жылқы түлігіне арналған жыр жолдарының казак халқының «Ер канаты ат» ұғымындағы даналық ойлармен сабақтасатынын аңғарамыз. «Өтеген батыр» дастанындағы тұлпарының жайылымын, шөбін іздеген батыр мұны арқылы Жамбыл ақын тұлпарларды арнайы күтіп-баптайтын казактың атбегілік-сейістік өнерінің аса мәнділігіне назар аударған. Профессор Ж.Дәдебаев «Тұлпардың сыны мен бабы» (1994) атты кітабында түркі халықтарының осы бір ерекше дәстүрінің өзгешелігін атап көрсетеді: «Қазақ пен қырғыз тұлпарының жаратылысы да, қасиеті де басқа елдердің сәйгүліктерінен бөлек. Европа халықтарының атбегілері казак-қырғыз сәйгүліктерінің түр-түсін, жаратылысын мұндаға дейін мойындамаған. ...Алайда, тұлпар мінбейінше өзін канатсыз құстай сезінген казак пен қырғыздың жылқы тұқымын асылдандыруға салғырт қарай алмағанына бөтен жұрттың көзі мұнда ғана жетті. Ол туралы деректер мол» [147, 41-б.]. Зерттеуші осы арада қырғыз манабы Шабден Жантайұлының 1912 жылы 10-14 қазан күндері өткен асындағы ат бәйгесі туралы журналист С.Е.Дмитриевтің еңбегінен мысалдар келтіреді. 38 шақырымдық аламан бәйгесінде қосылған 172 аттың ішінен 10 жастағы бір жүйріктің 1 сағат жарты минутта шауып өткені айтылады. Ал, ағылшын жүйріктерінің бірі оныншы болып келіпті де, екіншісі мүлде ілесе алмай қалған екен.

Жамбыл – казак, қырғыз халықтарының жылқы малына, оның ішінде тұлпарға қатысты күтімін, баптау мен бағуын жасынан көріп өскен ақын. Жалпы ақындық өнерді иеленген жандар да тұлпар жылқы мінезімен үндестік жақтары мол тіршілік иелері ғой! Бітімі, болмысы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы, ақындық

шабыт – бәрі де тұлпарлық болмыспен ұқсастық жағдайында бағдарланады, сондықтан да Жамбыл жырларындағы этнографиялық сипаттардың төрт түлікке, оның ішінде жылқыға қатыстылығы мол көріністермен өрлетіні – казак өленінің ұлттық болмысының бір кыры.

4. Түркілік наным-сенімдердің ақын шығармаларында жырлануы

Жамбыл шығармашылығындағы айрықша байқалатын ерекшеліктердің бірі – оның түркілік наным-сенімдерді белсенді жырлауы. Түркілік наным-сенімдердің Жамбыл шығармаларында басым қолданылуының негізі оның ақындығының ежелгі бақсылық, одан кейінгі жыраулық поэзиямен үндесуінде жатыр. Бақсылық (шамандық) поэзияда сөз, әуен-саз, қобыз сарындары, орындаушының қимыл-қозғалыстары өзара қосыла, тұтаса келе тындаушыларының психологиялық-жанжүйелік болмысына әсер етеді. Бұл орайда біз Жамбылдың жырларынан бақсылар поэзиясындағы жанрлар үлгілерін де кездестіреміз. Бақсылардың табиғаттағы отпен, сумен, күнмен, түнмен тілдесетіні және т.б. әртүрлі заттардың киесін арқау ете айтылатын аластау жырларының да Жамбылда кездесетіні бар. Мысалы, Құлмамбетпен айтысындағы қарсыласының бүкіл жан жүйесіне әсер ету үшін осындай үлгіні қолданады:

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Одан да кесірін тиеді,
Қызарып батқан Күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,

Қараңғы тұман түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Асқаралы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,
Кесерің жұғар Құлманбет,
Қу пәлекет арман кет! [96, 79-б.].

Профессор М.Жолдасбеков Жамбылдың осы жыр жолдарының бақсылар поэзиясымен ұқсастығын айтады. Жамбылдың бұл сөздері аурудан аластайтын зұлым рухтарға арналатын бақсының (шаманның) арнауын еске түсіреді [64,37-б.].

Тәңрілік наным-сенімді тұтынған халықтық ойлау дәстүрімізде табиғаттағы адамның көзі көріп отырған заттарды (Күн, Ай, жұлдыз, су, от, және т.б.), құбылыстарды (жел, жаңбырдың, қардың жаууы, желдің, боранның соғуы, найзағайдың ойнауы және т.б.) жыр жолдарының арқауына айналдыру – Жамбыл шығармашылығының басты ерекшелігі. Қобыздың, домбыраның сүйемелімен суырып салма өлеңінің өрімдерін тұтастыра жырлауда қазақтың ежелгі бақсылық, жыраулық поэзиясындағы дәстүрлі үлгілерді шеберлікпен қолданғанын аңғарамыз. Мысалы, бакилық дүниедегі адамдардың есімдерімен аталатын қасиетті мекендерді қастерлеу – аруақтарға табынатын түркілік наным-сенімнің көрінісі.

Аруақтарға табыну, жалбарыну түркі тұқымдас халықтардың ішінде қазақтарда ерекше сақталған. Күреске түсетін балуандар да, жекпе-жекке шығатын батырлар да, бәйгеге тұлпарын қосатын атбегісі де, өнерін халқының таным таразысына ұсынатын ақын да және т.б. – бәрі де аруақтардан жәрдем, медет сұрайды, қуатын-күшін сол бір мүнәжаты арқылы күшейтеді. Мысалы, Құлмамбетпен айтысында Жамбыл батыр бабасының аруағынан жәрдем сұрайды:

«Шүу!» десе, жүйрік озар мына жолдан,
Демей гөр, ескі аруак алып колдан!
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сілтейін будақтатып оң мен солдан! [96, 72-б.].

Сол аруақты бабасының ұрпағы екенін мақтан тұта, өзінің азаматтық қуатын әйгілей сөйлейді:

Ұраным менің Қарасай!
Қарасайдың ұлымын.
Айтулының бірімін,
Нар кілемнің түгімін [96, 151-152-б.б.].

«Сұраншы батыр» дастанында да кейіпкердің аузынан батыр баба дәстүрін ұстанатын ұрпақтар адалдығын айтады:

–Бабам менің Қарасай,
Шапқанда елді жау талай.
Айырып алған батыры
«Арыстан болсаң жау үшін
Түлкідей болсын әдісін»
Дейтін бар-ды ақылы [92, 212-б.].

Демек, Жамбыл жырларының арқауына алынатын наным-сенімдік негіз – түркілік дәстүрлер. Ататектік, бабалық негіздерді ұмытпау – қазақ халқының ежелгі замандардан қалыптасқан қасиетті дәстүрі. Ататектік, үрім-бұтақтық өсіп-өну жолында батыр, би-шешен болған бабаларды, аналарды құрметтеу – далалық қазақ түркілерінің қасиетті дәстүрлерінің бірі.

Жамбыл – ата-баба аруақтарын кез келген нәрсеге қор қылмауды тұтынған акын. Өздерінің ататектік, ата-бабалық жолдағы бақилық дүниедегі, қазір тұтас ататектік әулеттік тұқымдардың ортақ атауы болған бабалар есімдерін ардақтауға шақырады:

Мен барайын төменгі,
Асыл менен Шыбылға!
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұ жақтағы Дулатты

Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма!
Бабан қойын пұл қылып!
Әруаққа ұрынба! [96, 73-б.].

Жамбылдың ата-баба аруақтарына сиынуы, оларды құрметтеу хақындағы ойлары – оның шығармашылық өнерінің де қуатын арттыратын сенім көрінісі. Кезінде ұлы зерттеуші Шокан Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде өлілер мен тірілер арасындағы мәңгілік байланыстардың түркілік, қазақы табиғатына ғылыми баға берген еді: «Ұлылар мен мықтылар өлгеннен соң да құдіретті, аруақты, ал ұсақ-түйек күйкі тіршіліктің сүйе де, күйе де білмейтін пенделері өлгеннен соң да рухсыз, әрекетсіз қалады-мыс. Шыңғысхан өлгеннен соң да Құдайдан құдіретті, ел табынатын аруақты болған деседі. Қазақтарда аруақты кастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әнбиелеріне сиынатын аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі жіберді деп түсінеді» [16,174-б.].

Жамбылдың Қарасай батырдың аруағынан медет, жәрдем тілей оның рухына сүйене, шабыттана жырлауы – қазақ поэзиясының табиғи болмысына тән ерекшелік. Жамбыл жырларындағы ата-бабалық, ататектік жүйеден үнемі ауызға алынатын тарихи тұлғалар – қазақ батырлары. Қазақ жеріне басқыншылық шабуылдар жасаған, бірақ ақырында тас-талқан болып жеңіліп қалған жауларды талқандаған олар – біздің ұлттық тарихымыздың мақтаныштары.

Қарасай Алтынайұлы (1598-1671) XVII ғасырда Орталық Қазақстанды, Жетісуды қалмақтардың шапқыншылығынан азат ету соғыстарын басқарған батыр. Денесі қазіргі Көкшетау жеріндегі Ерейментауына қойылған. Оның есімі Ұлы жүздің Шапырашты аталығына ұран болған. 1999 жылы Қарасай Алтынайұлының 400 жылдық мерейтойы атап өтілді, есімі ауданға (бұрынғы Қаскелең) берілді. 1999 жылы қазан айында Көкшетаудағы жерленген жерінде Арғын Ағынтай батыр екеуіне зәулім кесене тұрғызылды.

Мүйізді Өтеген Өтеғұлұлы (1699-1773) – XVIII ғасырдағы Жоңғар қалмақтары шапқыншылығы кезінде қазақ елінің Оңтүстік өлкесін, Жетісу жерін жаудан азат еткен батырлардың бірі.

Сұраншы Ақынбекұлы (1815-1854) XIX ғасырда Жетісу өлкесінде Қокан, Хиуа хандықтары жасаған басқыншылық, шапқыншылық жорықтарына қарсы соғысқан батыр.

Саурық Ыстанбекұлы (1798-1854) – Ұлы жүз бірлестігіндегі Шапырашты аталығының батыры. Қокан хандығы мен қырғыз манаптарының басқыншылық шабуылдарына қарсы соғысқан.

Жамбыл осы аталған батырлардың бәрін де елдің қорғаны, тірегі қалпында жырлайды. Қарасайды елдің ұраны қалпында оған үнемі сиына отырып жырлайды. Ал, Өтеген мен Сұраншы батырлардың әрқайсысына жеке-жеке дастандар арнаған. Демек, Жамбыл халық арасындағы елеулі тұлғаларды ақындық шабытының ықпалды қозғаушы күші ретінде бағалаған.

Жамбыл шығармашылығының этнографиялық мазмұнын аша түсетін ерекшеліктердің бірі – халықтың ататектік өркендерінің шежірелік жүйесіндегі аталық-аналық бастауларды жетік білетіндігі. Бұл арада біз «Жамбыл мен Сарыбас» айтысының ататектік шежірелік айтыс екенін атап өтеміз. Сарбас ақын да, Жамбыл да Ұлы жүз бірлестігіндегі Дулат атты ежелгі тайпалық аталықтың пайда болуын, өсіп-өнуін шежірелік тілмен баяндайды.

Жамбыл Бәйдібектің зайыбы Нұриланын «Домалак ана», «Домалак ене» аталуын, одан туған Жарықшақтан тараған Албан, Суан, Дулат әулеттерін тарихи шындық оқиғаларымен байланыстыра жырлайды. Сарбас ақынмен болған бұл шығарма – қазақ шежіресін жырлаған бірден-бір жалғыз айтыс. Жамбыл Домалак ананың Бәйдібектің үш қатынының бірі екенін, екіқабат болып көшкелі жатқанда толғатқанын айтады. Толғақтың әсерінен жұртта қалып түнегені, таңертең қырғыз батыры Аккошқар Бәйдібектің жылқысына шаппақшы болғанда жұртта қалған Домалак анадан бата алғаны сөз болады. Осы жерде ақын Жамбыл мал баққан қазақтың этностық-этнографиялық қасиеті малға қатысты шаруашылық кәсіби сырын суреттейді. Домалак ана былайша бата береді:

Қалағаным берсеңіз,
Барасың, барасың да аласың.
Қуанышы сенде деп,
Түпқазығы менде деп!
Қол жайып бата береді [96, 115-б.].

Осы сөздің мәнісі Аққошқар қалың жылқыны айдап кеткені мен Аққошқардан сары айғырды Домалақ ананың қалап сұрап алғанынан көрінеді:

– Көп жылқының ішінде,
Токсан екі құлынды,
Бір сары айғыр бар еді.
Енесінің шуынан –
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаған,
Мойнына құрық тимеген.
«Соны енді бергін!» - деп,
Солай жауап кылады [96, 115-б.].

Бұл арада Жамбыл Домалақ ананың әулиелік – даналық тұтасқан тұлғасының құдіретін танытуды мақсат етеді. «Асауды қалай ұстайсың, жүген-құрық тимеген?» деген сауалға Домалақ - ана өзінің әрекетімен жауап береді. Бұл арада да біз төрт түлік малдың, оның ішінде жылқы малының жан дүниесіне қанық қазақ халқының тұрмыстық салтына, еңбек, шаруашылық кәсібінің психологиялық сырына қанығамыз. «Малдың жайын баққан білер, оттың жайын жаққан білер» деген халық даналығының құдіретін осы жерде байқаймыз. Кең даланы дүбірлеткен мың сан тұяқты Бәйдібектің қалың жылқысының аталық тұлғасы асау сары айғыр Домалақ ана шақырғанда тұра қалады, ананың омырауын иіскейді:

«Құр айт, құр-құр жануар,
Құтың менде жануар!

Бері келші бізге, - деп,
Күдерінді үзбе - деп,
Қазығын қалды менде, - деп,
Еңбегім кетті сенде» - деп,
«Құрайттады» Домалак.
Айғыр сонда келеді,
Омырауын иіскей береді.
Алды айғырды жүгендеп [96, 115-б.].

Аққошқар бастаған қырғыздар басқа қалың жылқысын айдап кеткенде, Бәйдібектің сегіз ұлы Домалақтың мынандай аналық ақылын тындамайды:

– Балалар, оған бармандар,
Түп қызығы бізде,-деп,
Таңға жуық болғанда,
Жылқың келер мұнда, - деп.
Арттан қуып барсандар,
Мерт боларсың, балалар, –
Жалынып анам айтады [96, 116-б.].

Домалак ананы тындамай барымташы жауды қуып кеткен сол сегізін де қырғыздар аңдып отырып қолға түсіріп өлтіреді. Ал, Домалак-ананың «Құрайт» салғанынан дүр сілкіне түн ортасында арқырай кісінеген сары айғырдың дауысына елігіп, қалың жылқы шұрқырап қайта оралады. Төрт түлік малдың киесі, олардың өзі ішіндегі аталық және аналық малды көсем тұтып, соларға үйірілетіні – көшпелі тұрмыстағы төрт түлікке байланысты дәстүрлі мәселелердің бірі. Әсіресе, жылқы малында үйір иесі айғырдың иелік жасайтыны – жаратылыс құдіреттерінің бір көрінісі.

Домалак ана мен Бәйдібек сынды аналық, аталық жұптан дүниеге келген Жарықшақ ұрпақтарының өсуі, өнуі, өрбуі туралы тарихи деректер жүйелене жырланады:

Жарықшактан туды үш ұл:
Бірі – Дулат, бірі – Албан,
Бірі – Суан білсең бұл,
Бұрынғыдан естіген,
Ата жайы, ел сөзі [96, 118-б.].

Демек, Жамбыл қазақ тарихын құрайтын ататектік аталық-аналық, тайпалық, рулық, әулеттік жүйелерді өзінің жырларына үнемі арқау еткен ақын. Бұл – қазақтың сөз өнеріндегі қалыптасқан дәстүрлердің бірі.

Жамбыл шығармаларында осылайша Қазақ тарихының қалыптасу, даму жолындағы оқиғалар, жеке тұлғалар жүйелі түрде жырланады. Қазақтың рулық – тайпалық бірлестіктері, қазақ жеріне жасалған монғол шапқыншылығы, Ресей империясының отаршылдық билігі де Жамбыл жырларында үнемі сөз арқауына алынады.

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан жеріне көрші мемлекеттер Қокан, қырғыз билеушілері ұйымдастырған жорықтарды, олардың Құдияр, Орман сынды хандарының іс-әрекеттерін, қазақтың Қарасай, Өтеген, Саурық, Сұраншы және т.б. батырлары туралы тарихи деректерді пайдалануы арқылы Жамбылдың шежірелік білімінің молдығы танылады. Қазақ тарихындағы және адамдар мен оқиғаларды қамтуы жағынан Жамбылдың ата-бабалардың тарихи жолын жетік білетін даналық ой иесі екенін көреміз.

5. Ақынның сәбилерге арналған өлеңдері

Жамбыл шығармаларында қазақтың отбасылық-жанұялық тіршілігі мазмұнындағы аса елеулі мәселе сәбилерге арналған өлеңдер де ерекше орын алады. Балалар – адамзаттың әулеттік жалғастығының негізгі дәнекер тұлғалары. Жамбылдың сәбилерге арналған өлеңдерінде қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесінен егізделген халықтық дүниетанымы танылады. Ата-ананың кешегі, бүгінгі, болашақтағы жақсылықтары атаулының балалар, ұрпақтар арқылы жалғасатыны сеніммен жырланады. Бұл өлеңдердегі романтикалық мазмұн арқылы

ата-ананың үміті, арманы, мәңгілік өмір жалғастығын құрметтеген көңіл тазалығы айқындалады.

«Балаларға», «Бесік жыры», «Шәкірт балаларға», «Атаның әлдиі» және т.б. өлеңдерінде балалардың жандүниесіне терең бойлаған акынның тәрбиелік тағылымды камкоршы ойлары жырланады. Әсіресе, «Бесік жыры» мен «Атаның әлдиі» атты өлеңдері бөбек жасындағы балаға арналатын қазақы тәрбиенің, тілектің тұрмыстық-салттық дәстүрлерімен сабақтасады. «Бесік жыры» – қазақтың тұрмыстық-салттық дәстүрінің табиғатына сай шығарылған өлең. Әдетте, әлем халықтарының бәрінде де сол халықтың өзіндік тұрмысына, шаруашылығына, кәсібіне байланысты атаулар, бейнелеулер қолданылады. Жамбылдың осы аталған өлеңінде домбыра мен акын үндерінен туған жыр-тілек айтылады. Өлеңнің композициялық құрылысы мынадай бөлімдерден құралады: біріншісі – акынның өзіндік сезімін, өзінің тарихын жырға қосуы; екіншісі – бөбектің ұйқысымен бірге бүкіл тіршіліктің де ұйқыға кіріскенін бейнелеуі (көктегі жұлдыз, төрт түлік төлдері: лақ, ботакан, құлыншак, бұзау, қошақан және бақа, құрак шөп, балық т.б.); үшіншісі – бүкіл жаратылыстың, сәбиге арналғанын бейнелеуі, сәбидің ажар-көркін мадақтауы:

Өмірің кен шалқыған
Жолың ашық андаған.
Сен үшін бақша бұлбұлы,
Сұлу әнін сайраған.
Сайдың сұлу гүлдері,
Сенің үшін жайнаған.
Аққан күміс арнадан,
Көзің жарық жұлдыздан,
Шашың жібек құндыздан,
Сен бір артық көркемсің,
Биік асқар шын-құздан [97, 81-82-б.б.].

Төртіншісі – ұйқыдағы сәбидің жарқын болашағы туралы ақындық, аталық бата-тілек арнауы. Осы бата-тілек бөлімінде ақынның шынайы ұлттық көзқарасы, тәлім-тәрбиелік ұлағатты лебізі мейлінше қанық бояулармен беріледі.

Қазақтың ұл-қызының ежелден жауынгерлік-батырлық, азаматтық дәстүрден қуат алатынын, болашақ күндердің иесі осы бесіктегі бүлдіршіндер екендігін ұлттық мақтаныш сезімімен жырлайды:

Қара көз сәби бөбегім,
Аса берсін өнерің.
Батыр болып өсе бер...
Жігіт болып өс жылдам!
Ұйықтап бөбек, жас қазақ!
Бесігің балғын толған нұр.
Көзіңді жұм, деміңді ал,
Күзетіп сені әскер тұр,
Туған елдің туында
Кәріге, жас буынға,
Бақыт нұры жанып тұр [97, 83-б.].

Балаларға арналған Жамбыл жырлары – қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін кастерлеуге арналған шығармалар. Қазақтың ұлдары мен қыздарына ерлік, елдік, азаматтық, эстетикалық тәрбие беру хақындағы Жамбыл жырлары халықтық тәлім-тәрбиенің гуманистік мазмұны тереңдіктерімен ерекшеленеді.



Практикалық сабақтың тақырыбы:

- Жамбыл мұрасындағы этнографиялық болмыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жамбыл шығармашылығындағы салтқа қатысты айтылатын (естірту, көңіл айту, жоқтау, қоштасу) өлеңдер.
2. Ақынның ежелден қалыптасқан жанрлық үлгідегі (өсиет, дидарласу, төрелік) өлеңдері.
3. Жамбыл жырларындағы этнографиялық сипат.
4. Ақын өлеңдерінде түркілік наным-сенімдердің жырлануы.
5. Балаларға арналған Жамбыл жырлары.

СӨЖ үшін тапсырма:

- Жамбыл Жабает – қазақ тұрмысының жыршысы. Реферат.



3.2. Жыршылық өнер және ақындық шеберлік

1. Жамбыл – жыршы ақын.
2. Жамбылдың жыршы ақындық өнеріндегі мол теңеулер қолданысы.

1. Жамбыл – жыршы ақын

Жамбыл қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңа көзқарастармен тиянақтала тұжырымдалған ғылыми саралаулар аясында танылған ақын. Қазақ әдебиетінің тарихында авторлық тұлғасы сақталып, ауызша жасалып, дүниеге келген туындылары өзгерістерге ұшырамай сақталып келген тұлғалардың мұраларын қазіргі уақытта «Жыршы ақындар поэзиясы» тіркесімен атаймыз. Академик Зәки Ахметовтің осы мәселенің жанаша қорытындыланған пікірін біз өз зерттеулеріміздің арқауына аламыз: «Жыршы ақындар поэзиясы – ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындық поэзия, қазақ әдебиетінде бірнеше ғасырға ұласып келетін поэзиялық өнердің үлкен арнасы. Бұл термин шартты түрде жазба әдебиеті және ауыз әдебиеті деген ұғымдардан ажыратылып алынып отыр. Жыршы ақын дегенде жазба әдебиетінің өкілі жазушы, ақын екеуін бөліп қарау жағын құнттау үшін керек» [9, 99-б.].

Жамбыл – суырып салма (импровизатор) ақын. Суырып салмалық өнердің табиғатындағы ауызша айтылып, төгіле жырланып тұрған шығармалардың тақырыптық-идеялық, композициялық тұтастығы, жанрлық пішіні көркемдік-стильдік жақтарынан жымдаса. өріле қосылып, туындыға тән көркемдік қасиеттер биігінен көрінуі – ерекше дарындылықтың, таланттылықтың жемісі. Сондықтан, Жамбылдың ауызша жыршы ақындық өнері туралы өзі жырлағандай дара шығармашылық шынайы қалпын танимыз.

Демек, Жамбыл жыршы ақын. Оның шығармашылық мұрасындағы көркемдік-эстетикалық сипаттар сонау түркілік мәдени танымнан, Қазақ хандығы кезіндегі халықтық-ұлттық көзқарастардан бастау алады. Қазақ халқының ататектік-әулеттік өркендеріндегі қалыптасқан тұрмыс-салт, әдет-ғұрып дәстүрлері, тарихи оқиғалар,

жеке адамдар, еңбек, шаруашылық кәсіп, көшпелілік тұрмысқа тән қарым-қатынастар – бәрі де қазақ даласындағы табиғи ортаға лайықты этнографиялық ерекшеліктермен жырланған. Жамбылдың шығармашылығындағы тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік өрнектердің барлығын да біз оның жыршы ақын тұлғасындағы негізгі ерекшелігі ретінде бағалаймыз. Бұл арада біз енді Жамбылдың жыршылық-орындаушылық өнерінің ақындықты арқау, негізгі желі етіп қалыптасқанын есте ұстаймыз.

Жыршылық – ақындықпен егіз өрілетін өнер. Жыршылық – қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби мұралардың сақталуында шешуші қызмет атқарып келе жатқан шығармашылық өнер түрі. Бұл орайда, зерттеушілер М. Әуезовтің, Ә. Марғұланның, С. Исмайыловтың, Ә. Қоңыратбаевтың, Р. Бердібаевтың, С. Садырбаевтың, Б.Абылқасымовтың және т.б. зерттеушілердің жыршылық хақындағы ойларының методологиялық маңыздылығы айқын. Бұл орайда, біз жыршылық өнер хақындағы профессор Б. Абылқасымовтың пікіріне сүйенеміз: «Жыршы – ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтаушы, батырлық, тарихи, ғашықтық жырларды айтып таратушы. Ірі өнерпаз жыршылар жырларды өзінше өңдеп не суырып салып шығарып та айтқан. Бұл жағынан қарағанда, ерте кезден жыршының тұлғасы екі түрлі болған деп ұққан дұрыс. Біреулерінде қандай да қоғамдық – тарихи уақиғаны жырлап айту, суырып салып өлең шығару қабілеті айқын көрінсе, ал басқаларда шығарылған жырды жаттап, өзінше өзгертіп, өңдеп айту орындаушылық шеберлігі басым болған» [9, 100-б.].

Жамбыл шығармашылығын жаңаша көзқарастар тұрғысынан қайталап қарастыру, тексеру барысында біз оның жыршы ақындық (немесе жыршылық), жыраулық орындаушылық өнері табиғатына байланысты көптеген қасиеттерге кездесеміз. Ең әуелі назар аударарлық ерекшелік – Жамбылдың жыршы ақындық, жыршы орындаушылық өнерінің ататектік-әулеттік жалғастық, тұқымқуалаушылық қасиеттерге байланыстылығынан туындайтыны. Жамбылдың нағашысы, шешесі Ұлданның ағасы Қанадан кобызшы, күйші болыпты. Жамбылдың ақындық жаратылысының әуезге, сазға, күйге, сөзге бейім болуының негізгі көзі – осы нағашысы жағынан ауысқан

қасиет. Жамбылдың тоғыз жасында нағашы ағасы Қанаданнан қалай өсиет алғанын зерттеуші Н. Төрехұл «Алатау асқарынан жыр асырған» деген зерттеуінде табиғи бояулармен бейнелейді: «Қыл қобызына төне түсіп, бүкшіп алған Қанадан өзі тартқан күйге өзі балқып, ырғалақтайды. Қобыз әуені мидай даланы елестеткендей. Ызындап жел де, суылдап құм да ескендей. Қобызшы ысқысын секең-секең еткізіп, өзі бейне желмаяға мінгендей октын-октын қопандап қояды. Иә, солай, желмая желіп бара жатқандай.

Желмаяда желкілдеп
Асан кетіп барады.
Жерұйықтай жерді іздеп,
Атан кетіп барады...

Қанадан осылай термелеп алады да, тағы да сарнайды, тағы да зарлайды. Күй аяқталып, қобызшы ысқы ұстаған қолының шолақ жеңімен маңдай терін сүртіп, демін алды. Манадан бері күй сарынына елтіп, тындап қалған бала енді орнынан атып тұрып, оған таяна түседі» [146, 6-б.]. Демек, Жамбылға туа біткен жыршы-ақындық, жыршы орындаушылық, сазгерлік – бәрі де нағашы жұртынан ауысқан қандастық, тұқымқуалаушылық қасиет.

Жамбылдың жыршы ақындық өнеріне негіз болған тағы бір орта – өз жұрты. Өз жұртында Сүйінбай сынды үлкен ақындар болған, бақсылық, жыраулық-жыршылық, ақындық, өлеңшілік өнер түрлерін меңгергендер мол болған. Бұл туралы «Жүнісбайға жүгіну» атты өлеңінде нақты айтылады:

Екейде елу баксы, сексен акын,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын,
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын [96, 13-б.].

Бұл өнер киесі қонған өнерпаздардың тұқымқуалаушылық жемісі болатындығының негізгі көрсеткіштері. Жаратушының құдіреті

еркек пен әйелдің ататектеріндегі қасиеттерді екеуінен туған перзенттері арқылы жалғастыратыны.

Жамбылдың ақын-жыршылығы – әлемдік мәдениетте сирек кездесетін құбылыс. Мыңдаған жыр жолдарын жатқа білген ақын-жыршы өзіндік нұсқамен жырлағанда терен мағыналы көркемдік өрнектермен, бейнелі қолданыстармен байыта, жақсарта түрлене жырлаған. Ақын «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Көрұғлы», «Манас», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Шаһнама», «Ерназар-Бекет», «Қыз Жібек», «Едіге батыр» және т.б. дастандарды жыршы-ақындық өнермен қайта түлете жырлаған екен. Бұл дастандар әлемдік сөз өнеріндегі нәзирагөйлік дәстүрімен де үндеседі. Ал, ауызша авторлық әдебиет өкілі Жамбылдың дастангерлік жыршылығындағы орындаушылық, сақтаушылық шеберлігін біз өнер тұтастығы жағдайындағы ерекшелік тұрғысында қарастырамыз.

Жамбыл шығармашылығы түркі халықтарының рухани мәдениетіне тән өнер қасиеттерін әлемге танытқан күрделі мұра. Ақындық өнердің қалыптасуы, даму мазмұнындағы сапалық белгілердің барлығы да оның тұлғасынан танылады. Ең бастысы – бірнеше өнердің түрлерін бойына жинақтаған сан қырлы өнерпаздығы, суырып салма ақындығы, ән мен күй шығаратын композиторлығы, әншілік, күйшілік, жыршылық орындаушылық өнері. Халықтық өнердің алуан түрлерінің тұтаса жүретін шығармашылық сапаларын жинақтауы жағынан әлем халықтарының өнеріне тән эстетикалық-көркемдік ерекшеліктерді бойына сіңірген күрделі тұлға ретінде бағаланады. Ежелгі түркі ру-тайпаларының мәдениетінің мазмұнында қалыптасқан сөз, саз орындаушылық өнер сапаларының Жамбыл шығармасында болуы – заңды құбылыс. Өнер түрлерінің жаңғырған, түлеген айрықша сапаларымен тұтасып, үнемі шабытпен жыр төгу, толғану қалпында жүруіне себепкер өзіне ғана көрінетін киелі қызыл жолбарыстың болуы – сирек кездесетін құбылыс. Қобыз бен домбыра – түркі халықтарының рухани мәдениетінде ең жетекші негізі әуездік – саздық құралдар. Жамбыл – балалық шағында нағашы әкесі Қанаданның қара қобызы мен аузынан ақтарылған толғау-

термелерінің қосыла өрілген сарындарынан шабыттана нәр алып қалыптасқан ақын.

Ежелгі түркі халықтарының ұлы ойшылдары Қорқыт Атаның, Асан Қайғының қобызға қосыла айтылған жырлары мен күйлерінің егіз өрілетін құдіретінен қуат алған ол өмір бойы шабыт атты шығармашылық буырқаныста болды. «Өмір жыры» өлеңіндегі азаматтық ойы – жыр мен әуен-сазды тұтастырған Жамбылдың шығармашылық шабытының шын сипаты:

Өшпейді халық жыры, қартаймайды,
«Өшед» - деп оны ешкім айта алмайды.
Халықтың жүрегінің түкпірінен,
Төгілген күй шын жорға, тайпалмайды.

Алтындай ел ішінде сақталынған,
Сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды.
Еске алсам, ертегідей ертені өткен,
Талай жан жүрегімнің жырын төккен.

Еңіреп ен даладан бакыт іздеп,
Таба алмай, аңсап Асан Қайғы да өткен.
Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен [97, 108-б.].

Демек, Жамбыл – түркі тілдес халықтар тарихының ежелгі дәуірлерден басталып ХХ ғасырға дейінгі жалғасқан рухани мәдениетіндегі өнер тарихының табиғатын бойына сіңірген дана тұлға. Ақынның түркілік дәстүр жалғастығы сипатындағы тұлғасын таныта түсетін тағы бір ерекшелігі – оның туысқан қырғыз, түрікмен халықтарының ақын-жыршыларымен шығармашылық ынтымақтастықта болғандығы. Жамбылдың ақындық өнерге қалыптасуында қырғыз елінің тарихындағы Қатаған, Келдібек Кәрібозұлы /1800 жылы туған/, Балық /1798-1873/, оның ұлы Найманбай /1835-1911/, Кенже қара жыршы, Саяқбай Қаралаев /1894

жылы туған/, Тоголок молдо (1860-1930) және т.б. ақындар, манасшы-жыршылар өнерінен толық хабардар болғаны анық. Зерттеуші Н.Төрөқұлов Жамбылдың қырғыз елінің атақты күйшісі Мұраталімен дос болғанын айта келіп: «...Жамбыл ертеректе Тыныбектен «Манасты» тыңдаған. Әсіресе, қырғыз халқының ұлы ақыны Токтағұлмен сырлас, мұңдас болып өткен. Совет тұсында Тоголок, Қалық, Әлімқұл, Оспанқұл сияқты жыршы, комузшылармен жиі кездескен», – дейді [60, 66-б.].

Жамбылдың шығармашылық қалыптасу, өсу, жетілу жолында қырғыз халқымен араласып, тіпті сол елді мекендеп жүргені – тарихи шындық. Қырғыз елінің тарихын, халық әдебиеті үлгілерін молынан танып-білуі арасында Жамбыл қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының нығайып дамуына көп ықпал жасаған. Осы мәселеге байланысты ғалым С.Садырбаевқа қырғыз жазушысы Кедейхан Сұлтанов жазған хатта мынадай дерек беріліпті: «1900 жылдары қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Тоқмақ жерінде қырғыз елінде екі жыл тұрған. Біздің арғы атамыз Алыбаймен дос болған, екеуі бірге жүріп, ел арасындағы той-тамашаға қатынаскан. Осындай үлкен жиындарда Жамбыл қазақ елінің «Қыз Жібек» деген жырын жырлаған, ал Алыбай сол жырды Жамбылдың айтуынан жаттап алған, оны қырғыздың ел арасында кең таратқан» [62, 82-б.]

Демек, қазақ дастандарының қырғыздың ішінде таралуына себепкер болған Жамбылдың қырғыздың әдеби-фольклорлық мұраларының да қазақ еліне етене танымал болуына да үлес қосқандығы айқындалады.

Жамбылдың «Манас» жырын Тыныбек жыршыдан тыңдағаны – оның бұл жырды да жырлағанына бағдар боларлық дерек. Қырғыз-қазақ әдебиеттерінің ежелгі түркілік замандардан бері ажырамас арналар болып келе жатқан жолын ұлы ақынның кеңейте, нығайта түскендігін айта аламыз. Жамбыл белгілі манасшы-жыршы Тыныбектен «Манас» дастанын тыңдап үйрене келе кейіннен қырғыз, қазақ тілдерінде осы дастанның оқиғаларын өзіндік нұсқамен жырлағанын байқаймыз. 1972 жылы Алматыда Жамбылдың 125 жылдық мерейтойы өткізілгенде сол тойға келген қырғыз жазушысы

Темірқұл Үмбеталиев Жамбылды 1937 жылы Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» дастанының тойына Грузияға барғанда көргенін, сонда Жамбылдың қырғыз ақындары /Тоголок, Токтағұл және т.б./ өлендерін, «Манас» дастанын қырғыз тілінде жырлағанын естігенін, көргенін айтады. Әсіресе, Тоголоктың, Токтағұлдың көп өлендерін қырғызша жатқа жырлапты. Қырғыз жазушысы Жамбылдың «Манасты» жырлағанына қатысты нақтылы деректер келтіріпті. Ол деректер Жамбылмен сұхбаттасқан оқиға суретімен беріледі:

« – ...Сіз «Манастың» қай тарауын білесіз?» - деп сұрадым. Менің бетіме сәл карап тұрды да:

– Тарау-сарауыңды білмеймін, – деді де «Манасты» бастап кетті:

Күндерден күн өтіпті,
Күн мезгілі жетіпті
Айлардан ай өтіпті,
Ай мезгілі жетіпті.
Сөйте жүріп Манастың,

Жетіге жасы жетіпті, – деп басталатын бала шағынан шон батыр болып Қайнекей аруға үйленгенге дейін айта беремін. Арасында Манастың Қабанбатырды, Дүрді дәуді женгені, біздің Қосай батырға келгені, Әлеукеханның қорқып қашқаны, Көкөтайға ас бергені, Алмамбет, Ер Көкше батырларға келіп қосылуы бар емес пе? Үмбетей, Семетай тағы бар. Бәрінен де Айшөрек сұлуды айтсайшы!

Ақ сарайда жатқанда,
Ағарып таң атқанда,
Кер маралдай керіліп,
Айдарлы ару тұрыпты.
Беті, қолын жуыпты.
Тотыдайын таранып,
Аққудайын сыланып,
Шарайнаға қарапты.

Қара шашын тарапты,
Ақ маңдайы жарқырап,
Тана көзі жалтылдап,
Көрген түсін айтуға,
Қоя тұрып өңгесін
– Ау, жеңеше, жеңеше!

Бір түс көрдім өзгеше... –

деп басталады емес пе? Осының бәрі жас кезімде Тыныбек, Найманбайлардан, кейінірек Токтағұлдан тындап ұққан жырлар еді, – деп тоқталады Жамбыл» [149, 1-б.].

Әлем әдебиетінің ен алып, асыл туындысы «Манас» дастанын жырлаған Жамбылдың шығармашылық шеберлігінің шынайылығы айқын. Әрине, «Манасты» Жамбыл жыршылықпен емес, ақындықпен де жырлады. Жыршылық бұрынғы нұсқаларды сөзбе-сөз қайталайтын эпик орындаушылықтың үлгісі. Ал, белгілі дастанды ақындықпен жырлау дегеніміз – бұрынғы белгілі нұсқалардың сюжет желісін сақтай отырып, өзіндік өлеңдермен жаңаша өрнектеп айтушылық. Жамбылдың «Манастың бала кезі», «Айшөрек арудың бала кезі» бөлімдерін жырлаған үзінділері белгілі [149].

Жамбыл – әлемдік эпостың қазынасы «Шаһнаманы» да жырлаған ақын. Әрине, ол жырлаған нұсқа қолымызда жоқ. Бірақ, иран-тәжік әдебиеті классиктерінің бірі Әбілқасым Лахутидың 1981 жылы басылған жыр жинақтарындағы (Лахути. Стихотворения и поэмы. А., 1981, с.469) оның «Жамбылға» деген өлеңінде мынадай түсінік беріліпті: «Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевқа (1846-1945) арналған өлең. Лахути онымен 1934 жылы Кенес жазушыларының бірінші съезінде кездескен. Сонда ол Лахутидың Фердоусидің ұрпағы екенін біліп, «Шаһнаманың» үлкен бір бөлігін жырлап берген» [148, 201-б.]. Жамбыл жырлаған «Шаһнаманың» бір бөлігінің болғаны шындық. Әрине, қағазға не лентаға жазып алынбағаны өкінішті.

Жамбылдың парсы поэзиясының ежелгі әдеби-фольклорлық үлгілерімен таныс болғандығы Лахутидың («Литературный Казахстан», 1938, №4) өз сөзімен де беріледі: «Жамбылды тындап отырып, халықтың ежелден қастерлеп сақтап келе жатқан бай

казынасына қанықтым. Біздің Фердоусидің таңғажайып эпосы мен Хафиздің лирикасын ол қазақтың өз мұрасындай жырлап берді. Не деген білгір, шежіре қарт десенші?! Ол өткенді айтқанда тірі тарих сияқты, ол бүгінгі жаңа тұрмысымызды жырлағанда кәдімгі қызу қанды жас жігіттей жайнап шыға келеді. Не деген ғажап! Міне, ол тағы да жырлап отыр. Шымырлап тыныш жатқан жыр-мұхиттың беті тағы да дауыл соққандай астаң-кестен толқи жөнелді. Жыр сарыны сарқырап бір арнаға құйылып жатқандай» [148, 201-б.].

Жамбыл – Х ғасырдан бері Орта Азия халықтары арасында көп нұсқалы қалыппен жырланып келе жатқан «Көрұғлы» дастанын да жырлаған ақын. Бұл – ұлы ақынның әлемдік мәдениеттер байланыстарындағы лайықты орнын белгілейтін ерекшелік. Орта Азиядағы қазақ, түрікмен, қарақалпақ, өзбек, тәжік және Кавказдағы әзірбайжан, құмық, абхаз, армян, грузин халықтарына кеңінен таралып сақталған «Көрұғлы» дастанын өзіндік нұсқамен жырлау арқылы Жамбылдың түркі тарихынан мол хабардар дүниетанымы да айқындалады. Жамбылдың ақындық шабытын, қиялын, дүниетанымын, халықтардың ежелгі тарихын білу өрісін кеңейткен «Көрұғлы сұлтан» дастанының екі түрлі нұсқасымен /Майлықожа мен Құлмамбет нұсқалары/ таныс болғанын білеміз. Қазақ елінде «отыз үш нұсқасы» [91, 109-б.] сақталып, тақырыптық-идеялық мазмұнында қызылбастармен, жоңғарлармен болған соғыстар, туған елдің бүтіндігін, тәуелсіздігін сақтау жолындағы азаматтық, батырлық күрес мәселелері барлық нұсқаларға да арқау болғаны анық.

Жамбылдың «Көрұғлы сұлтан» жырын Құлмамбеттен тыңдағаны туралы зерттеушілер О. Нұрмағамбетованың [151], А.Бұлдыбаевтың [152, 108-113-б.], Т. Әлбековтің [153, 15-б.] еңбектерінде аталады. Қазақтың халық әдебиетінде «Көрұғлы» ертегісі де бар [154, 191-199-б.]. 1973 жылы «Көрұғлы» (Көрұғлы және оның ұрпақтары туралы дастандар) деген кітап қазақ ақыны, жыршы Р.Мәзхожаев нұсқасының негізінде жарияланды, сол кітаптың алғы сөзіндегі мақалада зерттеуші М.Ғұмарова әртүрлі нұсқаларды салыстыра келе, Жамбыл жырлаған нұсқаға да ғылыми баға берді [155, 10-б.]. Ғалым С. Садырбаев: «Көрұғлының» Жамбыл жырлаған нұсқасының көркемдік кестесі мен

идеялық сипаты басқа нұсқалардан жоғары тұрады. Әсіресе, жырдың элеуметтік маңызы, бояу-белгілері күрделі», – дейді [62, 131-б.].

Жамбылдың «Көрұғлы» дастанының композициялық құрылысы мынадай бөлімдерден құралады:

– Бозайханның басқыншылық соғыстары;

– Халық өкілі бір кемпірдің ханның қанды жорықтарының жөнсіздігін айтып ұялтып, қырғынды тоқтатуы, ханның кубастығын, баласыздығын бетіне басуы;

Бозайханның бала таппаған он екі әйелінен безініп, кіші уәзірдің он бестегі қызы Гүлжазираны әйелдікке алуы;

– Өсекші байдың жаласымен тазша мен Гүлжазираның өлтірілуі;

– Ханның қойшысы Қаракөз бағып жүрген отардағы кемпірдің кара тоқал ешкісін көрден шыққан баланың еміп жүргенінің анықталуы;

– Гүлжазираның моласынан шығып жүрген баланы ұстау әрекеттері: кемпірдің ойыншықтар жасатуы, балаларды моланың жанына ойнатуы, Құлакасқа батыр бастаған әскерлермен баланың шайқасуы, бәрін жеңуі:

– Дардана батырдың баланы ұстауы;

– Көрден шыққан балаға Көрұғлы есімінің берілуі, Көрұғлының жеті жастан кейін ғана үйренісіп, адамдарға қосылуы.

«Терме» журнал-альманағының /1925/ Жамбыл туралы берілген тұңғыш мағлұматында: «Көрұғлы» дастанын Жамбыл 15 күн жырлаған», – деген екен [62, 131-б.].

Жамбылдың «Көрұғлы» дастанының тақырыптық-идеялық мазмұнынан бейбіт халықтарды жазықсыз қырған басқыншылық соғыстарды жүргізген, карауындағы халқын қатігездікпен күйзелткен озбыр, жауыз билеушілерді айыптайтын ақынның азаматтық-сыншылдық ойларын танимыз. Бозайхан, оның бас уәзірі Гүлжазираның әкесі – кіші уәзір, Құлакасқа батыр, тазшаларға жала жауып оларды өлтірткен байлар – бәрі де әділетсіздіктің өкілдері. Дастандағы халық өкілдері /ханның қойшысы Қаракөз, қырық ұлы бар кемпір және оның батыр ұлы Дардана/ де Жамбыл ақынның реалистік ойлармен ерліп жырланады. Дастанның композициялық құрылысын

құрап тұрған негізгі желі – адамзаттың ұрпақ жалғастығын, артында калар перзенті болуын тілейтін ататектік мұраты.

Түркі, парсы т.б. халықтардың арасында алуан түрлі нұсқалары сақталып, жырланып келе жатқан «Көрұғлы» дастанының Жамбыл нұсқасы – үлкен шығарманың алғашқы бөлімі. Яғни, Көрұғлы сұлтанның хандық таққа отырып, туған елін қорғаған ерліктері, оның туыстарының, балаларының жауынгерлік-батырлық істері және т.б. оқиғалар дастанның келесі бөлімдерінде жырланады. Өкінішке орай, Жамбылдың «Көрұғлы» дастанының толық нұсқасы әзір табылған жоқ.

«Көрұғлы» дастанының Жамбыл жырлаған нұсқасы арқылы ақынның түркі халықтарының ежелгі наным-сенімдерімен мол хабардар екенін аңғарамыз. Дастандағы баланың көрде туылуы, көрдегі ана тіршілігінің тоқтамауы, яғни баланы емізуі, қолдаушы аруақтардың жүруі – бәрі де фәнилік дүние мәңгілігін ойлаған Қорқыт Ата дүниетанымымен сабақтасады. Жамбыл түркілік наным-сенімді реалистік өмір мазмұнына ұштастыра отырып, жақсылық пен жамандықтың майдандасуында өмір жалғастығы заңдылығының жеңісін дәріптейді.

Жамбылдың жыршы ақындығын әлемдік әдеби дамуға ұштастыратын осы шығармасы арқылы оның өткен тарихты, аңызды көркемдік жинақтаумен жырлағанын танимыз.

«Бак, дәулет, ақыл» – қазақ халқының арасына кен тараған ертегілік-аңыздық өлең шығарма. Бұл сюжет, негізінде, Шығыс халықтарының арасында кара сөз түрінде тараған. Зерттеуші С.Садырбаев осы сюжеттің таралуына байланысты мынадай дерек айтады: «Әдетте, қазақ фольклорында насихат, нәзира жанрында айтылатын бұл тектес аңыз-ертекттер, кейде «Ақыл, ғылым, бақыт» деп те аталады, көбінесе кара сөзбен айтылады.

Жамбыл және Жамбыл бастаған Жетісу ақындары Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Шүкітай, Өмірзақ секілді жүйрік ақындар да осы тақырыпта жарыса жырлаған тұстары болған» [93, 308-б.].

Бұл – Жамбылдың халық әдебиетіндегі белгілі сюжеті нәзира әдісімен қайта жырлаған үлгісі. Қазақ сөз өнеріндегі нәзирагөйлік

дәстүрде бұрыннан белгілі сюжеттерді қайталап жырлаудың ауызша да жазбаша да жолдары қалыптасқаны мәлім. Жамбылдың осы сюжетті ауызша жырлаған нұсқасы жазып алынып, ақын мұражайының қолжазба қорында сақталған. Сол нұсқасы ақынның таңдамалы шығармаларының жинақтарында (1982, 1996, 2010 жж.) жарияланып келеді.

Жамбылдың «Бақ, дәулет, ақыл» атты бұл дастанының композициялық құрылысында бірнеше мәселелер өзара сюжеттік сабақтастық жағдайында жырланады: біріншісі – бақ, дәулет, ақыл үшеуінің өздерінің бір-бірінен артықтығын салыстырып пікір таластыруы; екіншісі – дәулет пен бақыттың Мекей есімді нақұрыс, жынды, ақымақ жігітке келіп қонуы; үшіншісі – ұстаған тастары гауһарларға айналған Мекейді Мысырдың Хакім атты саудагерінің бала етіп асырап алуы, кешегі жалшының жынды болса да бүгін бай адамға айналуы; төртіншісі – Хакім байдың баласы Мекейдің патшаның қызына үйленуі, нақұрыс болғандықтан қыздың аузынан теуіп тісін сындыруы; бесіншісі – дарға асылғалы тұрған Мекейді құтқару үшін бақ пен дәулет ақылдан кешірім сұрап, оның артықтығын мойындауы. Өлім жазасы алдында кеудесінде ақыл қонған Мекей тепкен себебін дәйектеп түсіндіріп аман қалады. Патшалық тақ пен тәжге ие болады. Ауызша жыршылық орындаушылықпен жасалған бұл туынды – Жамбылдың әдебиеттегі авторы белгілі туындыға лайықты міндеттерді толық орындағанын дәлелдейтін шығарма. Дастанның басталуындағы сюжеттік байланыста бақ, дәулет, ақыл үшеуінің өзара таласуы нақты пікір сайысы ретінде беріледі. Оқиғаның дамуында ақылдың айтуымен мал, егін өсірген Башар атты жігіттің егінін күзеткен нақұрыс Мекейге бақ, дәулеттің келіп қонғаны баяндалады. Әрине, Мекейдің жүрген жеріндегі жай тастардың гауһар тастарға айналуы – қиял-ғажайыптық ертегілік жағдай. Оқиғаның дамуындағы тартымдылықты күшейте түсу үшін қайрақ тастардың гауһарларға айналуы себебінен керуеннің иесі Хакім саудагердің Мекейді бала қылғысы келуі де нанымды.

Бұл – оқиғаны ауызша айтып, тындап сақтаушы халық көңілінің көрінісі. Жамбыл бұл арада да халықтың наным-сенімдеріндегі

фольклорлық-мифологиялық түсініктерді де қиюластырады. Хакім саудагердің Мекейді бала етіп асырап алғанын жұртқа түсіндіруінен осыны көреміз:

Алып кел сандығымды киім салған,
Бірде олай, бірде бұлай дүние жалған.
Қара етік, қызыл камзол, қамшат бөрік,
Киім жоқ бұл Мекейден аяп қалған.

Мен бір қыз бұл шаһардан алып едім,
Адам боп кетуге күш салып едім.
Бір жылы аяғы ауыр пері әкетіп,
Айрылып күшім келмей қалып едім.

Сол қыздан туған екен осы бала,
Қаңғырған кезіп, іздеп айдалада.
Қолынан перілердің қашып шығып
Дәм айдап кез келтірді осы араға [96, 268-269-б.б.].

Дастан оқиғасының шиеленісті жері – Хакім байдың баласы Мекейдің Мысырдағы ешбір қызды ұнатпауы, тек ғана патшаның қызына ғана үйленгісі келуі. Оқиғаның шарықтау шегінде ақыры патшаның қызына үйленген ол онаша қалғанда сол қалыңдығына карамайды да тіпті ауызынан теуіп тісін сындырады. Ақын осының бәрін өмірдің реалистік шындығы дәрежесіне жеткізе жырлайды.

Әдебиеттің тәрбиелік-эстетикалық тағылымы – адамдар ортасындағы қарым-қатынастардың ақылға, парасатқа ғана тәуелділігін дәлелдеу. Сондықтан, Жамбылдың дастанында адам атаулының бәрінің де бақ пен дәулетке ие болуының баяндылығы тек ғана ақылдың арқасында ғана орындалатындығы дүниетанымдық кеңістік аясында көркемдік шешіммен жырланады. Дастанның сюжеттік шешіміндегі басына ақыл қонған Мекейдің патшаның қызына күйеуі ретінде не себепті карамағаны, аузына теуіп тістерін

сындырғаны кейіпкердің сөзі арқылы өте дәлелді, нанымды түсіндіріледі:

«Ей, таксыр, өлтірсеңіз міне, басым!
Дер уақыт осы күнде келген жасым.
Мен тептім балаңыздың ауызына,
Айтайын тепкенімнің хикаясын.

Дүниеге бұл балаңыз келген екен,
Бұрын да сан баланыз өлген екен
Рәсім, ырым қылып «Өлмесін», - деп,
Әуелде ит емшегін берген екен.

«Ағалар, мен айтайын кепті – дейді
Майда тіл Мекен болды епті дейді.
Аузынан арам тиген қан шықсын, - деп
Ойға сап, сонын үшін тептім», – дейді.

«Екінші сөзім мынау ойыма алған,
Ей, патша, қызықтырды сізді жалған,
Заңына шариғаттың жатпайтын іс,
Жарай ма, жүз пұт гауһар меһер алған?

Үшінші, сөзім арты бітсін тамам,
Айырар ақ-қараны сіздей адам.
Қайтіп бір надандарша түк білмейтін,
Некесіз қызынды әкеп бердің маған.

Алдыңа кез болыппын бүгінге дәл,
Хакімнің шарбағында мен жалғыз гүл.
Өлім халге таянған соң сөзімді айттым.
Жә, өлтір, жә өлтірме өзіңіз біл!» [96, 275-276-б.б.].

Ақын халықтық тәлім-тәрбиенің насихатшысы. Жамбылдың халық арасында ежелден айтылып келе жатқан осы оқиғаны өлеңмен жырлауында адамгершілік тәрбиесімен ұрпақтарға өнеге-өсиет айту міндеті танылады. Ақыл-адамзатты табиғаттағы басқа тіршілік иелерінен даралап танытып тұрған айрықша сапалық қасиет. Дастанның композициялық құрылымындағы ақындық ой желісі сюжеттік элементтерді біртұтас мазмұндық шешімге әкеледі. Ал, автор басты кейіпкерге ақыл қонғасын ғана бақтың, дәулеттің арқасында келген байлыққа, отбасылық бақытқа, биік мансапка мәңгілік иеленгенін айтады. Бұл – дастан оқиғасына берілген авторлық түйін, қорытынды. Сонымен қатар, бұл әдеби шығарма арқылы адамзат тәрбиесіне арналған тәлім-тәрбиелік ұлағат сөзі:

Ел жиып, патша сонда той қылдырды
Атағын, патшалығын, әм білдірді.
Мексейге патша беріп, тәж бен тақты,
Патшалық қағазына қол қойылды...

Екі бай Мекке жакқа жүріп кетті.
Мал-мүлкін екеуіне тастап кетті.
Бақ, дәулет, ақылменен таласса да,
Ақырында екеуінен Ақыл озды.

«Ал, жігіттер бұл сөздің шешуін тап,
Бай болғанмен не боларсың, болсаң ақымақ.
Ақымаққа мал бітсе мас болады,
Ақылсыз түк бітірмес, мал менен бақ» [96, 276-277-б.б.].

Демек, бұл дастан – Жамбыл жыршылығының халық өмірінен өнеге алғандығын дәлелдейтін шығарма. Халықтың ғасырлар бойы тәлім-тәрбиелік мақсатта айтылып келген ауызекі әңгімелерін дастандық шығармаға айналдыра жырлаған ақынның да тәрбиелік ұлағат жолын көреміз.

Жамбыл шығармашылығын жаңаша көзқараспен талдауда қайта қарастырылатын шығармалардың бірі – «Өтеген батыр» дастаны. Бұл дастан тұңғыш рет 1937 жылы жарияланған. Орысша аудармалық нұсқамалары «Литературный Казахстан» (1937 ж., шілде-тамыз), «Красная Новь» (1937 ж., 12) журналдарында жарық көрген.

Жамбыл жырлаған бұл дастан оның жыршы ақындығының жемісі. Жамбылға дейін Күсеп, оның баласы Арын, одан үйреніп Сүйінбай ақын жырлаған. Әулеттік жыршылық дәстүр жалғастығына арқау болған бұл тақырыпты Майкөт, Тілеміс ақындар да жырлаған.

Қазіргі егемен мемлекет Қазақ елінің тарихын қайта карауда 1999 жылы Өтеген Өтеғұлұлы (1699-1733) батырдың туғанына 300 жыл толуы республикалық дәрежеде атап өтілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіндегі М.О.Әуезов дәрісханасында 1999 жылы 23 қыркүйекте ғылыми мәслихат, 25 қыркүйекте Жамбыл облысының Қордай ауданында той салтанаты өткізілді.

Өтеген Өтеғұлұлы – халық арасында «Мүйізді Өтеген» атымен аңыздық тұлғаға айналған батыр. Батырлық және қайраткерлік, әулиелік қасиеттері тұтасқан тұлғаларға халықтың шындық пен мифологиялық бейнелеу қасиеттерді, атақтарды беретіні мәлім. Мысалы, Александр Македонскийді «Қос мүйізді Ескендір» атымен аңызға айналдыру – халық қиялының жемісі. Өтеген Шу бойындағы Хантау маңайындағы Изенді деген мекенде дүниеге келген. XVIII ғасырда Жоңғар қалмақтарының басқыншылық жорықтарынан қазақ жерін азат етуге қатысады.

Қазіргі жаңа деректер бойынша мынадай соғыстарға қатысқаны айтылады: «Батырлық бабына қалыптасқан ол XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің түстігін, Жетісу жерін жаудан азат етуге зор еңбек сіңірген. Түркістан, Ташкент маңындағы кескілескен қанды ұрыстарға, Анырақай шайқасына қатысқан. Қалмақтың Ботхишар, Сабан, Тайшық, Шарыш секілді атышулы батырларын жекпе-жекте жер жастандырып, батыр атағы шыққан. Кейіннен қазақ әскерінің данқты қолбасшыларының біріне айналған. Төле бидің, Абылай ханның сенімді серігі болған...

...Хатқа түскен деректерге карағанда Өтегеннің атасы Сырымбет батыр Салкам Жәңгірдің Орбұлақтағы шайқасына қатысқан 600 сарбаздың бірі көрінеді» [156]. Профессор Ж.Дәдебаевтың «Өтеген батыр туралы сөз» [157] мақаласында да тарихи шындыққа ғылыми баға берілген.

Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны – ауызша жыршылық өнерінің нәтижесі. Дастанға арқау болған Өтеген батыр туралы жоғарыда аталған ақындардың әрқайсысының дербес нұсқаларының стильдік, композициялық, көркемдік шешім жақтарынан өзгешеліктері болатыны белгілі. Ал, Жамбылдың өзі де бұл тақырыпты бірнеше нұсқада жырлаған. Жыршы ақын Жамбыл Өтеген Өтеғұлұлының тарихтағы болған оқиғаларына байланысты калпын емес, өзіндік ақындық қиял желісіне ерік бере отырып жырлайды. Өтегеннің бейнеленуінде Шығыстағы Александр Македонскийді (Ескендір Зұлқарнайын) мифологиялық тұлғаға айналдыра жырлау дәстүрін жаңғырта қолданады. Өтегеннің бейнесі ертегілік бейнеде суреттеледі:

Тіктеп біткен маңайдан,
Жан еді қос мүйізді...
Тіктеп біткен қос мүйіз
Батырлықтың белгісі ед [96, 169-б.].

1937 жылғы нұсқасында да осылайша бейнелеу жанаша оралымдармен беріліпті:

Түннің желі бесік боп,
Тербеткен бөбек уызды.
Қасара біткен маңайдан
Жан еді қос мүйізді... [130, 162-б.].

Жамбыл шығармашылығын қазіргі кезеңнің жаңа көзқарастары деңгейінде бағалау мақсатында біз «Өтеген батыр» дастанының тақырыптық-идеялық мұратын айқындай аламыз. Ол Қазақ елінің мәңгілік бақытты, молшылық тұрмысын, жайлы қонысын іздеген

азаматтық мұрат. Бұл – дастан оқиғаларының тарихилық мазмұнын айқындайтын ерекшелік. Жамбылдың жыршы акындық дүниетанымы – таптық көзқарастардың бір жақты қалпынан да жоғары кеңістік. Ол халықтың дербес мемлекеттік мекені, кең-байтық кеңістігі болуына негізделген көзқарас. Себебі, Жамбылдың Өтеген батырға арналған барлық нұсқалары да оның Жиделібайсын атты жайлы қонысты іздеу сапарын арқау етеді. Барлық нұсқаларда да Ресей патшалығының қазақ даласын мәңгілікке иеленуге, құлдыққа салуға арналған отаршылдық саясатының зиянды зардаптарына тарихи баға беріледі. Мысалы, 1937 жылы нұсқада Ресей патшалығының XVIII ғасырдан бастап қазақ даласына еркіндей еніп, біртіндеп билеп-төстеуге көше бастағаны тарихи деректілікпен жырланады:

Он сегізінші ғасырда,
Далада қырдың басында.
Ақ жағалы, жез топшы,
Патша жорық ашуда.
Дүре соғып дүрілдеп,
Бүлдірген елді біріндеп.
Атуға да асуға.
Көшпелі елді қырғандай,
Бұзып, қырып өртеді.
Ол күн қара борандай,
Болып кетті ертегі.
Еміренген дала күңіреніп,
Жайлаулар да, таулар да,
Жетісу бойы тебіреніп,
Қуырылған патша хандарға [96, 170-б.].

Жамбылдың XVIII ғасырдан басталып XIX ғасырдың аяғына дейін ұласқан Ресей империясы отаршылдық шырмауын дәл таныған сыншыл реалистік көзқарасын осы дастандағы ойларынан анық аңғарамыз. Халықтың мекендеген қонысынан айрылуы сынды қауіп төніп тұрғанын болжаған Өтегеннің аузымен айтылатын сөздер – XIX

ғасырдағы зар заман ағымындағы ақындардың ойларымен толық үндесетін сарын. Өтегеннің болжамы арқылы патшаның тәртібіне бас иген хандардың әрекеттері – тарихи шындық:

Жұрттан бұрын ол сезді,
Қайғыға халық түсерін.
Патша алдына бас иіп,
Хандардың ант ішерін.
Өтеген сезді хандардың
Арам пасық ниеттерін,
Халықты сатып, патшанын
Киерін шенін, шекпенін [96, 171-б.].

Қазақ сөз өнері тарихындағы жыраулардың, ақындардың жайлы қоныс іздеу туралы жырлауы – дәстүрлі жағдай. XV ғасырдағы Асан Қайғының Жәнібек ханға жайлы қоныс іздеу туралы айтқаны да осы Өтеген батырдың аузынан айтылатын қоныстың болашағы хақындағы сөздермен үндеседі. Асан Қайғы да қазақ елінің қоныс тағдырын реалистік таныммен бейнелеген еді:

Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?! [99, 24-б.].

Кең даласының оңтүстік шығыс жағына аттанған Өтеген Пекинге дейін жақындап, Қытай жаққа жақын маңайдың қазақ үшін жайлы қоныс болмайтынын көреді. Күні ыстық, өліп-өшіп тіршілік үшін арпалысы, азапты «Адамы көп, жері тар» Қытай жақтағы өлкенің қазаққа жайлы қоныс бола алмайтынын көрген Өтеген енді солтүстікке сапар шегеді. Өтеген бастаған топ Қазақ пен Ресей жерлерінің шектесетін аймаққа жетеді. Бұл Алтын Орда мемлекетінің ежелгі қоныстарын Ресейдің біртіндеп иеленіп жатқан кезі еді. Жазушы-тарихшы ғалым М.Мағауин осы кезеңнің тарихи

келбетін нақты деректер тілімен елестетеді: «Қазан хандығы құлағаннан соң, Хажы-Тархан алынып, Ноғай Ордасы ыдырағаннан соң мол байлыққа кенелген, араны ашыла түскен Ресей империясы шығысқа қарай тоқтаусыз жылжып, ұзына созылған Орал тауына бірақ жетеді. Еділдің басынан аяғына дейін кеме тартып, Каспий теңізі арқылы Иранға, Орта Азияға барыс-келіске жол ашылады. Енді бүкіл Азияның қақпасы болып қалған қазақ даласы арқылы бір жағы Ауған мен Бұқарға, бір жағы Қорасан мен Үндістанға керуен тартуға мүмкіндік туады. Бірақ бейбіт қатынас, сауда-саттық емес, тартып алу, тонап алу арқылы ғана байлыққа жетуді мұрат еткен жыртқыш империя ең онай, ең тиімді тәсіл ретінде жаулаушылық жолын таңдайды» [158, 144-б.].

Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр» дастанында Қазақ тарихындағы осы кезеннің шындығы дастан оқиғаларындағы реалистік жағдайлардың деректілік сипаты ретінде ұсынылады:

Ереуіл ерлер ерегісіп,
Жетті жортып Еділге.
Өртеніп күн батқан кез,
Қан толқынды Еділде.
Көңілсіз Еділ бойлары,
Ерлері құп алмады.
Тұнжыраңқы аймағы,
Жабырқаңқы жан-жағы.
Ол кез Ресей патшасы,
Еділге бұғау салғаны.
Сезілді езіп зарлатқан.
Салғаны елге найзаны.
Осыдан бастап патшаның,
Тігілді орда іргесі.
Көшпелі қазақ еліне,
Ол орда болды түрмесі.
Арандайын ашылды,
Қорқау патша құлқыны.

Қызды күн ғып зарлатып,
Айдап алды жылқыны [96, 174-б.].

Дастанның тарихилық жақтарын айқындай түсетін тағы бір ерекшелік – географиялық жер-су атуларының мол келтірілетіні. Мысалы, Жетісу, Ақтөбе, Еділ, Шығыс Түрікістан (Қытай жақ), Пекин, Жиделібайсын және т.б.

Жамбылдың жыршы ақындығы – қазақ әдебиеті тарихындағы Қорқыт ата, Асан Қайғы сынды тұлғалардың жырлау дәстүрінің жалғасы. Қорқыттың дүниенің төрт жағына аттанып, мәңгілік өмір тұрағын, Асан Қайғының Желмаяға кетіп, қазақ даласын шарлап Жерұйықты, Өтегеннің Жиделібайсынды іздеуі бәрі де түркі халықтары тарихындағы белгілі оқиғалар. Ал, біздің ұлттық тарихымыздағы осындай қайраткерлеріміздің шындық пен қиялды ұштастырған ойшылдық істері әлем тарихындағы осыған ұқсас жағдайлармен толық үндеседі. Платонның, Сократтың, Аристотельдің, Қорқыт Атаның, Асан Қайғының, Әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның, Томас Мордың, Генри Сен-Симонның, Оуэннің, К.Маркстің, Ф.Энгельстің және т.б. ойшыл ғалымдардың армандап, жазып, мәңгілік бақыт тұрағын, жайлы қоғамды іздеуі – аталған дала ойшылдарының көзқарастарымен де үндеседі. Мұсылман дінінің ғарыштық тіршілікті мәңгілік өмір қалпында бағалап, оны фәнилік және бакилық екі бөлімге бөліп қарауы – әлемдік ойлау жүйесіндегі барлық болжамдарға ортақ заңдылықтарға негіз болатын таным жүйесі. Яғни, фәнидегі жақсылық пен жамандық жолы бақидағы жұмақ пен тозаққа апаратыны – ғарыштық тіршілік жалғастығының диалектикалық заңдылығы. Сондықтан, Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр» дастанындағы зұлымдықтан аулақтау, қорғану үшін қоныс іздеу жолы – жалпыадамзаттық гуманистік – ойшылдық дәстүрімен де сабақтасады. Демек, Жамбыл – адамзаттың ойшылдық гуманистік дәстүрімен үндесетін ұлы ақын.

Жамбыл – түркі халықтары тарихындағы болжағыш, сәуегейлік қасиеті бар бақсылық, жыраулық өнер дәстүріндегі жыршы-ақын. «Өтеген батыр» дастанының 1937 жылғы нұсқасы батырдың

Жиделібайсын қонысын тауып, оның жылқыдан түліктің бәріне, адамдарға жайлы екенін білген, таныған сәтімен аяқталады. Ал, «Өтеген батыр» дастанының 4-нұсқасында Жиделібайсынды тапқаннан кейін еліне келіп сол жерге көшуге халқын үгіттегені жырланады. Өтегеннің халқын үгіттеу сөзін Жамбыл акын өзінің болжағыштық көзқарастарымен бейнелейді. Жиделібайсын қонысын тапқан батыр соған көшу арқылы қазаққа тыныс болатын жағдай шындығын жұртты сендіре айтады.

Ал, бұл жерден көшпеген жағдайда атамекен қоныстардың барлығын да орыс деген халықтың иеленетіні болжалды түрде жырланады:

Әгерде айтқаныма көнбесеңдер,
Бұл жерді ақырында алар орыс,
Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,
Бір жерде бекер қарап тұрмайды тек.
Келеді осы күнде жерді қаптап,
Өзінің қайрат-күші айласы көп.
Сол келіп шұрайлы жерінді алар,
Қаратып тегісімен елінді алар.
Көнбесең басың түгіл, тілің кесіп,
Аузында сөйлеп тұрған сөзінді алар.
Жайылған өрістегі малыңды алар,
Басың байлап, аяғыңа тұсау салар.
Әгерде оныменен қарсы келсең,
Бір шыбындай тәніндегі жаныңды алар [159].

Жамбылдың жыршылығы – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімдеріне негізделген өнер. «Өтеген батыр» дастанында жайлы қоныс іздеу сапарында кездесетін айдаһар, әбжылан – зұлымдық күштерімен бетпе-бет келгенде ізгілік жолы жеңетінін дәлелдеу үшін алынған шартты бейнелер. Айдаһар мен әбжыланның шайқасында Өтегеннің әбжыланды атып өлтіруі табиғаттағы тіршілік иелерінің бірде қақтығысуы, бірде тіл табысуы,

түсінісуі мәселесіне арналған ақын ойының шешімі. Ал, әбжылан жүрегін шағып әлсіреген, сол әбжыланды атып өлтірген Өтегеннің достық көмегін көрген айдаһардың сары құмандай алтын сыйлағаны – бәрі де ақындық қиял жемісі. Бұл арада зерттеуші С.Қондыбаевтың пікіріне де назар аударуға тура келеді: «...қазақ мифологиясындағы жылан-айдаһар – тотем, ата-баба рухы, аруак, көмекші образы» [160, 12-б.]. Түнделетіп Өтеген мен жанындағы жігіттерді арбап, сұлу қыздардың кейпіне еніп келіп жүрген жезтырнақтарды батырдың атып өлтіргені де Жамбылдың қиялынан туған оқиғалар. Айдаһар, әбжылан, жезтырнақ – бұлар түркілік наным-сенімдерден қалған бейнелілік тұлғалары. Ал, дастанда кездесетін Ғайып-Ерен мұсылмандарды желеп-жебеуші әулие. Ол – үлкен мақсат жолындағы адамдарды үнемі желеп-жебеп, жақсылық жолындағы алдағы болашақ істеріне бағыт-бағдарлы ақыл беретін ақылгөй.

Халықтың тұрмыстық-салттық, этнографиялық тіршілік мазмұнында Ғайып-Ерен мен жанындағы қырық шілтен, Қыдыр әулие. Баба түкті Шашты Әзиз есімдері үнемі аталады. Бұлар көп жасаған қария қалпында танылады. Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанында да халық ұғымындағы дәстүрлі тұлғалық бейнелеулермен суреттеледі:

Аппак қудай сақалды,
Жарқыратып ақ басын.
Үйдің жары жақпардай,
Қырау шалған ақ кардай... [96, 184-б.].

Халқына жайлы қоныс Жиделібайсынды іздеп жүрген Өтегеннің мақсатын, мұратын өз аузынан мұқият тыңдаған Ғайып-Ерен бағдарлы бата береді. Бата – халықтық қарым-қатынас мәдениеті тарихындағы аса қасиетті тілек. Он батаға, тілекке ие болатын әрбір адам бақытты күндерге жетеді, мақсаттары орындалады. Ғайып-Ереннің Өтегенге берген батасы батырдың тұлғасын бағалау және мақсатты жолынан адаспау үшін берілген бағдарлы сөз:

Жолың болсын Өтеген!
«Сен мұзбалак қырансын.
Түйілетін төтеден,
Алтайы жүйрік маралдай,
Қашсан құтылып, қуғанға,
Қас қаққанша жетеген.
Алдында сенің майдан бар,
Оған айтар айлаң бар:
Түнде барма үйіңе,
Күндіз барсаң жайдан бар.
Жұмыста да соғыста,
Ақылыңды ашу қыспасын,
Ашушаң болсаң, сол қолын,
Оң қолыңды ұстасын! [96, 185-б.].

Өтеген батыр», – Жамбылдың ауызша жыршылық және суырып салма өнерінің тоғысқан туындыларының бірі. Сондықтан, дәстүрлі жыршылық өнер табиғатына тән мынадай ерекшеліктер де байқалады: ақынның бұл жырдың халықтың аузында айтылып келе жатқан шығарма екендігін, соны өзінше жаңғырта жырлаушы міндетін ескертуі; Өтегеннің өсуі, есеюі, батырлық іс-әрекеттерінде, қиял-ғажайыптық сипаттардың өріле жырлануы, (айдаһармен, әбжыланмен, жезтырнақпен кездесуі, олармен сөйлесетіні, жорық сапарындағы үлкен қашықтықтарды өте жылдам қарқынмен шолып үлгеруі, т.б.).

Кейіпкерлердің іс-әрекеттері кейде батырлық эпостың жырлау мәнеріндегі дәстүрлі тармақтар секілді өріледі:

Өтеген сонда баптана,
Қаруланып қаттана
Тұлыптан түгі шықты да
Тұлпарының қос көзін,
Бір қолымен жапты да,
Шамырқанып, шамданып,
Соғысуға қамданып,

Қос тізгінін жай тартты.
Айдаһарға шүйіліп,
Сөйлетті-дағы тіл қатты [96, 178-179-б.б.].

Жыршылық – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сөз өнері мұраларындағы тіркестерді қолдануға сүйенетін өнер. Ал, Жамбыл дайын үлгілерді жаттап ғана қайталаушы емес, ол – туындыгер жыршы-ақын. Сондықтан, ол үлкен оқиғалы шығармаларды өзіндік сөз қолданыстарымен жырлағанда авторлық жана мәнермен, сөз оралымдарымен құлпырта жаңғыртқан.

Дастан – Жамбылдың жыршы ақындық өнерінің көркемдік сипаттарын біршама жақсы танытатын туынды. Жыршы-ақын бейнелілік қолданыстары арқылы дастандағы табиғат көріністерін, кейіпкерлердің тұлғаларын, іс-әрекеттерін, көңіл-күй әуендерін – бәрін де көркемдік талаптар тұрғысынан жырлаған. Мысалы, кейіпкерлерді сыртқы пішін және ішкі әлемі тұрғысынан бейнелеуде баламалау, құбылту, тенеу сөздер тіркестерінің өлең тармақтарындағы түйдек-түйдек қолданыстарына кездесеміз. Мысалы, Өтеген батырдың ержету, есею жылдарындағы келбетін айқындау (эпитет), тенеу, ауыстыру (метафора) түріндегі сөздердің тіркесті тармақтары арқылы көркем, әсерлі бейнелілікпен жырлайды:

Жеңілмес жалын боп өскен,
Ақылға, күшке, болжауға.
Таратқан сымдай тал бойы,
Ұқсаған тағы құлжаға.
Өсті батыр тұлғалы.
Жолбарыстай қарулы.
Қырандайын қырағы.
Арыстандай айбарлы.
Жүз кісінің ішінде.
Ол бір жүрген дөрегей,
Бір өзі батпан бірегей [96, 169-170-б.б.].

Дастанның сюжеттік желісіндегі оқиғалардың кейбір аса әсерлі жерлерін тыңдаушылардың көз алдына елестетуде психологиялық ықпалы қуатты қимыл-қозғалыстарды, іс-әрекеттерді көркемдік бояулары қанық сөздермен өрнектей суреттейді:

Ысқырғанда айдаһар,
Тізге бүкті жас тұлпар.
Өтеген батыр айкасты,
Өртенген желдей дем алып,
Айдаһар мың бұралып,
Ауыздан жалын от шашты.
Қозғалған таудай қалтырап,
Найзағайдай жарқырап,
Толқындайын тауланып,
Қомданды жылан қос басты.
Шұбарлана шабынып,
Күн көзіне шағылып.
Шылтырап әйнек қос көзі,
Шатынады жарылып,
Шатыната жартасты [96, 178-б.].

Бейнелілік – жыршы ақындар шығармаларының көркемдік тілі. Көркемдік қолданыстар қалың жұртшылықтың тыңдаушылық қалпына қарата бетпе-бет орындаушылық кезінде түйдек-түйдек төгілуі арқылы адамдардың сөз өнерінің қуатына арналған ықыласын тереңдете түседі. Профессор С.Негимовтің осы орайда айтқан пікіріне толық қосыламыз: «Жамбыл дастандарының тіліне зер салар болсақ, сөздің бояу-нақыштары, сап таза күмістей сынғырлаған өлең жолдарының сыртқы сымбаты, көркемдік сапасы, өрнекті ойлары дарқан дарынның өнерпаздық болмысын анық айқын танытады» [79, 116-б.].

2. Жамбылдың жыршы ақындық өнеріндегі мол теңеулер қолданысы

Жамбылдың жыршы ақындық өнері – халық тілінің көркемдік-эстетикалық дәстүрлерінің көрінісі. Ақынның айқындау, теңеу, ауыстыру, кейіптеу т.б. үлгілеріндегі көркем сөздерін жіктеп қарасақ, оларды молынан кездестіреміз.

Жамбылдың жыршылық өнерінде теңеулер мол қолданылады. Мысалы, «Өтеген батыр» дастанында мынадай теңеулер шоғыры бар: «арықтай аққан аралы», «жолбарыстай қарулы», «қырандайын қырағы», «арыстандай айбарлы», «ол күн қара борандай», «тартқан сымдай тал бойы», «саз балшықтай тасты езіп, ақ бұлттайын алысқа», «ұлтарақтай өлкесі», «арандайын ашылды», «жел аударған қаңбақтай», «құстай ұшып ұшқыр ой», «Қорқыттай-ақ қаңғырдым», «құлындай сұлу айқын ай», «қоңырсып киіз жанғандай», «нар тарпыған шыбындай», «өртеген желдей», «қозғалған тайдай», «найзағайдай жарқырап», «толқындайын тауланып», «шалқардай шалқып қайнаған», «күркіреген күндей-ақ», «тауда безген құлжадай», «аппақ қудай сақалды», «үйдің жары жақпардай, қырау шалған ақ қардай», «алтайы жүйрік маралдай», «тал бойы талдай бұралып», «сары құмандай алтын», «аш бөрідей жалаңған», «Шолпандай туған тандағы», «беті қызыл алмадай», «қара шашы құндыздай, көздері жанған жұлдыздай», «өздері аппақ қудай-ақ, күлкісі сылдыр судай-ақ», «шыннан шыққан шынардай», «ақ мақтасы күмістей, жері кілем пүліштей», «ту тушадай қояны», «қырандай ірі торғайы», «ешкілері жылқыдай», «ылағы бағлан тоқтыдай», «меруерттей суы», «балапандай талпына» және т.б.

Жыршы ақын «Сұраншы батыр» дастанында да осындай дәстүрдегі теңеулерді қолдана жырлаған. Мысалы:

Жылға құйған теңіздей,
Жырдың селі қорланып,
Ақ семсердей жалтылдап,
Шағылысқан күн шалып,

Құрағындай айдынның,
Жел шайқаған ырғалып [96, 195-б.].

Бұл – жыршы ақындық шабыт қуатын бейнелеудегі әсерлі тармақтар. Жыршылық өнердің қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында сақталған дәстүрі әлемдік мәдениет тарихының ғажайып қазынасы. Айға жуық уақыт жырлайтын жыршылық өнер мазмұнының уақыттық кеңістігі – Жамбылдың түркі халықтары тарихындағы шығармашылық даралығының көрінісі.

Жыршылық-ақындық өнерінің елінің рухани талабын, тілегін қанағаттандырған қуатын танытқан Жамбыл осы «Сұраншы батыр» дастанының кіріспе бөлімінде тенеулердің түйдек-түйдек тіркестерін қолдана өрнектей жырлайды:

Кесегімен қопарып,
Таусылмастай кен болып,
Үздіксіз болған он күн той,
Тындағанда ел болып,
Ақ бидай терген тауықтай,
Елге жырым жем болып...
Өзен деген ат болмас,
Ат жалдарлық су ақпай.
Ғалым деген ат болмас,
Айтқаны тұрмай шырақтай.
Өнші деген ат болмас,
Өуезі көңіл жұбатпай!
Ақын деген ат болмас,
Қандырмай мейір суаттай.
Жыры болмай бұлақтай,
Тұнығы болмай сынаптай,
Алатаудан арындап,
Асқан судай құлатпай,
Алабұртқан көңілдің
Қытығын таппай сұратпай.

Досын болса күлдіріп,
Сүйсіндіріп жұбатпай
Жауын болса, бүлдіріп
Домбыран – берен, жырын – оқ,
Дәл тигізіп сұлатпай.
Домбырасы шіңкілдеп,
Жағына сөйлеп күнкілдеп,
Айтқан өлең өлең бе,
Бақылдаған лактай?! [96, 195-196-б.б.]

Жамбылдың жыршылығы – қазақ сөздерінің көңіл-күйдің белгілі бір тақырыптың мақсатына қолданылуында бейнелі өрімдерді түйдектете айтумен ерекшеленетін өнер. Бейнелі сөздерді қолдануда қазақтың тұрмыстық-салттық дәстүрлерімен сабақтасатын ұлттық сипат айқын байқалады. Мысалы:

Қиядан шауып, қырды алған,
Қиынға шауып, жол салған.
Бөрі басқан бүркіттей,
Қансыратып жауды алған
Батырдың жыры сүйікті,
Қатықтай ұйып тыңдалған [96, 196-б.].

Кейде адамның айбатты, сесті қалпын әртүрлі құбылыстарды тізбектей айту арқылы да суреттейді. «Сұраншы батыр» дастанында соғыс кимылдары, ұрыс кезінің суреттері теңеулердің алуан түрі үлгілерімен бейнеленеді. Мысалы:

1) Теңізден тұрған желдейін,
Күтірлеп кеткен сендейін.
Жалын шашқан таудайын [96, 211-б.]

2) Ағын судай тасынып
Ашулы көзі жалтылдап,

- 3) Астыңғы ернін тістенді,
Қорғасын құйған құрыштай [96, 213-б.].
- 4) Қойдай үркіп, қол қашты,
Бөгетін алған өзендей
Аз ғана сарбаз лап қойды...
... Нажағайдай шартылдап,
Бұлт отындай жаркылдап
Бұркылдаған берендей,
Түтінге қосты түтінді
Астына мінген Ақтұяқ,
Тоздырып тозан бұрқырап,
Атқан октай жұтынды.
Аш қасқырдай батырдан,
Қай жау қашып құтылды?! [96, 214-215-б.б.].
... Елге келген бүлікті
Дауылдай тиіп айдады [96, 216-217-б.б.].
- 5) Ақ тұяқтың үстінде
Аш қасқырдай бүгіліп...
Қиядан шалған қырандай
Күн астына үніліп... [96, 220-б.].
Жұлдыздай атын ағызып [96, 221-б.].
- 6) Қасқыр көрген күшіктей,
Хан жалтақтап қарады [96, 222-б.].
- 7) Жел аударған қаңбақтай,
Су аударған дөнбектей [96, 223-б.].
- 8) Белі үзілген күзендей,
Бетін баса бүктелді [96, 225-б.].

Кейде ұнамды кейіпкердің киналған сәтімен орайлас жанама кейіпкерлердің жан-жүйелік сілкіністері де теңеулер шоғырымен беріледі. Мысалы, «Сұраншы батыр» дастанындағы батырдың жараланған қалпын сезінген тұлпарының да сезінген жағдайын жыршы акын әсерлі бейнелейді:

Сұраншыдан әл кетті,
Соны сезіп Ақтұяқ,
Жан-жағына қарады.
Жал-құйрығын тарады.
Оң аяғын тарпыды.
Ортекедей ойнақтап,
Көк жайындай бұлқынды
Арыстандай жұлқынды [96, 226-б.].

Қырымнан шалған қырандай,
Келген батыр бабына [96, 227-б.].

